Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 378.013.42(043.3) Қолжазба құқығында

САНБАЕВА БАЛЫМ ЖАЛҒАСҚЫЗЫ

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі

8D01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
PhD, аға оқытушы
Есенова К.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Гази университетінің
профессоры Yucel Gelisli
(Түркия, Анкара қаласы)

Қазақстан
Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ:

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 5
КІРІСПЕ 6
1 ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ УНИВЕРСИТЕТТІК ОРТАҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 19
1.1 Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу ұғымдарының философиялық, психологиялық, педагогикалық білімдер жүйесінде зерделенуі 19
1.2 Жоғары оқу орнындағы әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін зерттеудің библиометриялық талдауы 40
1.3 Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің әдіснамалық тұғырлары 51
Бірінші бөлім бойынша тұжырым 69
2 ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ УНИВЕРСИТЕТТІК ОРТАҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ ҮДЕРІСІН МОДЕЛЬДЕУ 71
2.1 Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне салыстырмалы талдау 71
2.2 Қазақстандық студенттердің Түркия университеттеріндегі әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету (GAZI университетті мысалында) 82
2.3 Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі 99
Екінші бөлім бойынша тұжырым 116
3 ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС 118
3.1 Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің зерттеу әдістемесі 118
3.2 Университеттік ортада шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың барысы 137
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері 148
Үшінші бөлім бойынша тұжырым 164
ҚОРЫТЫНДЫ 165
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 169
ҚОСЫМШАЛАР 181

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. республикалық референдумда қабылданған (соңғы өзгерістер мен толықтыруларымен)// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K95000100

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., № 319-III (қолданыстағы соңғы редакциясы, 2025-2026 жж. енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен)// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы (2024, 2025 жж. енгізілген өзгерістермен) // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы (Жоғары білім беру стандарты ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 4 наурыздағы № 90 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген) // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы (2024 жылғы 14 маусымдағы № 471 қаулысымен енгізілген өзгерістермен)// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Бейімделу - тұлғаның жаңа әлеуметтік, мәдени, білім беру және кәсіби орта жағдайларына біртіндеп енуі барысында оның ішкі психологиялық ресурстары мен сыртқы әлеуметтік талаптардың өзара үйлесуінен туындайтын динамикалық әрі үздіксіз үдеріс.

Әлеуметтік бейімделу - тұлғаның жаңа әлеуметтік орта талаптарына икемделуі, әлеуметтік нормалар мен рөлдерді қабылдауы және әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі үдерісі. Университет жағдайында бұл - студенттің академиялық топқа, студенттік қауымдастыққа және институционалдық құрылымға интеграциялануы.

Педагогикалық бейімделу - білім алушының оқу үдерісінің мазмұнына, әдістеріне, бағалау жүйесіне және академиялық талаптарға бейімделуі. Бұл үдеріс оқу мотивациясының қалыптасуын, өзіндік оқу әрекетінің ұйымдастырылуын және оқытушымен тиімді өзара әрекетті қамтиды.

Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу - бұл студенттің университеттік ортаға, әлеуметтік қатынастар жүйесіне және қабылдаушы қоғамның мәдени кеңістігіне тиімді кірігуін қамтамасыз ететін, әлеуметтік қолдау, педагогикалық сүйемелдеу және тұлғаның белсенді қатысуы негізінде жүзеге асатын көпдеңгейлі үдеріс.

Мәдени бейімделу - тұлғаның жаңа мәдени ортадағы құндылықтарды, мінез-құлық үлгілерін, тілдік және коммуникативтік нормаларды түсінуі,қабылдауы және тәжірибеде қолдануы.

Психологиялық бейімделу - тұлғаның жаңа орта жағдайында эмоциялық тұрақтылықты сақтауы, ішкі ресурстарын жұмылдыруы және стресс факторларына төзімділік танытуы. Ол өзін-өзі реттеу, сенімділік және субъективті қанағаттану деңгейімен айқындалады.

Университеттік орта - жоғары оқу орны шеңберіндегі академиялық, тәрбиелік, әлеуметтік-мәдени және цифрлық кеңістіктердің өзара байланысқан жүйесі, студенттің кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал ететін институционалдық жағдайлар жиынтығы.

Шетелдік студент - білім алу мақсатында өз елінен тыс мемлекеттегі жоғары оқу орнында оқитын және жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу қажеттілігімен сипатталатын білім алушы.

Құрылымдық-мазмұндық модель - зерттелетін құбылыстың құрамдас бөліктерін (мақсат, міндет, қағидаттар, мазмұн, әдістер, нәтижелер) жүйелі түрде интеграциялайтын және олардың өзара байланысын айқындайтынтеориялық-концептуалдық құрылым.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы
ЖОО - жоғары оқу орны
ББ - білім беру бағдарламасы
WoS - Web of Science (ғылыми дәйексөздер деректер базасы)
Scopus - Scopus (ғылыми жарияланымдар деректер базасы)
MCA - көптік сәйкестік талдауы (Multiple Correspondence Analysis)
TLC - жергілікті дәйексөздердің жалпы саны (Total Local Citations)
TGC - ғаламдық дәйексөздердің жалпы саны (Total Global Citations)
TCe - уақыт бойынша түзетілген жергілікті дәйексөздер көрсеткіші
SPSS - әлеуметтік ғылымдарға арналған статистикалық талдау бағдарламасы (Statistical Package for the Social Sciences)
Bibliometrix - библиометриялық талдау жүргізуге арналған бағдарлама (R пакеті)
ЭТ - эксперименттік топ
БТ - бақылау тобы
ASS - академиялық бейімделу шкаласы
VIA - ванкувер аккультурация индексі
CULT_TOTAL - мәдени бейімделу
PED_TOTAL - педагогикалық бейімделу
SOCIAL_TOTAL - әлеуметтік бейімделу

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

Қазіргі жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау және оның экспорттық әлеуметін арттыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, қазақстандық жоғары оқу орындарында білім алатын шетелдік студенттердің саны жыл санап артып келеді. Бұл үдеріс өз кезегінде жоғары оқу орындарының алдына тек сапалы білім беріп қана қоймай, сонымен бірге шетелдік азаматтардың жаңа әлеуметтік, мәдени және білім беру ортасына сәтті кірігуін (интеграциялануын) қамтамасыз ету міндетін қояды.

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу процесі бірқатар стратегиялық және нормативтік-құқықтық құжаттарда жанама түрде қарастырылған. Бұл бейімделу мәселесі халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялану, мәдени әртүрлілікке құрметпен қарау, инклюзивті білім беру мен академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету саясаты аясында өзекті болып отыр. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шетелдік студенттердің білім алуға құқықтарын қамтамасыз ететін негізгі нормативтік құжат болып табылады. Заңда олардың білім беру ұйымын және оқу нысанын таңдау құқығы, білім беру қызметтеріне қолжетімділігі, академиялық ұтқырлыққа қатысуы және ғылыми-мәдени қызметтерге араласуы қарастырылған. Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу арнайы ұғым ретінде көрсетілмегенімен, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, академиялық еркіндікті қолдау және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру арқылы шетелдік студенттердің университеттік ортаға табысты бейімделуінің құқықтық негіздері айқындалған [1].

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары білім беру жүйесін интернационалдандыру басым бағыттардың бірі ретінде белгіленген. Құжатта халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу, академиялық ұтқырлықты дамыту және шетелдік студенттер үлесін 2029 жылға қарай 10%-ға дейін арттыру міндеттері қойылған. Тұжырымдама шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі арнайы бағыт ретінде, халықаралық бағдарламаларды кеңейту, студенттердің әлеуметтік белсенділігін қолдау, студенттік өзін-өзі басқаруға тарту, жатақханалармен қамтамасыз ету, цифрлық ресурстарға қолжетімділікті арттыру және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру арқылы олардың университеттік ортаға табысты бейімделуіне жағдай жасау көзделген. Осылайша, құжат шетелдік студенттердің әлеуметтік және академиялық интеграциясын қамтамасыз етудің нормативтік негізін қалыптастырады [2].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Ұлттық академиялық ұтқырлық орталығы шетелдік студенттерді қолдауға арналған бейімдеу және менторлық жүйелерді енгізу бойынша

ұсыныстар дайындаған. Университеттерде «International Student Office», мәдени клубтар мен тьюторлық бағдарламалар арқылы әлеуметтік-педагогикалық қолдау жүзеге асырылып келеді.

Жоғары білім беру саласының интернационалдандырылуына қатысты мәселелер Қазақстан Республикасының білім беру саясатын айқындайтын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда қарастырылған. Бұл құжаттарда көпмәдениетті білім беру кеңістігінде оқыту мен өмір сүруге бейімделу, сондай-ақ білім алушыларға академиялық, әлеуметтік және тілдік қолдау көрсету тетіктері айқындалады.

Осылайша, Қазақстанда шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі тікелей арнайы заңда бекітілмегенімен, ол интернационалдандыру, инклюзия, мәдени интеграция бағыттарымен тығыз байланысты. Қолданыстағы нормативтік-құқықтық және стратегиялық құжаттар бейімделу процесінің жүйелі жүзеге асуына құқықтық негіз қалайды.

Академиялық ұтқырлықты дамыту бағдарламалары да маңызды рөл атқарады: атап айтқанда, қазақстандық жоғары оқу орындары Erasmus шеңберінде шетелдік серіктес университеттермен студенттер мен оқытушылар алмасуын жүзеге асырады. Сонымен қатар, бірлескен білім беру бағдарламалары, халықаралық стипендиялық бағдарламалар және университеттердің халықаралық студенттерге арналған адаптациялық және менторлық қолдау орталықтары шетелдік студенттердің оқу, мәдени және әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді.

Қазақстанның жоғары оқу орындары шетелдік студенттерді тарту бағытында белсенді жұмыс істеуде. Елге білім алуға келетін студенттердің саны жыл сайын артып келеді, бұл Қазақстанның білім беру саласындағы халықаралық тартымдылығын көрсетеді. Атап айтқанда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері бойынша, 2024-2025 оқу жылында Қазақстанның жоғары оқу орындарында 31 432 шетелдік студент білім алды [3], бұл көрсеткіш Азия (негізінен Үндістан, Пәкістан) және ТМД елдерінен келген студенттердің үлесінің артуымен байланысты. Шетелдік студенттердің басым бөлігі медицина, педагогика, биология, биотехнология, бизнес және құқық сияқты мамандықтарды таңдайды. Алайда, бұл студенттерге жаңа ортаға бейімделу үшін тілдік кедергілерді жеңу, жергілікті мәдениетті түсіну, академиялық талаптарға сай болу сияқты мәселелерді шешу қажет. Мұндай жағдайларда әлеуметтік-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады

Бұл мәселенің маңыздылығы шетелдік студенттердің тек академиялық жетістіктеріне ғана емес, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына да байланысты. Әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан қолдау көрсетілгенде, студенттер өздерін жайлы сезініп, жаңа ортада тез бейімделеді. Осылайша, шетелдік студенттер Қазақстанның мәдени және академиялық өміріне белсенді қатыса отырып, қабылдаушы елдің білім беру сапасын арттыруға үлес қосады. Бұл бағыттағы жұмыстар елдің халықаралық білім беру нарығындағы беделін күшейтуге де оң әсер етеді.

Қазақстандық ғылыми мектеп өкілдерінің еңбектерінде әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесі философиялық, әлеуметтік және педагогикалық деңгейлерде кешенді түрде қарастырылады.

Философиялық тұрғыдан Ә.Н. Нысанбаев[4], Ж.М. Әбділдин[5] және Т.Х. Ғабитов[6] еңбектерінде адам мен қоғамның өзара байланысы, мәдени құндылықтардың өзгермелілігі және әлеуметтік дамудың тарихи сипаты негізделеді. Бұл көзқарастар тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуін жалпы философиялық даму үдерісінің бір бөлігі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, қазақстандық ғылыми дәстүрде әлеуметтік-педагогикалық бейімделу философиялық-әлеуметтік негіздерден бастау алып, педагогикалық практика деңгейінде нақты мазмұнға ие болатын көпдеңгейлі құбылыс ретінде қарастырылады.

Қазақстандық зерттеушілердің назары олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі, этносаралық интеграциясы және этнотілдік сәйкестендірілуі мәселелерін зерттеуге бағытталған: (Б.Н. Боқаев, А.М. Қажғалиева, Г.К. Ұразалиева, Э.Д. Сулейменова, Г.М. Мендикулова, Ш.К. Жарқынбекова, Ж.Б. Амантаева, О.И. Ысмағұлов, С.А. Амитов және т.б.).

Қазақстандық зерттеушілердің халықаралық ғылыми кеңістіктегі еңбектерінде шетелдік студенттердің әлеуметтік, психологиялық және академиялық бейімделу мәселелері кешенді қарастырылады. Мәселен, Д. Кайкенова, Э. Отар еңбектерінде Қазақстан жоғары оқу орындарындағы шетелдік студенттердің бейімделу ерекшеліктері, қиындықтары және оларды жеңу жолдары талданып, бейімделудің әлеуметтік және институционалдық факторлары айқындалған [7]. Сонымен қатар, З.К. Бекова және әріптестері зерттеулерінде шетелдік студенттердің психологиялық және этномәдени бейімделуі қарастырылып, олардың жаңа мәдени ортаға кірігуіндегі әлеуметтік-психологиялық механизмдер негізделген [8]. Ф. Валиева, Ж. Сагимбаева, Д. Курманаева, Г. Тажитова еңбектерінде қандас (оралман) студенттердің әлеуметтік-лингвистикалық бейімделуі зерттеліп, тілдік факторлардың бейімделу үдерісіндегі рөлі көрсетілген[9].

Шетелдік әлеуметтанушылардың, әлеуметтік психологтар мен педагогтардың зерттеулерінде шетелдік студенттердің бейімделу мәселелеріне көп көңіл бөлінген: А. Черч - уақытша тұрғындардың мәдениетаралық бейімделуіне шолу [10]; Дж.У.Берри - аккультурация теориясы мен мәдениетаралық бейімделу стратегиялары [11]; К. Уорд, С. Бочнер, А. Фернхэм - психологиялық және әлеуметтік бейімделу факторлары [12]; М. Беннетт [13] және Д. Дирдорф [14] - мәдениетаралық коммуникация мен құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері; П. Альтбах [15] және Дж. Найт [16] - жоғары білім беруді интернационалдандыру жағдайындағы академиялық ұтқырлық пен институционалдық қолдау жүйесінің рөлі.

Психология ғылымында бейімделу тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаға енуі кезіндегі ішкі психикалық және эмоционалдық қайта құрылу үдерісі, стресс факторларына реакция мен икемделу қабілетімен байланысты күрделі процесс

ретінде қарастырылады. Н.А. Агаджанян бейімделуді ағзаның ішкі тепе-теңдігін сақтауға, стрессорларға жауап беруге және психофизиологиялық ресурстарды қайта құруға бағытталған физиологиялық-психологиялық механизм ретінде сипаттайды. П.К. Рахимғалиева бейімделуді тұлғаның ішкі мотивациясы, эмоционалдық тұрақтылығы және өзін-өзі реттеу қабілетімен байланыстырып, психологиялық дайындық пен когнитивтік икемділіктің маңызын атап көрсетеді.

Педагогика ғылымында бейімделу тұлғаның білім беру ортасына кірігуі, әлеуметтік қатынастар жүйесіне бейімделуі және академиялық талаптарды меңгеруімен сипатталатын көпқырлы процесс ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда Н.С. Әлқожаева, К.А. Есенова бейімделуді студенттердің оқу іс-әрекетіне бейімделуімен тікелей байланысты педагогикалық процесс ретінде сипаттап, оның тиімділігі білім беру ортасының ұйымдастырылу деңгейіне, оқыту жағдайларына және әлеуметтік қолдау жүйесіне тәуелді екенін көрсетеді [17]. Қ.Қ. Шалғынбаева, А.М. Қажғалиева және Ә.С. Нұржанова еңбектерінде шетелдік студенттердің ЖОО-ға бейімделуінде тілдік және коммуникативтік қиындықтардың маңызды рөл атқаратыны көрсетіледі [18]. Ж.А. Есказинова мектепте білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында оралман-балаларды қостілде оқытудың дидактикалық негіздерін зерттеген. Онда олардың жаңа білім беру ортасына бейімделуі қостілді оқыту арқылы қарастырылады [19].

Осыған байланысты, қазіргі білім беру кеңістігінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету мәселесі де ерекше өзектілікке ие болып отыр. Халықаралық және отандық зерттеулер көрсеткендей, жоғары оқу орындарында интернационалдандыру үдерісінің қарқынды дамуы жағдайында білім алушылардың көпмәдениетті ортаға кірігуін жүйелі түрде ұйымдастыруға қажетті институционалдық және әдістемелік ресурстар әрдайым жеткілікті деңгейде қалыптаса бермейді.

Осылайша, жоғары білім беру ұйымдарында шетелдік студенттердің әлеуметтік, академиялық және мәдени бейімделуін тиімді басқару қажеттілігі мен оны жүзеге асыруға арналған ғылыми-әдістемелік негіздердің, сондай-ақ педагогикалық қолдау тетіктерінің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылық бар екенін байқауға болады.

Бұл қайшылық шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуін ғылыми тұрғыдан негізделген модельдер арқылы жүйелеу, әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын жетілдіру және білім беру ұйымдарының интернационалдық ортаға дайындық деңгейін арттыру қажеттілігін айқындайды.

Педагогикалық теория мен практиканы талдау, сондай-ақ шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерді жүйелі талдау нәтижесінде келесі қарама-қайшылықтар айқындалды:

- шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін ғылыми тұрғыда негіздеу қажеттілігі мен осы үдерістің тұжырымдамалық-әдіснамалық негіздерінің жеткіліксіз ғылыми жүйеленуі арасында;

- университеттік ортада шетелдік студенттерді бейімдеуге бағытталған педагогикалық қолдау жүйесін тиімді ұйымдастыру қажеттілігі мен оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық-әдістемелік және технологиялық құралдардың әлсіз институционалдануы арасында;

- шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін теориялық модельдер негізінде басқару қажеттілігі мен бұл үдерістің нақты білім беру тәжірибесінде теориялық тұжырымдармен үйлеспеу деңгейінің сақталуы арасында.

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің маңыздылығы артып отырғанымен, бұл үдерісті ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу, оның құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу және тиімді әлеуметтік-педагогикалық қолдау тетіктерін анықтау қажеттілігі мен оларды жоғары білім беру тәжірибесінде кешенді жүзеге асырудың жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылық туындайды.

Аталған қарама-қайшылық шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін ғылыми тұрғыдан негіздеу мәселесін айқындайды. Осыған байланысты зерттеу мәселесі: шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің ғылыми-теориялық негіздерін қалай айқындауға, оның құрылымдық-мазмұндық моделін қандай әдіснамалық тұғырлар негізінде әзірлеуге және бейімделу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-педагогикалық қолдау механизмдерін қалай негіздеуге болады?

Қарама-қайшылық пен зерттеу мәселесінің өзектілігі **«Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі»** тақырыбын таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу, құрылымдық–мазмұндық модель әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық тәжірибелік-экспериментте дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

– «бейімделу», «әлеуметтік-педагогикалық бейімделу» ұғымдарының ғылыми–теориялық мазмұнын талдау және авторлық анықтамаларды тұжырымдау;

– шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін зерттеудің теориялық-әдіснамалық тұғырлары мен қағидаттарын жүйелеу және негіздеу;

– жоғары оқу орындарында шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасау, Түркия елінің Гази университетінің тәжірибесін қарастыру;

– университеттік ортада шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру, шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің критерийлерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін айқындау;

– «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» бағдарламасын әзірлеу және апробациядан өткізу;

– құрылымдық-мазмұндық модельдің және бағдарламаның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру, алынған нәтижелерді сандық және сапалық талдау және ғылыми-әдістемелік, ұсыныстар беру.

Зерттеу нысаны: шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісі.

Зерттеу пәні: шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етудің мазмұны мен моделі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *Егер,* шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі, бағдарламасы мен сайты әзірленіп, білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізілсе, *онда* шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейі жоғарлайды, *өйткені* ұсынылған модель және бейімделу бағдарламасы мен әзірленген сайт бейімделу үдерісінің мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттерді қамтып, студенттердің академиялық ортаға енуіне, әлеуметтік өзара әрекеттесуіне бағытталған педагогикалық ықпалдар жүйесін қамтамасыз етеді.

Зерттеу әдістері:

1) Дерек көздерін талдау - заңнамалық құжаттарды, мерзімді баспасөз материалдарын, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау, сондай-ақ ғаламдық Интернет желісінде жарияланған материалдарды зерделеу және өңделді;

2) Библиометриялық талдау - ғылыми жарияланымдарды математикалық және статистикалық өңдеу арқылы зерттеу тақырыбының даму динамикасын, негізгі ғылыми бағыттарды және ғылыми байланыстар анықталды;

3) Салыстырмалы талдау - отандық және шетелдік тәжірибедегі студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу ерекшеліктерін талданды;

4) Сауалнама әдісі – респонденттердің пікірлері мен көзқарастарын анықтау мақсатында алдын ала дайындалған сауалнамалар алынды, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нен 120 білім алушы қатысқан сауланамаға IBM SPSS Statistics «Statistical Package for the Social Sciences» «SPSS 22.0» бағдарламасы арқылы талдауларына сандық және сапалық өңдеу жүргізілді.

5) Тақырыптық талдау әдісі **-** Түркиядағы жоғары оқу орындарында білім алып жүрген қазақстандық студенттентерден авторлық сауалнама арқылы деректер жиналып, олардың әлеуметтік-педагогикалық бейімделу тәжірибесін, кездесетін қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді. Тақырыптық талдау барысында алынған деректер кодталып, ұқсас кодтар санаттарға біріктіріліп, негізгі тақырыптар анықталды.

6) Педагогикалық эксперимент әдісі – зерттеу болжамы тексеріліп және ұсынылған модельдің тиімділігі тәжірибе жүзінде анықталды.

Зерттеудің жетекші идеясы: Шетелдік студенттердің университеттік ортаға табысты әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі олардың жеке тұлғалық

ерекшеліктерін және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін ескере отырып, мақсатты түрде ұйымдастырылған педагогикалық қолдау жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы:

1. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау негізінде «әлеуметтік-педагогикалық бейімделу» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды.

2. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымы, негізгі компоненттері мен өлшемдері айқындалды.

3. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне ықпал ететін әлеуметтік, педагогикалық және мәдени факторлар анықталды.

4. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

1. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған бағдарлама әзірленіп, тәжірибеге енгізілді.

2. Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер кешені жүйеленіп, зерттеу тәжірибесінде қолданылды.

3. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуін қолдауға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық тренингтер мен практикалық тапсырмалар жүйесі әзірленді.

4. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етуге арналған бағдарлама және «Жол картасы» әзірленді.

5. Шетелдік студенттердің ақпараттық, әлеуметтік-педагогикалық және мәдени бейімделуіне қолдау көрсетуге бағытталған ақпараттық-интерактивті сайт жасалды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері:

Жүйелілік тұғыр (Ш.Т. Таубаева, В.В. Краевский, М. Есекешова, Г. Тулеуова), құзыреттілік тұғыр (Г.Ж. Меңлібекова, И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина, М.В. Рыжаков), синергетикалық тұғыр (И. Пригожин, И. Стенгерс, Е.Н. Князева, С.П. Курдюмов, Г. Хакен, Дж. Португали) және орта тұғыры (И.А. Баева, Ю.С. Мануйлов, Н.Д. Хмель) құрайды. сонымен қатар шетелдік студенттердің мәдени және әлеуметтік-психологиялық бейімделуі (J.W. Berry, A.G. Ryder, L.E. Alden, D.L. Paulhus, C. Ward, S. Bochner және т.б.); академиялық бейімделуі (J.R. Anderson, Y. Guan, Y. Koc); университеттік және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу, қандастардың бейімделу мәселелері (Қ.Қ. Шалғынбаева, А.М.

Қажғалиева, Ә.С. Нұржанова, Ж.А. Есказинова және т.б.) бойынша жүргізілген зерттеулер құрайды.

Зерттеу көздері:

1. Ақпараттық-эмпирикалық базадағы шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер, кандидаттық және докторлық, PhD диссертациялар, Bibliometrix бағдарламасы, ғылыми мақалалар;

2. Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетінде жүргізілген 2023 жылғы ғылыми тағылымдама нәтижелері;

3. Қазақстан Республикасының білім беру, көші-қон және интернационалдандыру саласына қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар;

4. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі шетелдік студенттермен жұмыс тәжірибесі, әдістемелік материалдар мен бейімдеу курстары; бағдарламалар, авторлық сауалнама және диагностикалық құралдар;

5. Қазақстан және Түркия жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарындағы оқу-әдістемелік және академиялық саясат материалдары;

6. жоғары білім берудегі интеграциялық үдерістерді дамыту бойынша талдамалық материалдар (конференция материалдары, әлеуметтік-педагогикалық бейімделу бағдарламалары).

Зерттеу базасы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Гази университеті (Түркия)

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- «бейімделу» және «әлеуметтік-педагогикалық бейімделу» ұғымдары философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылымдар аясында жан-жақты қарастырылды, олардың мазмұны логикалық тұрғыдан дұрыс жүйеленді;
- библиометриялық талдау арқылы зерттеудің анықтамалық сөздігі толықтырылып, шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінде сонғы уақытта академиялық және институционалдық бағыттарға аса назар аударатының байқадық. Осы библиометриялық талдау негізінде зерттеуіміздің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып толықтырылды;
- шетелдік студенттердің бейімделуін қамтамасыз ету қағидаларын негіздеуді жүйелік, құзыреттілік, синергетикалық және орта тұғырлар қолданылады. Дәл осы тұғырлардың пайдалануы кешенділік, іс қағидаттарын шетелдік студенттердің бейімделуін жобалуға мүмкіндік береді;
- университеттік ортада шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ететін құрылымдық-мазмұндық модель әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденді. Ұсынылған модель оқу, әлеуметтік және психологиялық қолдауды кешенді қамтитын жүйе ретінде ұсынылды. Шетелдік студенттердің мотивациялық, когнитивті, коммуникативті және тұлғалық компоненттерінің дамуын көрсететін әлеуметтік-педагогикалық бейімделу критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлерінің жүйесі негізделген. Эксперимент нәтижелері негізінде модельдің бейімделу деңгейін айтарлықтай арттыру мүмкіндігі дәлелденді;

- университетте шетелдік студенттердің бейімделуін басқарушылық және педагогикалық қолдау үшін сайт әзірленді (https://uznatbolche.tilda.ws), педагогикалық практикада «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» бағдарламасы әзірленді және сыналды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу мәселесіне қатысты теориялық еңбектерді жүйелеу және талдау барысында «бейімделу», «әлеуметтік - педагогикалық бейімделу», ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланып авторлық анықтама берілді:

«Бейімделу» – тұлғаның жаңа әлеуметтік, мәдени, білім беру және кәсіби орта жағдайларына біртіндеп енуі барысында оның ішкі психологиялық ресурстары мен сыртқы әлеуметтік талаптардың өзара үйлесуінен туындайтын динамикалық әрі үздіксіз үдеріс.

«Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу» – студенттің университеттік ортаға, әлеуметтік қатынастар жүйесіне және қабылдаушы қоғамның мәдени кеңістігіне тиімді кірігуін қамтамасыз ететін, әлеуметтік қолдау, педагогикалық сүйемелдеу және тұлғаның белсенді қатысуы негізінде жүзеге асатын көпдеңгейлі үдеріс.

2. Шетелдік студенттердің бейімделу процесін кешенді түрде қарастыру олардың өзара байланысты компоненттері бар тұтас жүйе ретінде қарастырылатынын негіздейтін ***жүйелік тұғыр,*** білім беру үдерісінде студенттердің білім, дағдылар мен құндылықтарын дамытуға бағытталған ***құзыреттілік тұғыр,*** бейімделу процесінің динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыру сипаты шетелдік студенттердің әлеуметтік-академиялық ортадағы өзара әрекеттесу ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік беретін ***синергетикалық тұғыр***, студенттердің оқу үлгерімін арттыру және олардың университеттік ортаға тиімді академиялық бейімделуін қамтамасыз етуде әлеуметтік-білім беру ортасының рөлін айқындайтын ***орта тұғырының*** маңызы дәлелденеді. Тұғырлардың өзара үйлесімділігі шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

3. Түркиядағы жоғары оқу орындарында білім алып жүрген қазақстандық студенттердің қатысуымен жүргізілген тақырыптық талдау негізінде Қазақстан мен Түркиядағы студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу тәжірибесіне салыстырмалы зерттеу жасалды. Авторлық сауалнама арқылы жиналған деректер студенттердің бейімделу тәжірибесін, кездесетін қиындықтарын және қажеттіліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер кодталып, ұқсас кодтар санаттарға біріктіріліп, негізгі тақырыптар анықталды. Gazi University тәжірибесі негізінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қолдау механизмдері анықталды.

4. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Модель мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттерден тұрады. Оның теориялық-әдіснамалық негізін жүйелік, құзыреттілік,

синергетикалық және орта тұғырлары құрайды. Ұсынылған модельдің тиімділігі тәжірибеде тексерілді.

5. «Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» атты бағдарлама және жол картасы әзірленді. Бағдарлама мәдени, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік бейімделу бағыттарын қамтып, студенттердің жаңа ортаға бейімделуіне, оқу үдерісіне белсенді қатысуына, университет қауымдастығына интеграциялануына және мәдениаралық коммуникация дағдыларын дамытуға бағытталды. Зерттеу нәтижелерін цифрландыру мақсатында бағдарлама негізінде шетелдік студенттерге арналған арнайы веб-сайт (https://uznatbolche.tilda.ws) әзірленді.

6. Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін зерттеу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жүргізілді. Әлеуметтік-педагогикалық бейімделуді бағалау үшін мотивациялық компонент бойынша «Ванкувер аккультурация индексі», когнитивтік компонент бойынша «Академиялық бейімделу шкаласы», коммуникативтік және тұлғалық компоненттер бойынша «К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі», ал компоненттерді кешенді бағалау үшін «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін бағалау» авторлық сауалнамасы қолданылды. Зерттеу құралдарының ішкі бірізділігі Кронбах альфа коэффициенті, алынған деректерге корреляциялық талдау, тәуелсіз іріктемелерге арналған t-тест жүргізіліп, компоненттер арасындағы өзара байланыстар мен зерттеу топтары арасындағы айырмашылықтар анықталды. Зерттеу нәтижелері ұсынылған модельдің ғылыми негізділігін, сенімділігін және валидтілігін растады.

Зерттеудің кезеңдері: зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

1-кезең (2022-2023 жж.) - теориялық-әдіснамалық және ізденіс кезеңі. Зерттеудің алғашқы кезеңінде шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық және педагогикалық еңбектеріне теориялық талдау жүргізілді. «Бейімделу», «әлеуметтік бейімделу», «педагогикалық бейімделу», «әлеуметтік-педагогикалық бейімделу» ұғымдарының мазмұны салыстырылып, ғылыми түсіндірмелері жүйеленді. Бейімделуге ықпал ететін әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени факторлар айқындалды. Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы шетелдік студенттерді қолдау тәжірибесі, оқу бағдарламалары, академиялық саясат, ақпараттық-кеңес беру қызметтері мен бейімдеу тетіктері зерделенді. Теориялық талдау негізінде зерттеу мәселесінің өзектілігі негізделіп, мақсаты, міндеттері, нысаны, пәні, ғылыми болжамы мен әдіснамалық тұғырлары анықталды.

2-кезең (2023-2024 жж.) - модельді әзірлеу және мазмұндық негіздеу кезеңі. Бұл кезеңде Түркияның Гази университетінде өткен ғылыми тағылымдама аясында халықаралық студенттердің академиялық ортаға кірігуі, мәдениетаралық қарым-қатынасы және әлеуметтік-педагогикалық қолдау

тәжірибесі зерттелді. Тілдік, әлеуметтік, мәдени және психологиялық бейімделу ерекшеліктері мен институционалдық қолдау тетіктері талданды. Теориялық және эмпирикалық материалдар негізінде әлеуметтік-педагогикалық бейімделудің мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттері нақтыланды. Тұжырымдамалық, мазмұндық, критерийлік-бағалау блоктарды қамтитын құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді. Сонымен қатар, шетелдік студенттерді ақпараттық, тілдік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және мәдени тұрғыдан қолдауға бағытталған авторлық бағдарламаның мазмұны анықталып, тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа қажетті диагностикалық әдістемелер іріктелді.

3-кезең (2024-2026 жж.) - тәжірибелік-эксперименттік және қорытындылау кезеңі. Үшінші кезеңде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші курс шетелдік студенттері қатысқан тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды. Эксперименттік және бақылау топтары құрылып, бастапқы диагностика арқылы студенттердің әлеуметтік-педагогикалық, академиялық, әлеуметтік-психологиялық және мәдени бейімделу көрсеткіштері анықталды. Қалыптастырушы эксперимент барысында әзірленген модель мен авторлық бағдарлама іске асырылды. Ақпараттық-танымдық жұмыстар, психологиялық тренингтер, мәдениетаралық қарым-қатынас жаттығулары, тәлімгерлік қолдау, жеке және топтық кеңес беру, диагностикалық-түзету іс-шаралары өткізілді. Қорытынды диагностика нәтижесінде екі топтың көрсеткіштері салыстырылып, эмпирикалық деректерге корреляциялық және Стьюденттің t-критерийі қолданылды. Статистикалық өңдеу негізінде бейімделу көрсеткіштерінің өзгерісі бағаланып, ұсынылған модель мен авторлық бағдарламаның тиімділігі анықталды. Зерттеу қорытындылары жүйеленіп, ғылыми мақалаларда жарияланды, диссертациялық жұмыс рәсімделіп, қорғауға дайындалды.

Жарық көрген ғылыми еңбектері: Диссертациялық жұмыстың мазмұны 10 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 5 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында:

1. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселелері. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогтердің зерттеу мәдениетін дамыту: тәжірибе және инновациялар. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2022. 630-635 бб
2. Шетелдік студенттердің қазақстандық оқу орнына бейімделуі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы. «Педагогика. Психология. Социология» сериясы. № 2 (143) 2023. 422-430 бб. DOI: 10.32523/2616-6895-2023-143-2-422-433.
3. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі шетел азаматтарының бейімделу ерекшелігі. ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. № 1 (78) 2024. 141-152 бб. DOI: 10.26577/JES20247801012

4. Түркия университеттеріндегі шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін зерттеу: интеграцияның қиындықтары мен стратегиялары. GÜGAK-2024. Gazi Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü Uluslararası Genç Araştırmacılar Kongresi. - Ankara, 2024. 253-268бб

5. Культурные различия в процессе адаптации иностранных студентов в высших учебных заведениях Казахстана: влияние традиций, социальных норм и образовательной среды. Қазақстан ғылымы және оқу-ағарту жүйесі: даму жолдары мен болашағы. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Алматы, 2024. 116-120 стр.

6. Опыт адаптации иностранных студентов в казахстанских вузах: вызовы, стратегии и успехи. Фараби әлемі. Студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. - Алматы, 2023. 770-774 стр.

7. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях казахстана и турции: вызовы, стратегии и перспективы. Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2024. 236-244 бб.

8. Socio-Pedagogical Adaptation of Kazakh Students at Higher Education Universities in Türkiye: A Case Study at Gazi University. Journal of Social Studies Education Research. №16 (4) 2025. 145-168 б. CiteScore 2.5, Scopus базасында, «Education» бағыты бойынша перцентиль - 57. Q2. EID 2-s2.0-105027517381

9. Қазақстан университетіндегі түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін кешенді талдау. ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. № 4 (85) 2025. 140-151 бб. DOI: 10.26577/JES20258511.

10. Sanbayeva, B., Bulatbayeva, A., Yessenova, K.,Suatay, S., & Alkozhayeva,A Effective Strategies for Supporting the Adaptation of International Students. Journal of Education for Students Placed at Risk (JESPAR), 2026. 1-19. CiteScore 3.9, Scopus базасында, «Education» бағыты бойынша перцентиль - 73. Q2, https://doi.org/10.1080/10824669.2026.2658846

Диссертация құрылымы. Зерттеудің қойылған міндеттерін бірізді шешу логикасына сәйкес құрылды, соған сәйкес, зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, 9 тармақшадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде диссертациялық зерттеуге негіз болған ғылыми қайшылықтар мен мәселе айқындалып, тақырыптың өзектілігі негізделді, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар. Сонымен қатар, зерттеу кезеңдері мен құрылымы сипатталды.

«Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда бейімделу ұғымына қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарға теориялық талдау жүргізілді. Бұл бөлімде шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуінің мәні мен мазмұны,

құрылымдық ерекшеліктері және осы үдеріске ықпал ететін факторлар анықталды. Сонымен қатар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары айқындалып, оның логикасы құрылды.

«Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін модельдеу» атты екінші тарауда шетелдік және отандық (оның ішінде Түркия) жоғары оқу орындарындағы студенттердің бейімделу тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жасалды. Сондай-ақ, шетелдік студенттердің бейімделуін қамтамасыз ететін әлеуметтік-педагогикалық жүйенің құрылымдық-мазмұндық үлгісі (моделі) жасалып, оның теориялық негіздері сипатталды.

«Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» атты үшінші тарауда зерттеу барысында әзірленген педагогикалық үлгінің тиімділігін тексеруге бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұндалды. Бұл бөлімде зерттеу әдістемесі, тәжірибені ұйымдастыру кезеңдері, қолданылған диагностикалық құралдар мен алынған нәтижелер ұсынылып, эксперимент нәтижелері сандық және сапалық тұрғыдан өңделіп, ғылыми негізделген қорытындылар жасалды.

1 ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ УНИВЕРСИТЕТТІК ОРТАҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу ұғымдарының философиялық, психологиялық, педагогикалық білімдер жүйесінде зерделенуі

Бұл бөлімнің негізгі мақсаты - шетелдік студентердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерделену жайына талдау жасап, бұл ұғымның мәнін ашу, нақтылау болып табылады


Қазақстандық жоғары оқу орындарында шетелдік студенттерді оқыту әрқашан маңызды болған. Университеттердегі шетелдік студенттердің саны саяси маңызды болып табылады. Бұл елдің беделінің артуына, Республиканың халықаралық мәртебесіне, әлемдік зияткерлік қоғамдастыққа интеграциялануына оң әсерін тигізеді. Университеттердің қаржылық мүдделері маңызды рөл атқарады. Онда шетелдік студенттерді оқыту жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық және ғылыми базасын арттыруда белгілі бір үлеске ие.

Жалпы жоғары оқу орны - лицензияға сәйкес жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын заңды тұлға. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Университет - мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары білім берудің, магистратураның және докторантураның білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыратын, ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын жоғары оқу орны» - деп атап көрсетілген. Олай болатын болса осы университеттегі білім алуға келген студенттерді сол университеттің білім беру ортасына бейімдеп, сапалы білім беріп, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау сол университеттегі білім беретін оқытушылардың, куратор эдвайзерлердің, университет қызметкерлерінің бірден бір міндеті [1]. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері бойынша, 2024-2025 оқу жылында халықаралық студенттердің саны 31 432 адамды құрады, оның ішінде бакалавриатта - 28 458, магистратурада - 1 724, докторантурада - 500 және 29 резидент бар [3].

Бұл міндет шетелден оқуға келген студенттерге де толық қатысты. Оларды университеттің білім беру ортасына бейімдеу оқытушылардың, куратор-эдвайзерлердің және басқа да қызметкерлердің басты міндеті, өйткені сапалы білім беру мен бәсекеге қабілетті маман даярлау осы бейімдеуден басталады [2].

Жоғары оқу орындары жылдар бойы көптеген ғылым салаларының оның ішінде, психологиялық, педагогикалық, құқықтық, экономикалық және т.б. зерттеу объектісі болып келді. Бірақ көп ретте жоғары оқу орнындағы шетел студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне аса мән берілген жоқ. Жаһандану үдерісіндегі жоғары оқу

орнының әлеуметтік ұйым ретіндегі орны, студенттердің білім беру ортасына бейімделуі, қоғамның және еңбек нарығының сапалы білімге деген сұранысын қанағаттандыратын бірден-бір мекеме ретіндегі рөлі жылдан-жылға өсіп отыр. LS мәліметінше, Қазақстан өңірлік білім беру хабы мәртебесін нығайтуда. Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері бойынша, 2025–2026 жылы республикада 88 мемлекеттен келген 35 мың шетелдік студент білім алуда. Төмендегі кестеде Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректерін 1-суретте берілген берілген ақпарат [20].



1-сурет. Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері

Сондықтан жоғары оқу орны - тек жоғары кәсіптік білім беруші ұйым ғана емес, ұжымдағы қоғамдық қатынастарды қалыптастыратын, белгілі бір қоғамдық игіліктер (білім беру қызметі) және нормативтер, мінез-құлық үлгілерін дамытатын, өмірге икемдейтін, бейімдейтін маңызды әлеуметтік орта.

Жалпы бейімделу мәселесі қазіргі таңда отандық, шетелдік ғалымдардың философия, педагогика, психология, әлеуметтану салаларында қарастырылып жүрген мәселелердің бірі. Жоғары оқу орнының студенттерінің бейімделуі қарастырылғанымен нақты шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына бейімделуі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Алдымен, ғылымдардың әдіснамалық негізі ретінде танылатын философия тұрғысынан алғанда, философиялық сөздіктерде бейімделу ұғымы жүйенің ішкі және сыртқы орта жағдайларына икемделу үдерісі ретінде қарастырылады.Жүйеде ортаның кейбір факторларына бейімделу қасиетінің болуы да кейде бейімделу деп аталады. «Бейімделу» деген терминді, философтар, көбінесе, адамның жалпы заңдарға байланысты өзгеру мен тұлға ретінде қалыптасуымен түсіндіреді.

Органикада, табиғатта алуан түрлі бейімделудің кеңінен таралуы ұзақ уақыт бойына олардың «шығармашылық әрекеттердің» немесе ішкі рухани негіздер әрекетінің нәтижелері деп қараған теологияның негізгі дәлелдерінің бірі болып келді .

Дарвиннің эволюциялық ілімінде тіршілік үшін күрестің және табиғи сұрыпталудың нәтижесі ретінде бейімделуге тұңғыш рет дұрыс түсінік берілді. Кибернетика пайда болғаннан кейін бейімделу ұғымы биология мен қатар әлеуметтік және техникалық жүйелерде де қолданыла бастады, ал кибернетикада күрделі иерархиялық өзін-өзі басқаратын жүйенің (ортаның) өзгеріп отыратын жағдайында нысаналы үн қосып отыруын қамтасыз ететін теріс кері байланыс бейімделудің механизмі ретінде қаралады.

Алайда адамға және қоғамға қолданғанда бұл ұғымның шектеулі мүмкіндіктері бар екенін, себебі оның негізінен қоршаған ортаға бейімделуге байланысты мінез-құлықты бейнелейтінін атап өткен дұрыс. Бейімделу үшін күрес өмірдің жетекші заңы. Бұл заңдылық әртүрлі күрделілік деңгейіндегі биологиялық нысандарға ғана емес, биоәлеуметтік табиғаттың иесі болып бабылатын адамға да тән. «Бейімделу» ұғымы латын тілінен аударғанда - икемделу, үйлесу деген мағынаны береді. «Икемделу» және «бейімделу» терминдері синоним ретінде қолданылады, дегенмен «икемделу» (adjustment) ерекше жағдайлардың талаптарына ыңғайлануды білдіреді, ал «бейімделу» (adaptation) үйреншікті қиындықтарды жеңудің жақсы ұйымдасқан тәсілдеріне, яғни тұрақты шешімдерге икемделулер арқылы кристалданатын тәсілдерге қатысты», - деп жазады американдық әлеуметтік психолог Т. Шибутани [21].

Биоәлеуметтік детерминанттары мен құрамдас бөліктерінің бірлігіндегі бейімделу генез феномені. Ғылымда соңғы жылдары қарқын алған интеграция үдерістері аталмыш феноменді кешенді түрде қарастырып, икемделудің ерекше түрі - әлеуметтік бейімделуді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Осылайша, бейімделу ерекше биологиялық түсініктердің қатарынан интегративтік түсінікке айналады. Өз кезегінде, ғылым «шындықтың мейлінше әрқилы салаларын санаудың бірыңғай жүйесін қарастыруға» мүмкіндік беретін интегратор-түсініктерді ерекше қажет етеді. Ғылым мен техниканың әртүрлі салаларындағы бейімделу проблематикасына қатысты соңғы зерттеулер осындай интеграциялық түсініктің рөліне мейлінше логикалық және негізделген түрде «бейімделу» түсінігі лайықты екендігін дәлелдейді. «Бейімделу» (латынша adapto - «бейімделемін») ұғымы жаратылыстану ғылымдарында, әсіресе физиологияда кеңінен зерттелді және кейіннен психология, әлеуметтану және білім беру ғылымдарында зерттеу нысанына айналды. С. Эстафан физиологиялық бейімделуді организмнің қоршаған ортасының ішкі және сыртқы жағдайларындағы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді өзгерістерге жауап ретінде пайда болатын бейімделу процесі ретінде қарастырады. Бейімделу организмнің қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына және оның функционалдық мүмкіндіктерінің өзгеруіне жауап беру қабілетімен байланысты. Биологиядағы бейімделудің теориялық негіздерін дамыту француз натуралисті Дж.Б. Ламарктың эволюциялық көзқарастарымен тығыз байланысты екенін

көреміз. Ламарк тірі организмдердің қоршаған орта жағдайларына бейімделуін процесс ретінде қарастырды. Р. Буркхардт Ламарктың эволюциялық тұжырымдамасын тарихи тұрғыдан талдады, ал оның негізгі идеялары организмдердің тіршілік әрекеті мен мінез-құлқы сыртқы ортаның әсерінен өзгереді деген болжамға негізделген. Ламарктың жұмысы организм мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуі арқылы бейімделу құбылысын түсіндіруге бағытталған алғашқы жүйелі эволюциялық тұжырымдамалардың бірі ретінде ғылыми тұрғыдан маңызды [22].

Адамның тірі материя эволюциясының өнімі екендігін және биоәлеуметтік табиғатына сай өзіндік ерекше әлеуметтік өмір сүру ортасына ие екендігін ескере отырып, адамның осы ортаға бейімделуінің заңдылықтары туралы әңгіме қозғауға болады. Адамдарда әлеуметтік бейімделу қажеттілігін туындататын себептер гуманитарлық ғылымның арқасында адамның әлеуметтік мәдени табиғатында анықталды. Неміс философы Иоганн Георг Гердердің антропологиялық көзқарастары адамның қоршаған ортаға бейімделуінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Ол адамдарды табиғи түйсіктерінің шектеулеріне және ойлау, тіл және мәдени тәжірибені игерудегі биологиялық мүмкіндіктеріне қарамастан, қоршаған ортамен өзара әрекеттесуге қабілетті тіршілік иелері ретінде қарастырды. Гердердің тұжырымдары кейіннен А. Геленнің философиялық антропологиясында дамыды [23]. Ол адамның табиғи ортаға бейімделуін саналы белсенділікпен, әлеуметтік қатынастармен және мәдени институттарды қалыптастыру мүмкіндігімен байланыстырды. Адамның бейімделуі тек биологиялық бейімделумен шектелмейді, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибені игеру және мәдени орта жағдайларына сәйкес әрекет ету процесі ретінде қарастырылады. Осы табиғи бейімделудің жетіспеушілігін орындау үшін қоршаған ортаны адам қажеттіліктеріне бейімдеудің тиімді құралы болып табылатын мәдениетті қалыптастырады. «Қоғамда реттеуші және бақылаушы қызметтер атқаратын адамдардың өзара қызметтестігінің, қарым-қатынасының, қызметінің, әрекетінің кодталған үлгісінің, нормасының» жүйесі болып табылатын бейімделудің әлеуметтік мәдени ортасы адамдардың қоғамдық өмірінің өзіндік дамуын қамтамасыз ететін икемдеу құралы болып табылады. Осылайша, гуманитарлық саладағы ғалымдар бірінші рет әлеуметтік-мәдени ортаға тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің ерекше стратегиялары мен механизмдерін егжей-тегжейлі зерттеудің қажеттілігін және мақсатқа сай екендігін түсінді (дәл осы түсінік әлеуметтік бейімделу феноменін зерттеудің әлеуметтік-философиялық, «нормативтік» немесе «құрылымдық-функционалдық» парадигмасының негізі болды).

Француз әлеуметтанушысы Жан-Батист Тардтың ғылыми көзқарастары гуманитарлық ғылымдардағы әлеуметтік бейімделу тұжырымдамасының дамуына әсер етті. Ол қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді адамдар арасындағы өзара әрекеттесу, еліктеу және жаңа мінез-құлық үлгілерінің таралуы арқылы түсіндірді. Дж.А. Кастро Лозано Тардтың әлеуметтанулық теориясын талдай отырып, оның негізгі тұжырымдамаларын еліктеу мен инновацияға

негізделгенін анықтады және қосымша ұғымдарға қайталау, қарама-қайшылық және бейімделу жататынын анықтады. Осы негізде әлеуметтік бейімделу ол жеке тұлғаның әлеуметтік ортада қалыптасқан мінез-құлық үлгілерін игеруіне, әлеуметтік қарым-қатынастарға қатысуына және өзгермелі жағдайларға бейімделуіне қатысты қарастырылады [24].

Екі ғасыр бұрын Г. Тард қойған міндеттер әлеуметтік философия және психология үшін әлі де өзектілігін жоймады. Бейімделудің биологиялық және әлеуметтік-мәдени сипаттамаларын олардың өзара байланысында зерттеу қазіргі ғылыми зерттеулерде маңызды орын алып отыр. А. Белл адамның жаңа ортаға бейімделуін биологиялық, физиологиялық және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің өзара әрекеттесуі арқылы түсіндіреді. Оның пікірінше, бейімделу жеке тұлға, отбасы және әлеуметтік қауымдастық деңгейінде жүреді және қоршаған ортаның табиғи, әлеуметтік және мәдени жағдайларымен тығыз байланысты. Бейімделудің тұтас процесс ретіндегі бұл ғылыми ұстанымы оның биологиялық және әлеуметтік механизмдерінің ерекшеліктерін ажырату қажеттілігін көрсетеді. Бұл ретте адамның әлеуметтік бейімделуі әлеуметтік қатынастарды, мәдени нормаларды, жеке тәжірибені және жаңа ортаның талаптарын игерумен байланысты көп қырлы процесс ретінде сипатталады. [25].

Э. Торндайк жаңа қоршаған орта жағдайларына бейімделу кезіндегі мінез-құлықтың даму заңдылықтарын эксперименттік түрде зерттеді. Ол арнайы жасалған «тапсырмалар қораптарын» пайдаланып, жануарлардағы сынақ және қателік арқылы оқытудың ерекшеліктерін анықтады. М. Домжан Торндайктың зерттеулерін қайта түсіндіріп, оның әсер ету заңы мінез-құлық пен нәтиже арасындағы байланысты түсіндірудің негізінде жатқанын көрсетеді [26]. Бұл тұжырымдама бойынша, оң нәтижеге әкелетін әрекеттерді қайталау ықтималдығы артатын ал мінез-құлық тәжірибесі жаңа жағдайларға сәйкес біртіндеп дамитындығын түсіндіреді. Зерттеудің тұтас нысаны бола тұра тұлғаның әлеуметтік бейімделуі зерттеуші үшін әртүрлі тараптардан көрінеді, мысалы, зерттеудің әртүрлі пәндері ретінде, әр қоғамдық ғылым социумдағы әлеуметтік икемделу үдерісінің бір ғана аспектісін зерттейтіндіктен, бір-бірімен байланысты болғандықтарына қарамастан, олардың мазмұндары қайталанбайды. Әлеуметтік философия және психология, әлеуметтану және педагогика өзінің жеке теорияларына, зерттеу әдістеріне, анықтау тәсілдеріне және терминологиясына сүйенеді. Бұл бейімделу үдерістерін зерттеудің пәндік салаларының айырмашылығында көрінеді. Олардың зерттеу бағдарламаларының, түсіндірулердің және көзқарастардың толық гаммасын құрайтындығы таңғаларлық жағдай емес. Әртүрлі мамандықтардың ғалымдары арасында табиғи кәсіби бәсекелестік болғанына қарамастан, тұлғаның социумдағы әлеуметтік бейімделу үдерістерінің барлық қиындығын және диалектикалық қарама-қайшылығын бірлесіп қана қамти алады.

Жоғарыда айтылғандай, отандық гуманитарлық әдебиетте бейімделу ұзаққа дейін жаратылыстану ғылымының тұрғысынан қарастырылып келді, ал био бейімделудің қасиеттері мен белгілері көбіне әлеуметтік бейімделуге көшірілді. Аталған көшірудің негіздігін және әдіснамалық тұрғыдан дұрыс

еместігін айтқымыз келеді, өйткені нысанның биологиялық және әлеуметтік бейімделуінің механикалық деректері іс жүзінде био бейімделуге тән тәсілдердің, амалдардың және заңдылықтардың қоғамдағы бейімделу үдерістерінің жоғары деңгейлеріне орынсыз тасмалдануын білдіреді. Тірі табиғат әлеміндегі икемделудің биологиялық механизмдеріне тереңдемей, социумдағы бейімделудің әлеуметтік-мәдени аспектілерін қарастыруға болады.

Әлеуметтік бейімделудің маңызды салаларының бірі - студенттердің жоғары оқу орнының білім беру ортасына бейімделуі. Бұл процесс жаңа академиялық талаптарды, оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі идеясын, тұлғааралық қарым-қатынастарды дамытуды және университеттің әлеуметтік-мәдени кеңістігіне интеграциялануды қамтиды. В. Сюэ мен М. Сингх шетелдік студенттердің университет ортасына бейімделуін академиялық, әлеуметтік-мәдени және психологиялық салалардың өзара әрекеттесуі арқылы зерттейді. Зерттеушілердің ойынша тілдік кедергілер, білім беру жүйесіндегі айырмашылықтар, мәдени айырмашылықтар және шектеулі әлеуметтік байланыстар, студенттердің жаңа білім беру ортасына бейімделуінде қиындықтар тудыратынын анықтады. Жоғары оқу орнына бейімделу студенттерден академиялық талаптарды игеруді, әлеуметтік байланыстарды дамытуды және жаңа мәдени ортаға бейімделуді талап ететін күрделі процесс ретінде сипатталады [27].

Авторлардың пікірінше, бұл үдеріс студенттердің құндылық бағаларын, дүниетанымдық ұстанымдарын, кәсіби нормаларын қалыптастырады. Психологияда бейімделу мәселесі бойынша Г.Айзенк [28], Г.Хартмана [29], Ж.Пиаже [30], сияқты ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізген. Олардың дәлелдеуінше, тұлғаның жаңа ортаға бейімделуінде өзіне тән жеке типологиялық қасиеттері маңызды орынды иеленеді .

Сонымен қатар, психологиялық және әлеуметтік бейімделу жөнінде - В. Чирков [31], Й. Разгулин [32], Т. Назир [33], А. Татарко [34] сияқты ғалымдар зерттеп, ғылыми жұмыстарында әлеуметтік-психологиялық бейімделудің механизмдерін тұжырымдайды. XX ғасырдың 90-жылдарында Рессейде әлеуметтік бейімделудің түрліше аспект және контекстерін зерттеуді, сондай-ақ трансформациялық процестерді зерттеуге ат салысады.

Бұл зерттеуде әлеуметтік өзгерістер, трансформация, модернизация, кезеңі және бейімделу стратегиясы, субъектінің құлқындағы әлеуметтік бейімделу моделдерінің түрлі дәрежелері бойынша - З.Т. Голенкова [35], Л.М. Дробижева [36], Т.И. Заславский [37], Ю.А. Левады [38], Н.Е. Тихонова [39], Н.И. Лапина [40], В.Г. Федотова [41], П. Штомпка [42] сияқты ғалымдардың еңбектерінде көрсетіледі.

Психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді нұсқау құжаттарын, бірінші курс студенттерінің оқыту мен тәрбиелеу саласындағы практикалық жұмыс тәжірибесін талдау білім үдерісінде бірқатар қайшылықтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік жасайды.

Жоғарыда көрсетілген зерттеу жұмыстары жоғары оқу орнындағы білім алушылардың оқу және кәсіби әрекетін оңтайландыру мақсатында теориялық

және практикалық маңызға ие болып отыр. Қазіргі таңда шетел студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселе зерттеуді қажет етеді.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде Бейімделу (Адаптация; лат «adapto» бейімделу)- организмнің сыртқы ортаның әр түрлі жағдайларына бейімделу қабілеттілігі. Бейімделу негізіне, ішкі ортаның тұрақтылығын сақтауға бағытталған организмнің реакциясы жатады. Бейімделу қалыпты дамуды, еңбекке қабілеттілікті және қоршаған ортаның әртүрлі жағдайындағы организмнің ұзақ тіршілік етуін қамтамасыз етеді. Бейімделу реакциялары жылдам және баяу болып бөлінеді. Жылдам реакциялар (туа біткен жылдам реакциялар организмнің эволюция процесінде қалыптасады) шұғыл бейімделуді (мысалы физикалық жүктеме кезінде тыныс алудың күшеюі, қас қарайған кезде көздің жарыққа сезімінің артуы) қаматамасыз етеді. Баяу реакциялар ұзақ уақыт бойы әсер ететін жағдайларға жауап ретінде біртіндеп қалыптасады (биік жерде еңбекке қабілеттілікті сақтай отырып, оттегінің жетіспеушілігіне бейімделу). Бейімделу (ағыл. adaptation, орыс. адаптация) - алғашында биологияда пайда болған термин, құрал мағынасын беріп, қоршаған орта мен ағза арасындағы байланысты зерттеу кезінде қалыптасты. Кейін әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдардың жаңа идеяларымен толығып, жаңа мағынаға ауысты (физиология, медицина, биология, психология т.б.) .

Бейімделу сондай-ақ теориялық ұғым ретінде гештальтпсихология, швейцар психологі Ж. Пиаже шығарған интеллект даму теориясындағы индивид пен қоршаған орта арасындағы өзара қатынастың гомеостаздық тепе-теңдесу процестері ретінде түсіндіретін психологиялық тұжырымдамаларда да кеңінен қолданылады.

Адамның бейімделуі биологиялық және психологиялық деп екіге бөлінеді: біріншісі-ағза функцияларының және құрылымының ортадағы жағдайға, шартқа бейімделуі; екіншісі - адамның әлеуметтік индивид ретінде, белгілі талаптарға, жағдайларға, принциптерге, қоғамдағы әдептілік ережелеріне, өзіндегі жекелік қасиеттерін ескере бейімделу үрдісі болып танылады. Әлеуметтік ортаның талаптарына индивидтің белсенді бейімделу үрдісі психологияда әлеуметтік бейімделу (әлеуметтену), әлеуметті аккомодация деп аталады. Қабылдаудың нәтижелілігін арттыру және рецепторларды шектен тыс жүктемеден сақтау мақсатымен сезім мүшелерінің әртүрлі стимулдар ерекшеліктеріне сәйкес бейімделу орын алады. Бейімділік - индивидтің өзін қызықтыратын белгілі бір іске таңдамалы бағыттылығы. Өмірде кездесетін жағдайларға, ең жақсы түрде бейімделуге ықпал ететін адам қылығы

Латын тілінен аударғанда «бейімделу» - икемделу, үйлесу деген мағынаны береді. Нақты уақытқа дейін «бейімделу» түсінігінің анықтамасы жоқ. Ағылшын ғалымы Проссердің айтуынша, оның көп мәнділігі сонша, қанша зерттеушілер бар, соншама түрлі жауап қайтарылады және соның барлығын қабылдауға болады.

Философия, әлеуметтану, психология мен педагогика өздерінің теорияларына сүйенеді, оқып - үйренудің әдістері, терминологиялық және

анықтама әдістері. Дегенмен ғалымдар арасында толық табиғи кәсіби бақталастық бар, тек қана біріге отырып, яғни ымыраға келе отырып социумдағы тұлғаның бейімделу процесінің жалпы күрделілігі мен диалектикалық қарама-қайшылығын анықтай алады. Отандық философияда тұлғаның бейімделу мәселесі жеке ғылыми позициясынан жиі қаралып жүр, ол биологиялық бейімделудің мәнділігі мен белгілері бейімделуге ауысады. Алайда мұндай ауысудың негізділігі күмән тудырады және оның әдіснамалық тұрғыдан дұрыстығы да даулы. Өйткені бейімделудің биологиялық және әлеуметтік компоненттерін механикалық ұштастыру, түптеп келгенде биологиялық бейімделуге тән әдіс-тәсілдер мен заңдылықтарды қоғамдағ бейімделу үрдістерінің жоғары деңгейлерін нәтижиесіз көшіруге әкеледі

Көптеген ғалымдар «бейімделу» деген терминнің әртүрлілілігі - оның құбылыс ретінде аз зерттелуі, адамдардың күнделікті өмірінде, зерттеудің қиын болуында деп түсіндереді.

Бейімделу жүйеден тыс өтпейтін болғандықтан оның бір сипаттамасы ретінде қызмет атқарады және мәдениет, қоғам берілген позиция тұрғысынан күрделі бейімделуші жүйелі білім болады. Өз кезегінде әдіснамаға қарағанда, кез-келген бейімделуші жүйе әрдайым ашық, функционалдық, өзін-өзі басқаратын жеке иерархиялық ұйымдастырылған жүйелер класына жатады және өз қызметін тіке және кері ақпараттық байланыс принципі негізінде құрады.

Бейімделу үрдісін көптеген тұрғыдан зерттеу, бейімделудің түрін көптүрлілікке әкеліп отыр. А.В. Сиомичевтің айтуынша бейімделу - адамның жеке тұлға ретінде өзгерген жағдайларға, ортаға бейімделуі. Бейімделуді адам өміріндегі және қызметіндегі өзгерістерге индивидуалды және тұлғалық қасиеттерінің бейімделу үдерісі ретінде анықтайды; студенттің бейімделуінде де оқу қызметінің негізгі бағыты ретінде танымдық және коммуникативтік аспектілер қарастырылады.

Студенттердің бейімделу үдерісі жаңа әлеуметтік ортаға енудің бастапқы кезеңінде бірқатар қиындықтармен сипатталады. Бұл кезеңде тұлға академиялық орта талаптарына, оқытудың жаңа формаларына және топ ішіндегі әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне бейімделу қажеттілігімен бетпе-бет келеді. Ал келесі кезеңде бейімделу үдерісі тереңдей түсіп, студенттің кәсіби өзіндік анықталуымен және болашақ мамандыққа бағытталған тұлғалық дамуының қалыптасуымен ерекшеленеді. Бұл екі кезең де бейімделудің үздіксіз және жүйелі сипаттағы көпдеңгейлі үдеріс екенін аңғартады.

Осыған ұқсас тұжырымдар қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде де кездеседі. Мәселен, З.К. Бекова мен С.К. Кожаева шетелдік студенттердің бейімделу үдерісін психологиялық қолдау тұрғысынан қарастырады. Олардың пікірінше, бастапқы кезеңде эмоционалдық тұрақсыздық пен әлеуметтік ортаға енудегі қиындықтар басым болады, ал кейінгі кезеңдерде академиялық және әлеуметтік бейімделу біртіндеп тұрақтанады [8].

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде бейімделу тұлғаның жаңа әлеуметтік орта жағдайларына икемделуі, оның талаптары мен нормаларын меңгеруі және сол ортада тиімді әрекет ету қабілетін қалыптастыру үдерісі

ретінде қарастырылады. Мысалы, Қ.Қ. Шалғынбаева бейімделуді білім беру ортасында тұлғаның әлеуметтік тәжірибені игеруі және өзара әрекет жүйесіне біртіндеп енуі ретінде сипаттайды. А.М. Қажғалиева бейімделуді көпмәдениетті білім беру жағдайындағы үдеріс ретінде негіздейді. Оның пікірінше, ол студенттің әлеуметтік рөлдерді меңгеруі және жаңа ортаға психологиялық, әлеуметтік тұрғыдан үйлесуі арқылы жүзеге асады [18].

Жоғары оқу орнындағы оқытуға бейімделу - басқа кез келген бейімделу үдерісіне тән аспектілерге ие, адамның бейімделгіш мінез-құлқының бір формасы. К.У. Биекенов қалыптасуының аз қарқынды кезеңінде көрініс табатын тұлғалық жүйе қуатының азаюымен сипатталады [43]. Бір сатыдан екінші сатыға өту бейімделу жүктемесінің үдеуі арқылы жүзеге асады, бұл ретте тұлғалық жүйе қуаты барынша толығады.

Осы сатылар жоғары оқу орнына бейімделу үдерісінде де кездесетінін болжауға болады. Бұл жағдайда бейімделу жағдаяты - студент тұлғасының белгілі бір жоғары оқу орнындағы нақты жағдаймен өзара әрекеттесуі. И.Ю. Мордвинцеваның зерттеуінде Қазақстан ЖОО-дағы шетелдік студенттердің әлеуметтік интеграциясы кешенді қарастырылады. Автор бұл үдерісті оқу-әлеуметтік өзара әрекет, тілдік кедергілер және психологиялық бейімделу арқылы талдап, бейімделуге ықпал ететін негізгі факторларды айқындайды. Сондай-ақ зерттеуде шетелдік және отандық студенттердің бірлескен оқуы мәдениетаралық түсінікті кеңейтіп, академиялық ортаның дамуына оң әсер ететіні көрсетіледі [44].

Төменгі курс студенттерінің бейімделу үдерісінің негізгі мазмұнын ғалымдар былайша анықтайды: кәсіпке қатысты жаңа қатынастың қалыптасуы; жаңа оқу формасын, бағалауды, өзіндік жұмыс жүргізудің тәсілдері мен амалдарын меңгеру; оқу ұжымының жаңа түріне, олардың дәстүрлері мен салттарына бейімделу; ғылыми қызметтің жаңа түрлерін үйрену; студенттер жатақханасындағы жаңа тұрмыстық жағдайға, «студенттік» мәдениеттің жаңа үлгілеріне, бос уақытты пайдаланудың жаңа формасына бейімделу.

Бейімделу - қашан да қоғаммен ішкі және сыртқы индивидуалды теңесудің белгілі бір түрі болғандықтан, Ю.С. Бабахан оқуға бейімделу қабілетінің көрсеткіші ретінде студенттің өзін-өзі бағалауының маңыздылығын атап көрсетеді. Студент бейімделуінің табысты болуының маңызды алғышарты өзіне ұсынылған оқу тапсырмаларына қатысты және олардың орындалуын анықтайтын ережелер мен тәртіпке қатысты студентте өз мүмкіндігін дұрыс бағалай білу қабілетінің болуы болып табылады [45].

А.Г. Терещенко зейіннің, естің және бейнелі ойлаудың даму динамикасын студенттердің жоғары оқу орнындағы оқытуға «бейімделуін» көрсететін үдеріс ретінде қарастыруға болатынын айтады. Қызмет деңгейінің өзгерісі және олардың қалыптасуы - оқу үдерісіне бейімделудің көрсеткіші.


Әдебиеттерде бейімделудің табысты болуының субъективті және объективті межелері бөлініп қарастырылады. Н.В. Тарабрина, Е.О. Лазебная субъективті межелерді орындаушының тіршілік әрекетінің түрлі аспектілерімен әрі өзіне-өзі саналы және бейсаналы қанағаттанушылығының деңгейі ретінде

анықтайды. Ал объективті межелер ретінде қызмет өнімділігінің, нәтижелілігінің белгілі бір деңгейін түсіндіретін іс-әрекет тиімділігі қарастырылады [46]. Біздің ойымызша, бұл екі межені бір-бірінен бөліп қарау дұрыс емес. Шетелдік студенттің бейімделуін тек оқу үлгерімімен немесе сабаққа қатысуымен өлшесек, оның жаңа ортадағы ішкі күйі назардан тыс қалады. Керісінше, студенттің өзіне берген бағасына ғана сүйену де жеткіліксіз. Ол университетке үйреніп кеттім деп санауы мүмкін, бірақ оқудағы нәтижесі мұны әрдайым растай бермейді.

Жоғарыда аталғандардың негізінде (ал мұның өзі студенттердің бейімделу мәселесінің бір бөлігі ғана) мынадай қорытындыға келуге болады, яғни студенттердің жоғары оқу орындарына бейімделуі - Б.Г.Ананьевтің кешенді тұжырымдамасына сәйкес зерттеуді қажет ететін, күрделі және көпфакторлы үдеріс [47].

Бейімделудің биологиялық және физиологиялық негіздерін зерттеген кезде, организмнің қоршаған орта жағдайларының өзгеруіне жауап беру механизмдеріне ерекше назар аударылады. Т. Дебевец және оның әріптестері бейімделуді дене белсенділігі мен қоршаған орта факторларынан туындайтын организмдегі физиологиялық және функционалдық өзгерістер тұрғысынан қарастырады [48]. Ғалымдар бейімделу процесін қысқа мерзімді реакциялардан ажыратады және оның ұзақ мерзімді өзгерістермен байланысын түсіндіреді. А. С. Эстафан және оның әріптестері физиологиялық бейімделуді-организмнің ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге жауап беру қабілетімен байланыстырады. Бұл процесс дене функцияларын реттеуде маңызды. Зерттеулер адамның қоршаған ортаға бейімделуі физиологиялық механизмдер арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Тіршілік үшін өзгермелі жағдайларға бейімделудің маңыздылығын атайды [49].

Әр саладағы ғалымдар, зерттеушілер өзінің зертеу бағытына байланысты анықтаманы ұсынады. Соларды қарастыратын болсақ В.Н. Дружинин - «бейімделуді» - ағзаның орта мен нәтижелі әрекет ету процесі деп қарастырады [50]. Ал Е.А. Ямбург «бейімделуді» - ағзаның құрылысы және функциясы, оның мүшелері және ұлпаларының орта жағдайына икемделуі дейді [51]. Л.Д. Столяренко «бейімделу - адамның қоршаған ортаның түрлі талаптарына ішкі қолайсыздықты сезінбей және орта мен қақтығыссыз икемделе алу қабілеті» - деп қарастырады. Адамның бейімделуін педагогикалық- психологиялық, физиологиялық, биологиялық, әлеуметтік деп төрт түрге бөліп қастырылады (2-сурет).



2-сурет. Адамның бейімделуі

Ұсынылған ғылыми көзқарастарды талдау нәтижесінде бейімделу адамның жаңа ортаға сыртқы икемделуін де, ішкі психологиялық, әлеуметтік және когнитивтік қайта құрылуын да қамтитын кешенді процесс ретінде қарастырылады. Әртүрлі авторлардың тұжырымдары бұл құбылыстың көпдеңгейлі сипатын көрсетеді.

Біздің тұжырымымыз бойынша, бейімделу - тұлғаның жаңа әлеуметтік, мәдени, білім беру және кәсіби орта жағдайларына біртіндеп енуі барысында оның ішкі психологиялық ресурстары мен сыртқы әлеуметтік талаптардың өзара үйлесуінен туындайтын динамикалық әрі үздіксіз үдеріс. Бұл үдеріс ортаға бейімделумен қатар тұлғаның белсенді әрекеті арқылы жаңа ортада өзін қайта құруын, әлеуметтік рөлдерді меңгеруін және жеке әлеуетін жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Бейімделу-тұлғаның оқу-танымдық іс-әрекетінің тиімділігімен, әлеуметтік байланыстардың қалыптасуымен және өзін-өзі бағалау деңгейімен тығыз байланысты көпөлшемді құрылым ретінде сипатталады. Бейімделудің табыстылығы субъективті қанағаттану деңгейі мен объективті нәтижелілік арқылы өлшенеді. Бұл өз кезегінде тұлғаның жаңа ортадағы психологиялық тұрақтылығы мен әлеуметтік белсенділігін айқындайды.

Бейімделу - тұлғаның жаңа ортада дамуына, өзін-өзі жетілдіруіне және әлеуметтік интеграциясына бағытталған белсенді көпфакторлы процесс. Педагогикалық-психологиялық бейімделу-кез келген адамның басқа ортаға ауысқанда сол ортадағы психологиялық ерекшеліктерді, сол ортада қалыптасқан мәдениет пен тәрбиені қабылдауы. Психологиялық бейімделуге қатысты Пермь мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдары И.П. Лукьянова мен О.С. Огнева «Бірінші курс студенттерінің психологиялық ерекшеліктері мен жоғары оқу орындарына бейімделу проблемалары» атты еңбегінде студенттердің жоғары оқу орындарына бейімделуі мен олардың психологиялық ерекшеліктері туралы айтады [52]. П.К. Рахимгалиева «Жоғары оқу орнының

студенттерін кәсіби іс-әрекетке бейімдеудің физиологиялық аспектілері» атты диссертациялық жұмысында бейімделудің кезеңдері мен физиологиялық ерекшеліктерін көрсеткен [12] (1- кесте).

1-кесте. Бейімделудің кезеңдері мен физиологиялық ерекшеліктері

Кезеңдері	Бейімделудің физиологиялық ерекшеліктері
Бейімделудің бастапқы кезеңі	Сыртқы факторлардың әсері басталғаннан кейін бірден пайда болатын бастапқа қорғаныс фазасы. Ол тек дайын, бұрын қалыптасқан физиологиялық механизмдер негізінде, ең алдымен жедел әрекет етудің функционалды жүйелерін (жүрек-қан тамырлары, жүйке және тыныс алу жүйелері) қосу арқылы жүзеге асырылады.
Бейімделудің аралық кезеңі	Орталық жүйке жүйесінің жалпы қозғыштығының төмендеуімен, өзгерген жағдайларға бейімделуді басқаруды қамтамасыз ететін функционалды жүйелердің қалыптасуымен, гормоналды өзгерістер қарқындылығының өзгеруімен сипатталатын өтпелі кезең. Ағзаның адаптивті-компенсаторлық реакциялары біртіндеп тіндік жауап деңгейге ауысады.
Бейімделудің тұрақты кезеңі	Тұрақты бейімделу кезеңі функционалды жүйелердің қызметін қамтамасыз ететін, өмір сүру жағдайларына сәйкес келетін тіндік, жасушалық, мембраналық элементтер қызметінің жаңа деңгейімен сипатталады.

Әлеуметтік бейімделуде «бейімделу» ұғымы адамның тұлғалық сапаларына сай өз-өзін ұстауының формасы ретінде қарастырылады. Психологиялық тұжырымдамаларда тұлғаның бейімделуі топтың немесе жеке тұлғаның белгілі материалды жағдайларға, әлеуметтік ортаның нормаларына және құндылықтарына белсенді ыңғайлану үдерісі, әлеуметтену үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде түсіндіріледі.

Бейімделу реакцияларын жүзеге асыратын организмнің әр түрлі жүйелерінің арасынан орталық жүйке жүйесі жетекші орын алады. Ол организмнің бейімделу процесстерін үйлестіреді. Бұл кезде эндокриндік және вегативті жүйке жүйесі де маңызды рөл атқарады. Бейімделу процесінде оның үш сатысын бөліп көрсетуге болады: бағдарланған-бейімделген (функция уақытша бұзылады), тұрақсыз, толық емес бейімделу (жаңа жағдайға сәйкес келетін тұрақты жағдайды белсенді іздестіру) және салыстырмалы түрде тұрақты бейімделу.

Адамның бейімделу мүмкіндіктері оның тегіне, жасына денсаулығына және дағдылануына байланысты. Мысалы: ақыл-ой еңбегімен айналысатын, аз қимылдайтын адамдар дене еңбегімен айналысқан кезде тез шаршап қалады. Жүйелі түрде жаттығып шынығу арқылы бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға болады. Бұл кезде организмнің даралық ерекшеліктерін ескеру керек. Өйткені

сәйкес келмейтін жүктеме денсаулыққа пайдасыз (жеткіліксіз болғанда) немесе зиянды (шектеп асып кеткенде) болуы мүмкін. Әрбір организм үшін оңтайлы физикалық жүктеме және биологиялық жетілдіру тәртібін дәрігердің кеңесі бойынша анықтауға болады. Тиімді күн тәртібі, организмді шынықтыру, қозғалыс бесенділігінің орнықты деңгейі бейімделу процесінің қолайлы ағымына әсер етеді.

Бейімделу үшін күрес-тіршіліктің негізгі заңдылықтарының бірі. Бұл тек қана бірқалыпты биологиялық объектілерге әртүрлі деңгейдегі күрделілікте таратылмайды, сонымен бірге адамға дабиосоциалдық табиғатты алып жүруші ретінде. Соңғы кездегі күшейтілген ғылымдағы интеграциялық процестер бұл феноменді комплексті түрде қарастыруды талап етуде және бейімделудің ерекше түрін анықтауға талпынуда. Нәтижесінде бейімделу спецификалық биологиялық түсініктен интегративті бейімделуі зерттеушіге өзінің жан-жақтылығымен яғни әртүрлі пәндерді оқып үйрену барасында анықталады.

Бейімделу - бұл атрибутивтік мәнділік, күрделі өзін -өзі басқаратын жүйелердің функционалдық белгісі. Олай болса, оның ерекшелігі туралы айту орынды, бейімделу процесі кезінде жүйелер арасындағы және олардың өзара әркетінің сипаты туралы және жүйенің бейімделу деңгейі немесе оның потенциалдық бейімделу мүмкіндіктері туралы. Мамандардың өмірдің әртүрлі салаларына бейімделуінің философиялық және психологиялық негіздері, ұжымға жеке бейімделудің механизмдері, сондай-ақ бейімделу үдерісінің психологиялық аспектілері, кәсіби өзін-өзі анықтаудың, кәсіби бағыттылықтың және құзіреттіліктің негіздері зерттелді.

Қазіргі уақытта әлеуметтік-педагогикалық және кәсіби бейімделуге арналған зерттеулер қарқын алды. Педагогикалық ғылымда бейімделу тұлғаның қоршаған ортамен белсенді әрекеттестігінің тұтас үдерісі ретінде қарастырылады. Бұл үдеріс осы ортада сәтті қызмет етуге бейімделумен қатар пәндік кеңістікті меңгеруді де қамтиды. Болашақ маманның жаңа оқу ортасына бейімделуі күрделі мәселелердің бірі. Бейімделу - студент белсенділігінің, тұлға ретінде кәсіби қалыптасуының және жеке адами дамуының шарты.

М. Ло (M. Luo) және әріптестері шетелдік студенттердің психологиялық бейімделуін әлеуметтік-мәдени ортаға кірігу үдерісімен байланыстыра қарастырады. Ғалымдардың зерттеуінде тұлғаның мәдени бағдарлары, әлеуметтік қолдау деңгейі және тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктері психологиялық жай-күй мен әлеуметтік-мәдени бейімделу қиындықтарына ықпал ететін факторлар ретінде зерделенген. Психологиялық бейімделу студенттің жаңа әлеуметтік ортаға үйренуімен, мәдени ерекшеліктерді қабылдауымен және әлеуметтік байланыстар орнатуымен байланысты үдеріс ретінде сипатталады [53].

Адамның әлеуметтік, педагогикалық, психикалық бейімделуі - күрделі икемделу үдерісі. Бейімделусіз түрлі климаттық жағдайда да, үнемі өзгеріп отыратын құбылыстар арасында да ағзаның қалыпты өмірлік әрекеттерін ұстап тұрудың өзі мүмкін емес. Жоғары мектепке бейімделу үдерісін тұтастай алғанда әлеуметтік бейімделуге жатқызуға болады. Алайда бұл үдерістің ішкі құрылымы

әртекті, ол бірнеше өзара тығыз байланысқан өлшемдердің күрделі синтезі ретінде көрінеді. Шетелдік студенттердің жаңа университеттік ортаға кіруі академиялық талаптарды игерумен қатар тұлғаның барлық деңгейлерін қамтитын жүйелі трансформацияларды талап етеді. Зерттеушілер бейімделу феноменін талдағанда оның бірнеше негізгі қырын ажыратады олар: мәдени-тілдік, оқу-танымдық, әлеуметтік-психологиялық, институционалдық-ұйымдастырушылық және құндылық-мотивациялық аспектілер. Әрбір аспект бейімделудің жеке қырын сипаттайды, ал олардың жиынтық әсері студенттің жаңа әлеуметтік-мәдени және білім беру кеңістігіне табысты интеграциялануының негізін құрайды. Енді әр аспектіні жеке қарастырып, олардың шетелдік студенттердің бейімделуіндегі ерекшеліктеріне тоқталайық.

Мәдени-тілдік аспект - білім алушының өзге тілдік және мәдени кеңістікке кіруімен сипатталатын деңгей. Шетелдік студент үшін бұл күнделікті коммуникацияға түсу, оқу материалын қабылдау және жергілікті әлеуметтік нормаларды түсіну қабілетін қамтиды. Зерттеушілер В.В. Гриценко, О.Е. Хухлаев, Р.И. Зинурова, В.В. Константинов, Е.В. Кулеш, И.В. Малышев, И.А. Новикова және А.В. Черная [54] өз жұмысында мәдениетаралық құзыреттіліктің бейімделу үдерісіндегі маңызын ашады. Олар тілдік дағдылардың жеткілікті деңгейі мен мәдени кодтарды түсіну білім алушының академиялық және әлеуметтік ортаға табысты интеграциялануының негізгі шарты екенін дәлелдейді. М.И. Витковская мен И.В. Троцук [55] еңбектерінде тілдік кедергілер бейімделудің алғашқы кезеңіндегі басты стресс факторы ретінде қарастырылады, оларды жеңу механизмдері де көрсетілген.

Оқу-танымдық аспект білім алушының жаңа білім беру жүйесіне, оқытудың өзгеше әдістері мен бағалау критерийлеріне үйрену үдерісін сипаттайды. Әртүрлі елдердің академиялық дәстүрлеріндегі алшақтықтар елеулі кедергілер тудыруы мүмкін. Н.А. Максимова мен В.В. Константинов [56] зерттеуінде академиялық бейімделудің танымдық компоненті талданған. Ол білім алушының оқу ортасына, педагогикалық әдістер мен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру формаларына бейімделу критерийлері арқылы ашылады. Авторлар танымдық компоненттің табысты академиялық бейімделу үшін маңыздылығын статистикалық тұрғыдан дәлелдейді.

Әлеуметтік-психологиялық аспект тұлғааралық қарым-қатынастарды, әлеуметтік байланыстарды орнатуды, топтағы өз орнын табуды және жаңа жағдайдағы психологиялық жайлылықты қамтиды. А.А. Горожанкин [57] әлеуметтік-психологиялық бейімделу моделін аффилиация мотивациясы контекстінде теориялық тұрғыдан дәлелдейді. Оның тұжырымы бойынша, білім алушының әлеуметтік топтармен байланыс орнатуға деген ішкі ұмтылысы оның психологиялық әл-ауқаты мен бейімделу жылдамдығына тікелей әсер етеді. Мысалы, В.В. Подпругина [58] шетелдік студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделу кезеңіндегі когнитивті-эмоционалды және мотивациялық-еріктік көріністерін сипаттайды. Ол өзін-өзі қабылдау, эмоционалдық жайлылық және интерналдылық секілді тұлғалық қасиеттердің маңыздылығын эмпирикалық түрде нақтылайды.

Институционалдық-ұйымдастырушылық аспектіде бейімделу үдерісінің сәттілігі көбінесе университеттің ұйымдастырушылық құрылымына, яғни әлеуметтік-педагогикалық қолдау жүйесіне, кураторлық институтқа, арнайы бейімдеу бағдарламалары мен жағдайларына байланысты. О.И. Башеров, И.В. Боговская, И.Н. Сведенцова және Н.С. Маршал [59] зерттеуінде шетелдік студенттерді педагогикалық сүйемелдеудің жүйелі моделі көрсетілген. Бұл модель өзара байланысты төрт компонентті қамтиды: лингвомәдени, академиялық, әлеуметтік-психологиялық және ақпараттық-технологиялық.

Құндылық-мотивациялық аспектіде студенттің жеке тұлғалық ерекшеліктері, оның бейімделуге деген ішкі уәжі, белсенділігі және жауапкершілігі бейімделудің табыстылығының қалыптасуына ықпал етеді. Н.А. Максимова мен В.В. Константинов [60] білім беру ортасының сипаттамалары мен академиялық бейімделу көрсеткіштері арасындағы байланысты зерттей отырып, мотивациялық компоненттің шешуші рөлін анықтайды. Олардың мәліметтері бойынша, білім беру ортасының белсенділігі, қарқындылығы және эмоционалдылығы студенттің академиялық бейімделу әлеуетіне айтарлықтай әсер етеді. Сондай-ақ В.В. Подпругина шетелдік студенттердің мотивациялық-еріктік көріністерін қарастырып, ішкі уәждің жоғары деңгейі бейімделудің сәтті өтуінің негізгі факторы екенін дәлелдейді [58].

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі - оқу кезеңінің, мәдени және әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесудің маңызды бөлігі. Бұл бейімделу үдерісі студенттің академиялық жетістіктеріне, әлеуметтік көмек сезіміне және жалпы өмір сапасына тікелей әсер етеді. Әлеуметтік-педагогикалық бейімделудің теориялық негіздері әртүрлі ғылыми бағыттарды қамтиды: мәдениетаралық қарым-қатынас, адаптация теориялары және педагогика мен психологияның негізгі қағидалары. Осы бағыттар шетелдік студенттердің жаңа мәдениетте өзін-өзі жайлы сезінуіне, жеке тұлғалық өсуіне және жаңа ортада өз мүмкіндіктерін толықтай ашуына жағымды ықпал етеді.

Осы теориялық бағыттар зерттеулерінде шетелдік студенттердің бейімделуін сипаттайтын негізгі факторлар мен тенденциялар, сондай-ақ олардың академиялық және әлеуметтік интеграциясына әсер ететін кедергілер жиі қарастырылады. Ең алдымен тілдік кедергілер, көптеген студенттердің тілді меңгеруде қиындықтарға тап болатыны белгілі. Д. Кайкенов өз зерттеуінде бұл олардың үлгеріміне және әлеуметтік өзара әрекеттесуіне әсер ететінін атап өтеді.

Мәдени айырмашылықтар, құндылықтар мен әдет-ғұрыптардағы алшақтық ыңғайсыздыққа әкеліп, жергілікті студенттермен қарым-қатынасқа кедергі келтіруі мүмкін деп Т.В. Черникова айтады.

Т.В. Черникова зерттеуінде шетелдік студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуда бейімдеу тренингтері мен университеттің кросс-мәдени қолдау жүйесінің маңыздылығы атап көрсетілген [61].

Бейімделу үдерісі күрделі болғанымен, ол жеке өсу мен мәдени алмасуға мүмкіндіктер ашады. Кейбір студенттерге бұл мәселелер олардың өміршеңдігі мен бейімделгіштігін арттырып, білім беру жолын байытады деп сенуі мүмкін.

Шетелдік студенттердің академиялық ортаға бейімделуі - көп қырлы әлеуметтік құбылыс. Бұл үдеріс академиялық құзыреттіліктерді игеру мен ғылыми жетістіктерге жетумен қатар бейтаныс мәдениетті, әлеуметтік конвенцияларды, құндылықтарды және мінез-құлық үлгілерін меңгеруді де қамтиды. Мұндай әрекет шетелдік студенттің жаңа қоғамдық шеңберге интеграциялануын жеңілдетеді, бұл оған академиялық ортадағы рөлін анықтауға және әртүрлі мәдени ортадағы құрдастарымен қарым-қатынас жасау үшін қажетті тұлғааралық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Т.Б. Машенбаев өз еңбегінде жоғары оқу орындарындағы түлектер мен оқытушылар арасындағы бірінші жылдары өзара қатынасқа келетін жұмыс түрлерін ұсынады, кеңес өткізу (қолайлы демалыс кездерінде), өз студенттерімен және факультет мұғалімдерімен кешенді іс-сапарлар, куратор мен студенттің арасындағы үнемі байланыстың болуы, жас педагогтар мен олардың жетекшілеріне семинар өткізу, бейімделу барысында сұрақ-жауап жүргізу және басқа да жолдар [62].

Жоғарыда отандық студенттердің бейімделуін қарастырған болсақ, шетелдік студенттерде бұл үдеріс екі есе күрделі жүреді, өйткені университеттік ортаға бейімделуге бірнеше фактор әсер етеді. Қазақстандағы шетелдік студенттердің бейімделу үдерісін зерделеу әлеуметтік бейімделу жолындағы бірнеше негізгі кедергілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. тілдік;
2. тұрмыстық;
3. климаттық;
4. мәдениетаралық;
5. этносаралық;
6. мотивациялық.

Олардың ішіндегі ең бастысы - тілдік кедергі. Қазақ немесе орыс тілін білмеу - шетелдік студенттердің әлеуметтік бейімделуіндегі негізгі кедергі. Шетелдік студенттердің қазақ тілін немесе орыс тілі меңгеру мәселелері ана тіліне қатысы жоқ тілдің күрделілігімен байланысты болуы мүмкін, шетелдік студенттерде фонематикалық есту және айтылу дағдылары ұзақ қалыптасады, шетелдік студенттердің көпшілігі қазақ немесе орыс тілдері деңгейі өте төмен дәрежеде Қазақстанға оқуға келеді. Дегенмен Barker M.J. өз зерттеуінде шетел студенттерінің университеттік ортаға бейімделудің тиімді жолдарын көрсетті яғни олар: мәдени даму, достық және достар арасында өзге ұлтты достарының көп болуы, оқу барысында студенттер жиі саяхаттауы, оқу барысында мәдени қарым-қатынасы жақсарту деп көрсетіп кетеді [63].

Шетелдік студенттердің толық қанды бейімделуіне тек қана тіл мәселесі де кедергі емес оны біз келесі С.И. Моднов және Л.В. Ухованың зертеуінде көре аламыз. Авторлардың айтуынша шетелдік студенттердің бейімделуіне материалдық және тұрмыстық жағдайларының төмендігі яғни олардың өмір сүруінің қолайсыз жағдайларымен байланысты. С.И. Моднов және Л.В. Ухов шетелдік студенттердің жақсы оқуы үшін университет тарапынан шетелдік студенттерге жатақханамен толық қамтамасыз етілу керектігі айтылған [64].

Ал енді шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуіне байланысты зерттеулерге талдайтын болсақ, М.Т. Иманалиева зерттеуінде және Е.В Клюшникова зерттеуінде шетел студенттерінің бейімделуімен әр түрлі қиындықттарды байланыстырған, олар: психофизиологиялық, оқу - танымдық, қауіпсіздік пен өмірді қамтамасыз ету, қаржылық деп атап кеткен [65], [66].

Осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыратын «Шетелдік студенттердің Қазақстандық жоғары оқу орнына бейімделуі» атты ғылыми мақалада шетелдік студенттердің жаңа әлеуметтік және білім беру ортасына бейімделу ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеуде студенттердің университеттік ортаға бейімделуі оқу үдерісіне үйренумен қатар басқа мәселелермен де байланысты екені көрсетілген: әлеуметтік қарым-қатынас орнату, тілдік кедергілерді еңсеру, психологиялық тұрақтылықты сақтау және жаңа мәдени ортаға икемделу. Шетелдік студенттердің бейімделу барысында кездесетін қиындықтарын жеңілдетуде университет көрсететін әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың маңыздылығына да назар аударылған [67].

Ғылымда адамның бейімделу проблемалары дәстүрлі-қолданбалы қоғамдағы бейімделу процесін танып білуде жалпы ғылыми-теоретикалық әдіснамалық тұрғыдан сипатталады. Жоғарыда авторлардың айтқан ойларын түйе кеткенде шетелдік студенттердің әлеуметтік педагогикалық бейімделуіне кедергі келтіретін жағдайлар 2-кестеде сипатталады.

2-кесте. Шетел студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің кедергілері

Аспект/Фактор	Автор/Зерттеуші	Қарастырған мәселесі
1	*2*	*3*
Әлеуметтік оқшаулану	Е.В. Клюшникова	Әлеуметтік оқшауланудың эмоционалдық жағдайына теріс әсер ететінін дәлелдейді. Жаңа ортада достар мен әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі жалғыздық сезімін күшейтіп, психологиялық жайсыздықтың туындауына себеп болуы мүмкін.
Мәдени айырмашылықтар	Т. Чернышева	Мәдени айырмашылықтардың бейімделу процесіне елеулі ықпал ететінін атап көрсетеді. Әртүрлі халықтардың құндылықтары, мінез-құлық нормалары, салт-дәстүрлері мен қарым-қатынас ерекшеліктері жаңа ортаға үйрену барысында қиындықтар туындатып, мәдени күйзелістің пайда болуына әсер етеді.

2-кестенің жалғасы

Материалдық мәселелер	С. И. Моднов	Материалдық-тұрмыстық жағдайлардың бейімделудегі рөлін ерекше атап өтеді. Қаржылық қиындықтар, тұрғын үй мәселелері және тұрмыстық қолайсыздықтар студенттердің психологиялық жай-күйіне әсер етіп, олардың оқу қызметіне толыққанды қатысуына кедергі келтіреді.
Климаттық бейімделу	А. Байжанов	Климаттық жағдайлардың өзгеруі де бейімделу процесіне ықпал ететін факторлардың бірі екенін көрсетеді. Әсіресе жылы аймақтардан келген студенттер үшін ауа райының күрт өзгеруі денсаулық жағдайына әсер етіп, жаңа ортаға үйрену мерзімін ұзартады.
Этносаралық кедергілер	Л. В. Ухов	Этносаралық қарым-қатынастар саласындағы қиындықтарды маңызды мәселе ретінде қарастырады. Әртүрлі этникалық топ өкілдері арасындағы өзара түсіністіктің жеткіліксіздігі мәдениаралық кедергілердің күшеюіне және әлеуметтік интеграцияның баяулауына әкелуі ықтимал.
Қауіпсіздік пен өмірді қамтамасыз ету	М.Т. Иманалиева	Қауіпсіздік пен өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету мәселелерінің маңыздылығын көрсетеді. Студенттердің жеке қауіпсіздігіне, құқықтық қорғалуына және тұрмыстық жағдайларына қатысты алаңдаушылық олардың университеттік ортаға деген сенімін төмендетіп, бейімделу процесін күрделендіреді.
Тілдік кедергілер	Д. Кайкенов	Шетелдік студенттердің алдында кездесетін негізгі кедергілердің бірі ретінде тілдік қиындықтарды көрсетеді. Оқу тілін жеткілікті деңгейде меңгермеу дәрістерді түсінуге, тапсырмаларды орындауға, оқытушылармен және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға кедергі келтіреді. Нәтижесінде студенттердің академиялық үлгерімі төмендейді.

Жоғарыда қарастырылған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау шетелдік студенттердің бейімделуі күрделі, көпқырлы және динамикалық процесс екенін көрсетеді. Зерттеушілердің бір тобы бейімделудің психологиялық аспектілеріне басымдық берсе, екінші тобы әлеуметтік, мәдени, тілдік немесе академиялық факторлардың ықпалын ерекше атап көрсетеді. Ғылыми әдебиеттерде бейімделу үдерісі тұлғаның жаңа орта талаптарына икемделуі, сондай-ақ оның сол ортаға белсенді кірігуі және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, шетелдік студенттердің жаңа университет ортасына бейімделуі бірнеше кезеңнен өтетін процесс ретінде қарастырылады:

Адаптациялық-шок кезеңі. «Мәдени шок» ұғымын ғылыми айналымға енгізген К. Оберг бұл құбылысты адамның жаңа мәдени ортада бағдарлануын жоғалтуынан, айналасындағы әлеуметтік белгілер мен күтулердің түсініксіздігінен туындайтын қорқыныш, көңілсіздік және бағдардан адасу жағдайы ретінде анықтайды. С. Лисгаардтың U-тәрізді бейімделу қисығы моделінде осы кезең шетелде болудың алғашқы айларына тән эмоционалдық құлдырау кезеңі ретінде сипатталады, ол бастапқы эйфориядан кейінгі көңілсіздіктен, тілдік кедергіден, тұрмыстық және академиялық талаптардың артуынан және әлеуметтік қолдау желісінің әлсіздігінен туындайды. А. Фернхэм мен С. Бохнер когнитивті шаршауды, өзін-өзі бағалаудың төмендеуін және өз мәдениетіне деген құштарлық сезімін осы кезеңнің негізгі белгілеріне жатқызады [12].

Бейімделу және интеграция кезеңі. Дж. Берри ұсынған аккультурация стратегияларының моделіне сәйкес, адам жаңа мәдени ортамен қарым-қатынасында ассимиляция, бөліну, маргиналдау және интеграция стратегияларының бірін таңдайды. Олардың ішінде психологиялық тұрғыдан ең тиімдісі - интеграция жеке тұлға өзінің мәдени ерекшелігін сақтай отырып, қабылдаушы қоғамның құндылықтары мен нормаларын да меңгереді [11]. К. Уорд, С. Бохнер және А. Фернхэм бұл кезеңде адам жаңа әлеуметтік байланыстар қалыптастыра бастайтынын, тілдік және мәдени құзыреттіліктің артатынын, сондай-ақ күнделікті өмір мен білім беру ортасының талаптарына бейімделу дағдыларының қалыптасатынын атап көрсетеді [12]. Студент бастапқы ұйымдаспағандықты жеңіп, жаңа ортаның әлеуметтік-мәдени контекстіне белсенді интеграцияланады.


Аккультурациялық теңгерім кезеңі. Дж. Т. Гуллахорн мен Дж. И. Гуллахорн Лисгаардтың U-тәрізді моделін кеңейтіп, W-тәрізді қисық моделін ұсынады. Онда бейімделу үдерісі бірнеше толқыннан өтіп, ақырында тұрақты эмоционалдық және әлеуметтік тепе-теңдік кезеңіне жетеді. Ю. Ю. Ким өзінің мәдениетаралық бейімделу теориясында бұл соңғы кезеңді «стресс-бейімделу-өсу» динамикасының нәтижесі ретінде түсіндіреді. Оның пікірінше, жеке тұлға жаңа мәдени ортамен қайталанатын өзара әрекеттесу үдерісінде өз коммуникативтік және психологиялық жүйесін қайта құрып, функционалдық және психологиялық тұрғыдан тұрақты күйге - аккультурациялық тепе-теңдікке қол жеткізеді [68]. Бұл кезеңде жеке тұлға жаңа әлеуметтік-мәдени ортаны

толыққанды өмір сүру кеңістігі ретінде қабылдайды, ал бастапқы стресс факторлары бейтараптанады немесе оң тәжірибелерге айналады.

Жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға интеграциялануы бірыңғай, сызықтық процесс емес, бірнеше сапалық кезеңдерден тұратын динамикалық құбылыс болып саналады. Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде бұл процесс көбінесе мәдени бейімделудің «U-тәрізді қисық» моделі 3 - суретте негізінде түсіндіріледі, оның бастапқы кезеңі бейімделу шокы, орта кезеңі белсенді бейімделу және интеграция, ал соңғы кезеңі тұрақты аккультурациялық тепе-теңдікке қол жеткізу болып табылады.

Суретте адамның жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу процесі көрсетілген. Бастапқы деңгей төмендейді, минималды нүктеге жетеді, содан кейін біртіндеп артады және тұрақты деңгейде қалады.

Бірінші кезең, бейімделу шокы - бұл жаңа ортаға тап болған адамның таныс әлеуметтік белгілері мен күтулерінің жоғалуынан туындаған бағдардан адасу, қорқыныш және көңілсіздік жағдайы. Бұл кезеңде когнитивті шаршау, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі және өз мәдениетіне деген құштарлық байқалады.



3- сурет. С. Лисгаардтың U-тәрізді бейімделу қисығы

Екінші кезең, бейімделу және интеграция - адамның жаңа ортамен белсенді өзара әрекеттесуімен сипатталады. Ол мәдени ерекшелігін жоғалтпай, қабылдаушы қоғамның тілін, нормалары мен құндылықтарын үйренеді. Бұл процесс эмоционалдық жайлылықты қалпына келтіру, тұрмыстық және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және жаңа мәдени ережелерді түсіну арқылы жүзеге асырылады. Үшінші, соңғы кезең - аккультуралық теңгерім - тұрақты психологиялық және әлеуметтік тепе-теңдікпен аяқталады адам жаңа ортаны қауіп көзі ретінде емес, толыққанды өмір сүру кеңістігі ретінде

қабылдайды, ал бастапқы стресс факторлары бейтараптандырылады немесе оң тәжірибеге айналады.

Осылайша, адамның әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесі бейімделу-шоктан бастап, бейімделу және интеграция арқылы аккультурациялық теңгерімге дейінгі динамикалық жолдан тұрады және әрбір кезең өзінің психологиялық механизмдері мен сипаттамаларымен ерекшеленеді.

Ғалымдардың тұжырымдарын саралай отырып, біз шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін студенттің жаңа әлеуметтік-мәдени және білім беру ортасына табысты кірігуіне бағытталған, оның тілдік, академиялық, мәдени, коммуникативтік және тұлғалық мүмкіндіктерін дамытуды қамтитын мақсатты әрі үздіксіз процесс ретінде қарастырамыз. Бұл үдеріс барысында студент жаңа қоғамның құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын және білім беру жүйесінің ерекшеліктерін меңгеріп қана қоймай, өз әлеуетін жүзеге асыруға, әлеуметтік байланыстар орнатуға және кәсіби қалыптасуға мүмкіндік алады.

Біздің пайымдауымызша, шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі - бұл студенттің университеттік ортаға, әлеуметтік қатынастар жүйесіне және қабылдаушы қоғамның мәдени кеңістігіне тиімді кірігуін қамтамасыз ететін, әлеуметтік қолдау, педагогикалық сүйемелдеу және тұлғаның белсенді қатысуы негізінде жүзеге асатын көпдеңгейлі үдеріс. Сондықтан аталған үдерісті табысты ұйымдастыру жоғары оқу орны тарапынан жүйелі әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуді талап етеді.

Зерттеу барысында қарастырылып отырған мәселенің теориялық әдіснамалық негізін дәлелдеу мақсатында ғылыми еңбектерге шолу жасау арқылы «студент», «университет», «бейімделу», «білім», «орта», «білім беру ортасы», «әлеуметтік орта», «психологиялық бейімделу», «педагогикалық бейімделу», «әлеуметтік бейімделу» ұғымдарына түсінік беруге, өзіндік ерекшеліктері мен функциялары нақтылауға тырысып, өз тарапымыздан сипаттама беруге талпындық.

Педагогикалық бейімделу, соның ішінде оқу әдістерін бейімдеу, тілдік және академиялық қолдау шетелдік студенттерге жаңа материалды үйренудегі және оқу үдерісін түсінудегі қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Әлеуметтік бейімделу, өз кезегінде, шетелдік студенттердің Қазақстанның мәдени және әлеуметтік өміріне енуге ықпал етеді. Достық және қолдау ортасын құру, мәдениетаралық алмасу іс-шараларын ұйымдастыру және психологиялық қолдау оларға оқшаулану мен стресс сезімін жеңуге көмектеседі.

Мәдениетаралық білім беру ортасы университеттердің, оқытушылар мен студенттердің бірлескен жұмысы арқылы қалыптасады. Мұндай ортада әр шетелдік студент білім алып, дағдысын дамытады және оқудан оң тәжірибе жинайды. Бейімделу осылай жүрсе, оның пайдасы екі жақты болады: студент оқуда табысқа жетеді, ал Қазақстанның білім беру ортасы мәдени және білім беру жолдарының алуан түрлілігімен толығады.

Бірінші тарауда жүргізілген теориялық талдау көрсеткендей, университеттердің, оқытушылардың және студенттердің бірлескен күш-жігері

ұйымдастыруға бағытталған мәдениетаралық білім беру ортасын қамтамасыз етеді. Мұнда әрбір шетелдік студент білімді қабылдап, дағдыларын арттырып және оң оқу тәжірибесін құра алады. Бұл бейімделу үдерістері студенттердің академиялық табысына және Қазақстанның білім беру жүйесінің мәдени әртүрлілігін байытуға ықпал етеді. Осы теориялық негіздерді нақтылау мақсатында келесі бөлімде bibliometrix әдісі арқылы алынған деректерді сараптап, жарияланымдардың динамикасын, негізгі авторларын, журналдарды және кілттік сөздерді қарастырамыз.

1.2 Жоғары оқу орнындағы әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін зерттеудің библиометриялық талдауы

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне қатысты зерттеулердің библиометриялық талдау бөлімінің мақсаты - шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу мәселесі бойынша жарияланған ғылыми зерттеулердің көлемін, бағыттарын және негізгі үрдістерін жүйелі бағалау. Bibliometrix арқылы алынған мәліметтер бейімделудің түрлі қырларының ғылыми зерттеулерде қаншалықты қамтылғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік бейімделуге арналған зерттеулер студенттердің университеттік топтардағы өзара әрекеттесуін, әлеуметтік байланыс орнатуын және топ ішіндегі коммуникацияның тиімділігін қарастырады. Педагогикалық бейімделу бағытындағы зерттеулер оқу үдерісін ұйымдастыруды, академиялық талаптарды меңгеруді және оқытушылардың кәсіби қолдауын қамтиды. Психологиялық бейімделу шетелдік студенттердің ішкі ресурстарын, эмоционалдық тұрақтылығын және стресс жағдайында өзін-өзі басқару қабілетін сипаттайды. Мәдени бейімделу аспектісінде қабылдаушы елдің дәстүрлері мен құндылықтары, мәдени нормаларды қабылдау және мәдениетаралық өзара әрекеттесуді тиімді ұйымдастыру мәселелері зерттеледі. Bibliometrix талдауы әрбір бейімделу факторы бойынша зерттеулердің негізгі бағыттары мен үрдістерін көруге мүмкіндік береді.

Web of Science дерекқорынан іздеу нәтижесінде шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу мәселесіне қатысты 100 ғылыми жарияланым анықталды. Алынған деректер bibliometrix бағдарламасында талдау жасау үшін құрылымдық деректер базасына түрлендірілді.

Библиометриялық талдау зерттеу саласының негізгі ғылыми бағыттарын анықтауға, жарияланымдардың жылдар бойынша динамикасын көруге, сондай-ақ ең белсенді авторларды, ғылыми журналдар мен кілттік сөздерді айқындауға мүмкіндік береді. Оның көмегімен шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу мәселесінің әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени аспектілерін қамтитын зерттеулердегі заманауи үрдістерді ашуға болады.

Bibliometrix әдісін қолдану арқылы шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу мәселесін зерттеудің ғылыми құрылымын жүйелі талдап, осы

бағыттағы зерттеулердің өзекті үрдістерін анықтай аламыз.Жаһандану үдерістерінің салдарының бірі халықаралық жоғары білім беру кеңістігі құрылымының түрленуімен байланысты. Соңғы екі онжылдықта шетелдік студенттердің саны жылдам өсті, яғни білім алу мақсатында мемлекеттік шекараны кесіп өтетін білім алушылардың саны айтарлықтай деңгейге жетті. Мәселен, халықаралық статистикалық деректер бойынша шетелдік студенттердің саны 1997 жылы 1,9 миллионнан 2019 жылы 6,1 миллионнан астамға дейін өсті [69]. Бұл үрдіс жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануымен тығыз байланысты және университеттік білім беру ортасының көпмәдениетті сипатта дамуына ықпал етеді.


M. S. Andrade, шетелде білім алу арқылы мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуға жоғары мотивация студенттердің өзі жаңа академиялық және әлеуметтік ортаға бейімделу барысында бірқатар қиындықтарға бетпе бет келеді. Зерттеулерде бұл қиындықтардың қатарына тілдік және коммуникативтік кедергілер, мәдени және білім беру жүйесіндегі айырмашылықтар олар студенттердің академиялық үлгеріміне және әлеуметтік өзара әрекеттесуіне тікелей әсер етеді [70]. Бұдан бөлек, кейбір зерттеулерде шетелдік студенттердің бейімделу процесі психологиялық стресс, әлеуметтік оқшаулану және жаңа әлеуметтік ортада өз орнын таба алмау қиындықтарымен сүйемелдеу болмауымен ерекшеленеді.

Мәдениетаралық бейімделу теориялары мен эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері шетелдік студенттердің университеттік ортаға табысты бейімделуінде тілдік құзыреттілік пен коммуникациялық дағдылардың шешуші рөл ойнайтынын растайды R. Yang, , K. A. Noels, және K.D. Saumure, [80]. Одан бөлек, S. Marginson кейбір зерттеулерде шетелдік және жергілікті студенттердің өзара әрекеттесуін зерттеу барысында дәстүрлі «қабылдаушы мәдениетке бейімделу» парадигмасының шектеулі екендігі сұрақ болып қалады. Бұл парадигма шетелдік студенттерді қабылдаушы қоғамның нормаларына толық сәйкес келмейтін топ ретінде қарастырумен сипатталады [71].

Сондықтан қазіргі зерттеулерде шетелдік студенттердің бейімделуін әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени факторлардың өзара байланысы арқылы қарастыру қажеттігіне назар аударылады. Бұл бағытта ғылыми әдебиеттерді жүйелі талдау және негізгі зерттеу үрдістерін анықтау үшін библиометриялық әдістер қолданылады.

Соңғы жылдары халықаралық жоғары білім беру жүйесінде шетелдік студенттердің саны тұрақты өсіп келеді, ал олардың университеттік ортаға бейімделу мәселесіне арналған ғылыми жарияланымдар саны да айтарлықтай артты. Алдыңғы әдеби шолуларда R. A. Smith мен N. G. Khawaja тілдік құзыреттілік пен коммуникациялық дағдыларды студенттердің академиялық және әлеуметтік бейімделуінің негізгі факторлары ретінде анықтайды [72]. X Jing-тің соңғы зерттеулерінде екінші тілді меңгеру және мәдениетаралық бейімделу шетелдік студенттерді зерттеудегі ең жиі зерттелетін бағыттардың бірі ретінде қарастырылады [73]. Шетелдік студенттер санының әлемдік деңгейде тұрақты өсуі мәселені белсенді зерттеуге түрткі болды, соның

нәтижесінде соңғы онжылдықта осы тақырып бойынша жарияланымдар саны да айтарлықтай өскенін 4-суреттен көруге болады.



4- сурет. Шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі тақырыбы бойынша жыл сайын жарияланған ғылыми мақалалардың динамикасы

Шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесіне арналған ғылыми зерттеулерді талдау мақсатында 1998-2026 жылдар аралығындағы ғылыми жарияланымдарға шолу жасалды. Бұл уақыт аралығы деректерді жинау және талдау үдерісіне сәйкес анықталды. Зерттеу барысында библиометриялық талдау G. Bretas пен I. Alon [74] бойынша қолданылды. Атап айтқанда, бірлескен дәйексөздер талдауы, кілттік сөздердің бірлескен кездесуі, сондай-ақ ғылыми тақырыптардың концептуалды құрылымын анықтауға мүмкіндік беретін тақырыптық карталау әдістері пайдаланылды. Библиометриялық әдістер ғылыми әдебиеттердің библиографиялық деректерін пайдалана отырып, белгілі бір ғылыми саланың құрылымдық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Бұған I. Zupic пен T. Čater еңбегінен көз жеткізуге болады [75]. Бұл тәсілдер ғылыми әдебиетті мақсатты талдауға және зерттеу үдерісін ашық ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде ғылыми журналдар мен мақалалардың ықпалын өлшеу үшін HistCite бағдарламасында әрбір журналдағы жарияланымдар саны мен мақалалардың дәйексөз алу көрсеткіштері талданды. Әрбір мақаланың жергілікті дәйексөздер саны (TLC), яғни зерттеу корпусындағы мақалалардың бір-біріне қаншалықты жиі дәйексөз келтіретіні анықталды. Бұл көрсеткіш зерттеу корпусына енгізілген 100 жарияланым арасындағы байланыстарды көрсетеді.

Келесі кезеңде әрбір мақаланың Web of Science дерекқорындағы жалпы дәйексөз саны (TGC) талданды. Бұл ғылыми жарияланымдардың халықаралық

ғылыми кеңістіктегі ықпалын бағалауға көмектесті. HistCite бағдарламасында соңғы жылдары жоғары қарқынмен дәйексөз алып отырған мақалаларды анықтау үшін жиынтық дәйексөз көрсеткіші (TLCe) есептелді. Бұл көрсеткіш соңғы үш жыл ішінде жиі жарияланған ғылыми жұмыстарды бөліп көруге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл ғылыми саладағы зерттеу бағыттарын анықтауға көмектеседі. Ол жоғары дәйексөз алған жұмыстармен қатар соңғы жылдары ғылыми қауымдастық тарапынан белсенді талқыланып жатқан зерттеулерді де қамтиды.

Зерттеудің екінші кезеңінде ғылыми саланың жалпы концептуалды құрылымын анықтау үшін авторлық кілттік сөздердің бірлескен жерінде талданды. Бұл талдау VOSviewer бағдарламасында жүргізіліп, зерттеу саласының негізгі тақырыптық кластерлері визуализацияланды. Biblioshiny (R тіліндегі bibliometrix пакетінің ғылыми карталарды талдау құралы) бағдарламасында кілттік сөздер негізінде концептуалды тақырыптық карта құрылды. Карта зерттеу саласындағы негізгі, аралық және дамып келе жатқан тақырыптарды анықтауға мүмкіндік береді.

Үшінші кезеңде ғылыми мақалалар арасындағы дәйексөздік байланыстарды зерттеу үшін HistCite бағдарламасының citation mapping әдістері қолданылды. Бұл әдістер E. Garfield пен S. Paris [76] бойынша ғылыми жарияланымдар арасындағы дәйексөздік қатынастарды уақыт бойынша визуализациялауға және зерттеу саласының эволюциялық дамуын көруге мүмкіндік береді.

Зерттеу деректері Clarivate Analytics компаниясының Web of Science (WoS) ғылыми дерекқорынан алынды. Бұл дерекқор әлемдегі жетекші ғылыми дерекқорлардың бірі болып саналады және құрамына 21 000-нан астам рецензияланатын ғылыми журнал кіреді.

Деректерді жинау барысында екі кезеңнен тұратын іздеу стратегиясы қолданылды. Алғашқы кезеңде зерттеу тақырыбын сипаттайтын кілттік сөздердің тіркесімдері пайдаланылды. Іздеуге келесі терминдер енгізілді:

(a) «international student*», «foreign student*», «student mobility», «study abroad», «international education» - шетелдік студенттерді уақытша шетелде білім алушы топ ретінде анықтау мақсатында;

(b) «pedagogical adaptation», «communication», «language competence» - студенттердің тілдік және коммуникативтік бейімделу аспектілерін тексеру мақсатында;

(c) «adaptation», «adjustment», «integration», «acculturation» - шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу үдерісін сипаттау арықылы негізгі ұғымдарды анықтау мақсатында.


Екінші кезеңде алынған нәтижелер мұқият қарап шығып, зерттеу тақырыбына тікелей өзекті ғылыми жарияланымдар қосылды. Бұл кезеңде мақалалардың аннотациялары сараланып, егер аннотацияда зерттеудің негізгі үш аспектісі (шетелдік студент, бейімделу, әлеуметтік-педагогикалық бейімделу) толық ескерілмесе, мақала толық мәтін деңгейінде тексерілді. Сонымен қатар, зерттеу корпусынан жоғары білім беру контекстінен тыс

тәжірибелерді сипаттайтын жұмыстар, әдіснамалық бөлімсіз зерттеулер, сондай-ақ бейімделу ұғымын әлеуметтік-педагогикалық бейімделуден өзге мағынадағы мақалалар алып тасталынды.Осы іріктеу үдерісінің нәтижесінде шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына бейімделу мәселесіне қатысты өзекті 100 ғылыми жарияланым анықталды, олар библиометриялық талдау үшін деректер жиынтығына қосылды. Әрбір жарияланым бойынша мақала атауы, авторлар, авторлардың ұйымдық тиесілігі, журнал атауы, жариялану жылы, аннотациясы және пайдаланылған әдебиеттер тізімі үзінді алынып, әрі қарайғы кілттік сөздерге библиометриялық талдау үшін жасалынды (5-сурет).




5 - сурет. Кілттік сөздер библиометрикс негізінде (дереккөз: Bibliometrix/Web of Science)

Біз студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі туралы ең ықпалды журналдар мен мақалаларға қатысты 1-зерттеу сұрағына ең өзекті журналдар мен мақалаларды анықтау арқылы жауап бердік. 6-суретте осы салада жұмыс жариялайтын ең үздік 10 журнал көрсетілген. Жергілікті және әлемдік дәйексөздер саны бойынша ең ықпалды бес журнал: INTERNATIONAL JOURNAL OF INTERCULTURAL RELATIONS, JOURNAL OF STUDIES IN INTERNATIONAL EDUCATION, HIGHER EDUCATION, STUDIES IN HIGHER EDUCATION, ASIA PACIFIC EDUCATION REVIEW (6-сурет).



6-сурет. Шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі тақырыбы бойынша мақалалар жариялайтын 10 жетекші ғылыми журнал (дереккөз: Bibliometrix/Web of Science)

7-суретте шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі тақырыбы бойынша ең ықпалды 10 ғылыми мақала көрсетілді. Олар локалды дәйексөздер саны (TLC) және зерттеу кезеңінің соңындағы локалды дәйексөздер тренді (TLCe) бойынша анықталды. Талдау нәтижелері аталған тақырыптағы ең кеңінен сілтеме жасалған зерттеулер шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу үдерісін әлеуметтік, педагогикалық және мәдени, психологиялық факторлармен тығыз байланысты ететінін көрсетті. Бұл жұмыстар студенттердің академиялық ортадағы коммуникациясы мен оқу тәжірибесінің бейімделу процесіне айтарлықтай әсер етеді.




7-сурет. Ең ықпалды және танымал 10 мақаланың рейтингі

7-суретте шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі тақырыбы бойынша ең жиі келтірілген

ғылыми еңбектер көрсетілген. Библиометриялық талдау нәтижесі бойынша ең жоғары жергілікті дәйексөз көрсеткішіне Zhou Y. (2008) зерттеуі ие (TLC = 10). Одан кейін Sherry M. (2010) (TLC = 7), Rienties B. (2012) (TLC = 6) және Russell J. (2010) (TLC = 5) еңбектері келеді. Аталған жұмыстарда шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу үдерісі академиялық тәжірибемен, әлеуметтік өзара әрекеттесумен және мәдени факторлармен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл мәселенің халықаралық ғылыми әдебиетте белсенді зерттеліп жатқанын көрсетеді.

Зерттеудің екінші сұрағына жауап беру үшін осы ғылыми бағыттың тақырыптық құрылымы авторлық кілттік сөздердің бірлескен кездесуі арқылы талданды. 8-суретте 1998-2026 жылдар аралығында кемінде бес мақалада бірге кездескен ең жиі келтірілген ғылыми еңбектер картасы көрсетілген.


Картада кілттік сөздер түйін ретінде бейнеленген, ал олардың арасындағы байланыстар бірге қолданылу жиілігін көрсетеді. Түйіндердің жақындығы мен байланыс сызықтарының қалыңдығы кілттік сөздердің бірге жиі кездесу деңгейін білдіреді. Жүргізілген талдау нәтижесінде екі негізгі тақырыптық кластер анықталды. Бірінші кластерде негізінен шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуіндегі тілдік және коммуникативтік факторлардың рөліне назар аударылады. Бұл кластерге international students, adjustment, higher education, experiences, challenges, acculturative stress, depression сияқты ұғымдар кіреді.



8- сурет. Ең жиі келтірілген ғылыми еңбектер


Авторлардың кілттік сөздеріне сүйене отырып, біз екі өлшемді пайдаланып концептуалды карта құрдық (9-сурет). Біріншісі - тығыздық, ол кілттік сөздер арасындағы ішкі байланыстармен өлшенетін тақырыптың даму дәрежесін көрсетеді. Екіншісі - орталықтық, ол кілттік сөздер арасындағы сыртқы байланыстармен өлшенетін тақырыптардың өзектілігін көрсетеді.

Картада төрт квадрант көрсетілген: (a) негізгі тақырыптар (жоғары тығыздық және орталықтық), (b) негізгі тақырыптар (төмен тығыздық және жоғары орталықтық), (c) тармақша тақырыптары (жоғары тығыздық және төмен орталықтық) және (d) пайда болып жатқан/ыдырайтын тақырыптар (төмен тығыздық және орталықтық). Талдау нәтижелері бойынша шетелдік студенттер, бейімделу сияқты ұғымдар зерттеу саласының негізгі тақырыптары ретінде анықталды. Аккультурация, тұлға, тәжірибелер ұғымдары ғылыми әдебиетте дамып келе жатқан негізгі тақырыптар қатарына енеді. Әлеуметтік интеграция, университет, жоғары білім сияқты бағыттар зерттеу саласының дамып келе жатқан немесе аз дамыған тақырыптары ретінде қарастырылды. Бұл нәтижелер шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесінің ғылыми әдебиетте көп өлшемді зерттеліп жатқанын көрсетеді. Шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін кешенді талдау үшін факторлық талдау әдістері қолданылды.



9-сурет. Тұжырымдамалық тақырыптық карта.

Факторлық талдау зерттеу барысында алынған эмпирикалық деректер негізінде бейімделу үдерісіне әсер ететін негізгі факторларды анықтауға және олардың өзара байланысын ашуға көмектеседі. Осы әдістерді біріктіріп қолдану зерттеліп отырған мәселені объективті және жүйелі қарастыруға мүмкіндік береді (10-сурет). Алынған екі факторлы модель жалпы дисперсияның 35,85%-ын түсіндіреді (22,76% - бірінші өлшем, 13,09% - екінші өлшем). Факторлық осьтердің мазмұны ең жоғары факторлық жүктемелері бар терминдерді талдау арқылы интерпретацияланды.



10-сурет. Факторлық анализ

Бірінші өлшем (Dim 1 - 22,76%) зерттеу бағыттарын «institutional context» пен «individual migration processes» арасындағы айырмашылық бойынша ажыратады. Терiс полюсте жаңа білім беру ортасындағы құрылымдық өзара әрекетке қатысты ұғымдар кластер құрайды. Мұнда intercultural contribution, contact, internationalization of the curriculum, education сияқты ұғымдар кіреді. Бұл топ университеттік ортадағы институционалдық саясат пен интернационалдану үдерістерін сипаттайды. Ал оң полюсте студенттің жеке тәжірибесіне қатысты ұғымдар топтасады. Оған satisfaction, predictors, migration, networks сияқты терминдер жатады. Бұл бағыт студенттердің бейімделуіндегі жеке факторларды, субъективті әл-ауқатты және әлеуметтік байланыстардың рөлін көрсетеді.


Екінші өлшем (Dim 2 - 13.09%) «acculturation process» пен «intercultural interaction» арасындағы айырмашылықты көрсетті. Терiс полюсте education, higher-education, adjustment, acculturation сияқты ұғымдар шоғырландырылды. Бұл бағыт студенттердің жаңа мәдени ортаға бейімделуін және академиялық нәтижелерін сипаттады. Ал оң полюсте contact, intercultural contribution, internationalization, united-states сияқты ұғымдар кластерлік формаға енді. Бұл топ халықаралық өзара әрекет, мигранттардың мотивациясы және қабылдаушы елдердің білім беру кеңістігіндегі мәдени диалогты басымдығын көрсетті.

Зерттеу нәтижелерін тереңірек түсіндіру мақсатында факторлық жүктемелер стратегиялық картадағы координаттармен интеграциялық талдау жасалынды. Нәтижесінде зерттеу тақырыптары төрт негізгі топқа жіктелді. Бірінші квадрантта ғылыми әдебиетте кеңінен зерттеуді дамыттатын негізгі тақырыптар орналасқан. Бұл топқа adaptation, acculturation, satisfaction, predictors сияқты концепттер қосылды. Екінші квадрантта бейімделуді кең әлеуметтік контексте түсіндіретін migration және networks ұғымдары орналасқан жерін анықтады. Үшінші квадрантта дәстүрлі зерттеу бағыттары - education, higher-education, adjustment - орны көрсетілген. Ал төртінші квадрантта

internationalization, united-states, personality сияқты тақырыптар көрсетілді, олар бейімделу процесіне әсер ететін макроәлеуметтік және институционалдық факторларда шағылысты.

Зерттеліп отырған ғылыми бағытта халықаралық ғылыми өзара әрекет құрылымын анықтау мақсатында елдер арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың желілік талдауы (country collaboration network analysis) жасалынды (11 - сурет). Талдау ғылыми жарияланымдардың бірлескен авторлығы туралы библиометриялық деректерге негіз болды. Алынған коллаборациялық карта халықаралық ғылыми байланыстардың тұрақты үлгілерін бейнелейді және бірнеше географиялық зерттеу кластерлерін ашты.

Бірінші бағытта ағылшынтілді ғылыми орталықтардың басым рөл ойнайтынын байқадық. Ең белсенді ғылыми байланыстардың бірі Австралия - Қытай жұбы арасында. Бұл құбылыс халықаралық академиялық мобильділік құрылымымен тығыз байланыстырады. Қытай шетелдік студенттердің негізгі донор елдерінің бірі болып саналады, ал Австралия шетелдік студенттерді қабылдайтын жетекші білім беру орталықтарының қатарына кіреді. Австралия - Біріккен елдер корольдігі арасындағы ғылыми байланыстар да белсенді дамыған. Бұл ынтымақтастық көбіне жоғары білім беруді интернационализациялау саясаты мен шетелдік студенттердің бейімделу бағдарламаларын салыстырмалы түрде талдау.



11- сурет. Елдердің ынтымақтастық желісін талдау анализі

Еуропалық ғылыми кеңістікте біршама тығыз байланысты кластер құрайтын ынтымақтастық байланыстары анықталды. Мұнда Бельгия - Италия, Бельгия - Испания, Бельгия - Чехия арасындағы ғылыми серіктестік байқалды.

Бұл құбылысты Еуропалық Одақтың білім беру бағдарламалары (Erasmus+, Horizon Europe) арқылы халықаралық ғылыми жобаларға белсенді қолдау көрсетілуімен түсіндіруге болады. Мұндай зерттеулерде көбіне еуропалық білім беру кеңістігіндегі академиялық мобильділік пен студенттердің бейімделу тәжірибесі қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері кейбір жаңадан пайда болған байланыстарды да көрсетеді. Мысалы, Австралия - Вьетнам және Австралия - Ресей арасындағы ғылыми байланыстар бейнеленген. Бұл бағыттар Оңтүстік-Шығыс Азия мен посткеңестік кеңістіктегі студенттердің бейімделу тәжірибесіне ғылыми қызығушылықтың біртіндеп арттып отырғанын көрсетеді. Халықаралық студенттерді қабылдайтын ең ірі елдердің бірі саналатын Ұлыбритания негізгі ынтымақтастық байланыстар қатарында айқын көрінеді. Бұл жағдай зерттеу деректерінің іріктелуімен немесе американдық зерттеушілердің ұлттық ғылыми контекстте тәуелсіз жариялау үрдісімен түсіндірілуі мүмкін.

Библиометриялық талдау шетелдік студенттердің бейімделуін зерттеу саласындағы ғылыми білім географиясының халықаралық академиялық мобильділік картасымен тығыз сәйкес келетінін көрсетеді. Ғылыми жарияланымдардың басым бөлігі шетелдік студенттерді қабылдайтын елдерде (Австралия, Ұлыбритания, Бельгия) жарияланады және олар студенттерді жіберетін елдермен (Қытай) белсенді ғылыми ынтымақтастық жасайды. Бұл ғылыми кеңістікте бейімделу мәселесі көбіне қабылдаушы елдердің көзқарасы тұрғысынан түсіндірілетінін көрсетеді, ал халықаралық бірлескен зерттеулер мәдениеттер арасындағы ғылыми диалогты жеңілдететін құрал болады.

Жүргізілген зерттеу шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесінің қазіргі ғылыми кеңістікте күрделі және көп өлшемді сипатқа ие екенін көрсетті. Теориялық және библиометриялық талдау нәтижелері бейімделу үдерісінің мәдени факторлармен қатар әлеуметтік және педагогикалық компоненттермен де тығыз байланысты екенін анықтайды. Мәдени бейімделу зерттеліп отырған құбылыстың қосымша құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, ал негізгі зерттеу назары әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісіне аударылады.

Библиометриялық талдау нәтижелері шетелдік студенттердің бейімделуі мәселесінің соңғы онжылдықта ғылыми әдебиетте белсенді дамып жатқанын көрсетеді. Жарияланымдар санының тұрақты артуы, жетекші ғылыми журналдар мен авторлардың белсенділігі, сондай-ақ негізгі зерттеу тақырыптарының кеңеюі бұл бағыттың өзекті ғылыми салаға айналғанын дәлелдейді. Ең жиі дәйексөз алған зерттеулерде студенттердің бейімделуі академиялық тәжірибемен, әлеуметтік өзара әрекеттесумен және психологиялық факторлармен тығыз байланыста қарастырылатыны байқалды.

Кілттік сөздерге жүргізілген талдау зерттеу саласының тақырыптық құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижесінде бейімделу үдерісінің негізгі ұғымдары ретінде adaptation, adjustment, international students сияқты категориялар орталық орын алатыны байқалды. Acculturation, identity, intercultural competence бағыттары ғылыми зерттеулерде белсенді дамып келе

жатқан «motor themes» ретінде анықталды, ал social integration, higher education сияқты тақырыптар салыстырмалы түрде аз дамыған бағыттарға жатады. Бұл зерттеу саласын одан әрі кеңейту және тереңдету қажеттігін аңғартады.

Факторлық талдау нәтижелері зерттеу кеңістігінде екі негізгі ғылыми бағыттың бар екенін көрсетті. Бірінші бағытта бейімделу институционалдық орта, білім беру саясаты және интернационалдану үдерістері арқылы түсіндіріледі. Екінші бағыт студенттің жеке тәжірибесі, субъективті қанағаттануы және әлеуметтік байланыстары сияқты факторларға назар аударады. Бұл қарама-қайшылық қазіргі зерттеулерде бейімделу мәселесін «орта» арқылы түсіндірудің орнына «тұлға» арқылы қайта қарау қажеттігін көрсетеді.

Елдер арасындағы ғылыми ынтымақтастықты талдау халықаралық зерттеулер географиясының академиялық мобильділік құрылымымен тығыз сәйкес келетінін көрсетті. Ғылыми белсенділік негізінен шетелдік студенттерді қабылдайтын елдерде шоғырланған, ал олар студенттерді жіберуші елдермен ғылыми ынтымақтастық арқылы өзара әрекеттеседі. Бұл бейімделу мәселесінің көбіне қабылдаушы елдің көзқарасы тұрғысынан түсіндірілетінін меңзейді. Мысалы, Қазақстан жағдайында шетелдік студенттердің бейімделуі жоғары оқу орны ортасына академиялық, тілдік және әлеуметтік деңгейлердегі кірігу арқылы жүзеге асатын күрделі әрі көпқұрамды үдеріс ретінде сипатталады.

Алынған нәтижелер шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің күрделі, көпфакторлы және жүйелі түрде ұйымдастырылатын үдеріс екенін растайды. Сондықтан бұл мәселені тиімді зерттеу үшін әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени факторларды кешенді қарастыру қажет. Қазіргі ғылыми бағыттарда бейімделу үдерісіндегі студенттің жеке белсенділігіне, психологиялық ресурстары мен әлеуметтік желілерінің рөліне назар аудару күшейе түсуде. Жоғарыда зерттелген теориялық және библиометриялық деректерді зерттеу жұмысының келесі бөлімдерінде одан әрі тереңірек қарастырамыз. Атап айтқанда, 2.1-бөлімде Қазақстан және шетел тәжірибесінде шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісі талданады. Ал 2.2-бөлімде қазақстандық студенттердің Түркия университеттеріндегі әлеуметтік-педагогикалық бейімделу тәжірибесі нақты эмпирикалық материалдар негізінде зерттеліп, бейімделу ерекшеліктері мен факторлары анықталады. Бұл бөлімдер зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде тереңдетіп, теориялық тұжырымдарды практикалық деректермен негіздеуге мүмкіндік береді.

1.3 Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің әдіснамалық тұғырлары

Қазіргі таңда педагогикалық зерттеулерге, жоғары оқу орындарында тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа ерекше көңіл бөлінуде. Зерттеуші-педагогтің, педагогикалық ұжымның, эксперименттік алаңдардың ғылыми

ізденісінің бағдарламалары мен әдістемелері жазылып даярлануда. Нақты мәселенің зерттелу жұмысының тәжірибесі жинақталуда. Ғалымдардың іргелі еңбектерінде (Л.В. Занков, Ю.К. Бабанский, М.Н. Скаткин, Я. Скалкова, В.И. Загвязинский, В.И. Журавлев, В.М. Полонский және т.б.) педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі кеңінен берілген .

Әдіснамалық тұғырлар мәселесі ғылымда Э.Г. Юдин, И.В. Блауберг, В.В. Краевский, А.Н. Леонтьев және Б.Г. Ананьев еңбектерінде терең қарастырылған.

М.Есекешова мен Г.Тілеуова педагогикалық ғылымдағы жүйелік тәсілдің әдіснамалық маңыздылығын зерттейді және білім беру процесін өзара байланысты компоненттерден тұратын тұтас жүйе ретінде зерттеу қажеттілігін негіздейді. Авторлар негізгі қағидаттар мен ерекшеліктерді, сондай-ақ жүйелік тәсілді педагогикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігін талдайды [77]. В.В. Краевскийдің әдіснамаға берген анықтамасымен қорытар болсақ, «әдіснама - педагогикалық теория құрылымы, амалдар ұстанымдары және педагогикалық шынайылықты бейнелейтін білімді іздеу тәсілдері, сол секілді қызмет жүйелері бойынша білімді алу, бағдарламаларды, логиканы, зерттеу жұмыстарының сапасын негіздеу жөніндегі білім жүйесі» деп қызметтер жүйесін сипаттайды [78]. Біз, шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесін зерттеуге қажет әдіснамалық тұғырларын негіздеуде әдіснама ұғымының мағынасын теориялық сипаттауды дұрыс деп тұжырымдаймыз. Ш.Т. Таубаева өзінің «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты оқулығында [79] педагогикалық әдіснаманы келесідей бөліп қарастырады:

1. Педагогиканың басқа ғылымдар арасындағы және педагогикалық зерттеулердің маңызды мәселелерінің орнын анықтау;

2. Педагогикалық шындық туралы оларды өзгерту және интерпретациялау әдістері, білім алудың ұстанымдары мен тәсілдері;

3. Педагогикалық теорияның құрылымын құру және дамытудың әдістері;

4. Ғылым мен практиканың өзара әрекеттесуінің тиімді шарттары ғылым жетістіктерін педагогикалық практикаға ендірудің негізгі ұстанымдары мен тәсілдері.

Ғалымның талдауларын негізге ала отырып, шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін педагогикалық негіздерінің зерттеу міндеттеріне сәйкесінше, теориялық құрылымдаулар, дамыту әдістерін таңдау, теория мен тәжірибенің байланыстылығын, өзара әрекеттесуінің әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларын таңдауға мүмкіндік аламыз.

Ф.Н. Жұмабекова мен Н.М. Нұрғазиева педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негіздерін және ғылыми зерттеу әдістерін зерттеді. Олардың еңбектеріне сүйене отырып, педагогикалық әдіснаманы ғылыми қағидалар жүйесі ретінде сипаттауға болады. Ол зерттеудің теориялық негіздерін анықтауға, ғылыми мәселені жүйелі түрде зерттеуге және зерттеу мақсатына сәйкес әдістерді таңдауға бағытталған. Бұл педагогикалық құбылыстарды

теориялық және эмпирикалық зерттеу арасындағы байланысты негіздеуге мүмкіндік береді[80].

Б.А. Тұрғынбаева «Педагогикалық акмеология» оқу құралы еңбегінде [81] әдіснаманың мәні туралы ғылымда түрлі көзқарастар қалыптасқандығын төмендегідей топтап көрсетеді:

- теориялық қызметтің құрылымы, логикалық ұйымдастырылуы, әдістері мен құралдары туралы;
- таным әдістерін қалыптастыру қағидалары мен рәсімдері және ақиқатты тану мен қайта құру әдістерін қолдану туралы;
- күрделі практикалық мәселелерді шешудің жалпы қағидаларының жиынтығы туралы;
- теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру мен құрудың қағидалары мен тәсілдер жүйесі туралы;
- ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ерекшелігі, құрылымы, қызметі мен әдістері туралы ілім.

В.И. Загвязинский өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық әдіснама - бұл ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ережелері, құрылымдары, функциялары және әдістері туралы ілім» дей келе, біріншіден, «педагогика әдіснамасы бұл педагогикалық білім және оны табу үдерісі, яғни педагогикалық мәселе туралы ілім»; екіншіден, «әдіснамалық мәні бар бастапқы, шешуші, түп негізді, философиялық, жалпы ғылыми және педагогикалық қағидалар (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар)»; үшіншіден, «педагогикалық таным әдістері туралы ілім (сөздің нақты мағынасындағы әдіснама)» [82] деп жіктейді.

А.Б. Айтбаева тұғыр дегеніміз-өзі қойылған зерттеушілік міндетті шешудің негізгі жолы, ол осы шешімнің бағыттары мен стратегиясын ашып көрсетеді деген анықтама береді. Егер ғылыми тұғырларды жіктеу критерийі ретінде салыстырылатын педагогикалық құбылыстардың, үрдістердің, жүйелердің таным толықтығының деңгейін таңдаса, барлық тұғырларды төмендегідей құрылымдаса болады:

- жалпы ғылыми (диалектикалық, тарихи, саяси, өркениеттік, жүйелік, бағалау, оңтайлау),
- дүниетанымдық (мазмұнды, мәдени, диалогтік, ақпараттық, ізденіс) - технологиялық.

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінде жүйелік, құзыреттілік, синнергетикалық, әлеуметтік-мәдени тұғырларына көңіл бөлген қажет. Біздің ойымызша, бұл тұғырлар шетелдік студенттердің маңызды құзыреттерін қалыптастыру мен дамыту мәселелерін зерттеуде ең тиімділері болып табылады.

«Жүйелік тұғыр» ұғымы (ағылшын тілінде «systems approach») 1960 жылдардың соңы, 1970 жылдардың басында ағылшын тіліндегі және орыс философиясы әдебиеттерінде кеңінен қолданыла бастады. «Жүйелік зерттеулер», «жүйелік принципі», «жүйелердің жалпы теориясы» және «жүйелік талдау» ұғымдары мазмұны бойынша «жүйелік тұғыр» ұғымына жақын .

Отандық ғалым Ш.Т. Таубаеваның пікірінше, жүйелік тұғыр - басқару жүйесін ішінен оны өзара байланысты элементтер құрайтын жиынтық ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жүйелік тәсілдің негізгі принциптерін қалыптастырумен А.А. Богданов, Г. Саймон, П. Друкер и А. Чандлер айналысты. Бұл ғалымдар педагогикалық ғылым жүйесінен алыста болса да, олардың ғылыми еңбектері педагогикадағы жүйелік тәсілдің дамуына септігін тигізді. Педагогикадағы жүйелік тәсілдің заманауи тұжырымдамасы өткен ғасырдың ортасындағы тұжырымдамадан көп өзгеше, алайда оның негізі дәл сол жылдары қаланған болатын.

Жүйелік тәсілдің негізгі қағидаларына тұтастық, жүйе мен ортаның өзара тәуелділігі, құрылымдылық, иерархиялылық және көптік қағидалары жатады.Осы теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, жүйелік тұғырдың негізгі қағидалары шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін кешенді түсіндіруге мүмкіндік береді:

− Бірлік қағидасы - шетелдік студенттің бейімделуі тілдік, мәдени, әлеуметтік және академиялық компоненттері өзара байланысқан біртұтас жүйе ретінде қарастырылады.

− Тұтастық қағидасы - барлық бейімделу элементтері (оқу процесі, әлеуметтік орта, мәдени орта) бір-бірімен үйлесімді әрекет етеді және ортақ мақсатқа бағынады.

− Қарқындылық қағидасы - бейімделу үдерісі сыртқы (оқу ортасы, мәдени орта) және ішкі (психологиялық күй, мотивация) факторлардың әсерінен өзгеріп отыратын динамикалық процесс болып табылады.

− Жүйе мен ортаның өзара тәуелділігі - студенттің бейімделуі қабылдаушы университеттік ортаға тікелей тәуелді, ал студент осы ортаның дамуына әсер етеді.

− Иерархиялық қағида - бейімделу деңгейлері (академиялық, әлеуметтік, мәдени) өзара бағынышты құрылым ретінде қарастырылады, әр деңгей өз алдына ішкі жүйе болып табылады.

− Ұйымдастыру қағидасы - бейімделу процесін қамтамасыз ететін қолдау жүйелері (тьюторлық, кураторлық, тілдік курстар) реттелген құрылым ретінде жұмыс істейді.

− Жүйенің көпқырлылығы - бейімделу әртүрлі жағдайларда әртүрлі көрініс табады (жатақхана, аудитория, әлеуметтік орта).

− Декомпозиция қағидасы - бейімделу үдерісі жеке компоненттерге (тілдік, әлеуметтік, психологиялық, академиялық) бөлініп зерттелуі мүмкін.

− Тұтастық қағидасының үстемдігі - барлық компоненттер жалпы мақсатқа, яғни студенттің табысты интеграциясына бағынады.

− Құрылымдылық қағидасы - бейімделу элементтері ішкі жүйелерге бірігіп, өзара байланысқан құрылым түзеді.

− Көпмодельділік қағидасы - шетелдік студенттердің бейімделуін түсіндіру үшін психологиялық, педагогикалық, социологиялық әртүрлі модельдер қолданылады.

Жүйелік тәсіл білім беру үдерістерін, соның ішінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін басқару мен ұйымдастырудың әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады. Білім беруді басқарудағы жүйелік ойлаудың негізгі қызметтері шетелдік студенттердің жаңа ортаға бейімделу үдерісін тиімді түсіндіруге және реттеуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, жүйелік ойлау бейімделу үдерісін біржақты түсіндіруге әкелетін ойлау стереотиптерін еңсеруге жағдай жасайды. Яғни шетелдік студенттердің қиындықтарын тілдік немесе мәдени факторлармен шектемей, кешенді әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, қалыптасқан стереотиптерді анықтау және жою шетелдік студенттерге қатысты қате түсініктерді (мысалы, бейімделе алмау мен оқу үлгерімінің төмендігі тек жеке қабілетке байланысты деген көзқарастар) қайта қарауға ықпал етеді. Бұл университеттік ортада инклюзивті және қолдаушы академиялық кеңістікті қалыптастыруға негіз болады.

Үшіншіден, жүйелік ойлау қағидаларына сай басқару тәсілдерін түсіну шетелдік студенттердің бейімделуін қолдайтын институционалдық тетіктерді (тьюторлық қолдау, тілдік дайындық курстары, академиялық бейімдеу бағдарламалары) тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Төртіншіден, жүйенің құрамдас бөліктерінің жеке және бірлескен жұмысын түсіну шетелдік студенттің бейімделуін қамтамасыз ететін академиялық, әлеуметтік, мәдени және психологиялық факторлардың өзара байланысын айқындауға жағдай жасайды. Бұл факторлардың үйлесімді әрекет етуі бейімделу үдерісінің табыстылығын арттырады.

Бесіншіден, үдерістер мен құбылыстар арасындағы ішкі және сыртқы өзара байланыстарды дұрыс орнату университеттік ортаның (оқытушылар, әкімшілік, студенттер қауымдастығы) шетелдік студентпен өзара ықпалдастығын ғылыми негізде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Алтыншыдан, «Егер де…» деген болжамдық ойлау қабілетін дамыту бейімделу үдерісінің ықтимал сценарийлерін модельдеуге жағдай жасайды. Мысалы, тілдік қолдау жеткіліксіз болған жағдайда немесе әлеуметтік интеграция әлсіз болғанда бейімделу нәтижесінің өзгеруін алдын ала болжауға болады.

Жетіншіден, жүйе құрылымын, оның элементтері арасындағы байланыстар мен функционалдық рөлдерді өзгертуге дайындық қалыптастыру шетелдік студенттерге арналған бейімдеу бағдарламаларын жетілдіруге және оларды нақты қажеттіліктерге сәйкес қайта құруға мүмкіндік береді. Жүйелік тәсілдің білім беруді басқарудағы қызметтері шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін болжау, басқару және жетілдіру деңгейінде қарастыруға әдіснамалық негіз қалыптастырады.

Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін зерттеу мен ұйымдастыруда жүйелік тәсілді қолдану қажет, себебі бұл үдеріс көпфакторлы және өзара тығыз байланысты компоненттерден тұрады. Бейімделу академиялық орта, мәдени орта, психологиялық күй және институционалдық қолдау жүйесінің біртұтас әрекетінің нәтижесі болып табылады. Сондықтан

жүйелік тәсіл бейімделу үдерісін тұтас құрылым ретінде қарастыруға, оның ішкі элементтері мен сыртқы орта арасындағы өзара байланыстарды анықтауға және олардың ықпал ету деңгейін кешенді талдауға мүмкіндік береді. Бұл шетелдік студенттердің жаңа ортаға табысты кірігуін қамтамасыз ететін ғылыми негізделген педагогикалық және басқарушылық шешімдерді әзірлеуге жағдай жасайды.

Педагогикадағы жүйелік тәсілдің қазіргі түсінігі өткен ғасырдың ортасындағы тұжырымдамадан өзгеше, дегенмен оның негіздері дәл сол кезеңде қаланды. Педагогиканың көптеген мақсаттары, міндеттері, принциптері, формалары мен әдістері бар күрделі жүйе екенін түсіну қазіргі педагогиканың іргетасы болып табылады.

Білім үздіксіз дамып жатқан қазіргі кезеңде адам күн сайын теледидар, интернет, баспасөз сияқты түрлі көздерден келетін мол ақпарат ағынына тап болады. Ақпараттың бұл тұрақты толқыны оны игерудің жаңа стратегияларын әзірлеуді талап етеді. Жоғары оқу орнына шет мемлекеттен келген студент ақпаратты іздеу, түзету, түсіну, түрлендіру, пайдалану, ұсыну және алынған ақпараттың дұрыстығын бағалау дағдыларын меңгереді. Әртүрлі мәліметтермен жұмыс істеу барысында шетелдік студенттер өмір бойы оқудың маңызын түсінеді, өйткені табысты бейімделу ақпараттық қоғамда тұрақты өзін-өзі дамытумен белсенді айналысатындар үшін ғана мүмкін болады. Өмір бойы оқу қабілеті шет мемлекеттен келген студент үшін маңызды, ол әмбебап оқу іс-әрекетін мақсатты қалыптастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Университеттік білім берудегі жүйелік тәсіл аудиториядан тыс сабақтарды оқу-тәрбие үдерісімен интеграциялау арқылы жүзеге асырылады. Білім беру теориясы мен оқыту әдістері барлық негізгі элементтерді (мақсат, мазмұн, құралдар, әдістер) сипаттайтын жүйелі теорияны жасауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл шетелдік студенттің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді, оны талдау, интроспекция сондай ақ, оқу үдерісіндегі бақылау мен өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастырады. Жүйелік тәсіл - бұл объектіні құрайтын негізгі элементтерді бөліп көрсету және олардың арасындағы байланыстарды анықтау арқылы күрделі ұйымдастырылған объектілерді талдаудың ғылыми әдісі.

Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін зерттеу контекстінде жүйелік тәсілдің негізгі ұғымдары әдіснамалық мәнге ие. Жүйе ұғымы бұл үдерісті өзара байланысты элементтерден тұратын тұтас құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Оның құрамдас бөліктері (элементтер мен компоненттер) студенттің тілдік, академиялық, әлеуметтік және мәдени бейімделу аспектілерін қамтиды. Элемент - жүйенің ең кіші бөлінбейтін бірлігі ретінде жеке факторларды (мысалы, тілдік дағды немесе әлеуметтік байланыс) сипаттаса, компонент - осы элементтердің белгілі бір байланысқа түскен функционалдық бөлігін білдіреді. Жүйелілік қасиеті бейімделу үдерісінің жаңа сапалық нәтижеге ие тұтас құбылыс екенін көрсетеді ол жеке факторлардың қарапайым қосындысына тең болмайды.

Байланыс ұғымы шетелдік студенттің бейімделуіндегі академиялық орта, әлеуметтік орта және психологиялық күй арасындағы өзара тәуелділікті сипаттайды. Ал құрылым осы элементтер мен байланыстардың тұрақты ұйымдасу тәсілін білдіріп, бейімделу үдерісінің ішкі логикасын ашады. Ішкі жүйелер ретінде бейімделудің жеке бағыттарын (академиялық бейімделу, әлеуметтік интеграция, мәдени бейімделу) қарастыруға болады, ал олардың әрқайсысы жалпы жүйенің белгілі бір міндеттерін шешеді.

Жүйеқұраушы фактор ретінде университеттік білім беру ортасы, институционалдық қолдау және қабылдаушы қоғамның мәдени кеңістігі шетелдік студенттердің бейімделу үдерісінің тұтастығын, тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз етеді. Жүйелік тәсіл шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін көпдеңгейлі, өзара байланысқан және динамикалық дамитын тұтас жүйе ретінде ғылыми негізде сипаттауға мүмкіндік береді.

Университет ортасындағы шетелдік студенттердің бейімделуі барысында оқытушылар құрамы мен университет инфрақұрылымы арасындағы байланысты түсіну үшін жүйелік тәсілді қолдануға болады. Жүйенің элементтері оқу бағдарламалары, мәдени айырмашылықтар, тілдік орта және әлеуметтік өзара әрекеттесу болуы мүмкін. Осы контекстте бейімделуді жаңа білім беру ортасында шетелдік студенттердің сәтті жұмыс істеуіне бағытталған мақсатты ішкі жүйені қалыптастыру үдерісі ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдайда жүйеқұраушы фактор оқу үдерісін түсіну және қолдау болуы мүмкін, ол тұрақты бейімделуге жағдай жасайды.

Педагогика саласында «жүйе» термині оқыту жүйесі, тәрбие жүйесі, әдістер мен құралдар жүйесі сияқты әртүрлі контексттерде кеңінен қолданылады. Алайда, көбінесе терминнің бастапқы мағынасы ескерілмейді. «Жүйенің» анықтамасын оның бастапқы мағынасы тұрғысынан қарастырайық. Жүйе - бұл бірлікпен басқарылатын және қоршаған ортамен бірлік ретінде өзара әрекеттесетін, жұмыс істеудің жалпы мақсатымен біріктірілген, нақты сипаттамалар негізінде анықталатын өзара байланысты элементтердің реттелген жиынтығы.

Д.Ф. Ильясовтың пікірінше, жүйенің негізгі сипаттамаларын бөліп көрсетуге болады. Олардың ішінде ол тұтастыққа, басқа жүйелермен үйлесімділікке немесе үйлесімсіздікке, қоршаған ортаға бейімделу қабілетіне, компоненттер арасындағы әртүрлі байланыстардың болуына, құрылымына, мақсатқа бағытталуына, өзін-өзі ұйымдастыру, жұмыс істеу және даму қабілетіне назар аударады [83].

Жүйелік тұғыр шетелдік студенттердің жаңа ортаға бейімделуін кешенді және құрылымдалған түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұғыр бойынша бейімделу процесі түрлі компоненттер мен олардың арасындағы өзара байланысты қарастырады. Төменде шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуінің әрбір компоненті егжей-тегжейлі ашылып жазылған.

Шетелдік студенттер университетке келгенде өз елінің мәдениетіне ұқсамайтын жаңа мәдени ортаға тап болады. Бұл жағдай оларға алғашқы кезде стрессті және бейімделу қиындықтарын тудыруы мүмкін. Мәдени

айырмашылықтарды жеңілдету үшін мысалы университет бірнеше іс-шаралар ұйымдастыра алады.

Шетелдік студенттердің академиялық ортаға сәтті бейімделуі мәдени, әлеуметтік, академиялық және психологиялық көмектің біріктіруін қамтитын кешенді негізді қажет етеді. Мәдениетаралық тренингтер мен іс-шаралар студенттердің әртүрлі мәдениеттерді түсінуін жеңілдетсе де, студенттік ұйымдар мен тәлімгерлік бастамалар жаңа тұлғааралық байланыстарды қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, тілді меңгеру бағдарламалары, академиялық бағдар және психологиялық қолдау қызметтері студенттердің бейімделу процесін одан әрі күшейтеді. Зерттеуде жүйелік тұғырды қолдануымыздың қажеттілігі біздің зерттеуімізде «шетел студенттері», «университеттік орта», «бейімделу» ұғымы жүйелік тұғырдың аумағында.

Психологиялық-педагогикалық әдебиет саласында кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуы мен эволюциясына қатысты екі негізгі ұғымды қолдану өте маңызды, “құзыреттілік” және “құзырет”, әртүрлі зерттеушілердің ғылыми жұмыстарына сілтеме жасаудан гөрі, бұрынғы ұғым, С.Ожеговтың лексиконында түсіндірілгендей, оның беделімен қатар белгілі бір кәсіби бастама туралы хабардарлыққа қатысты. Керісінше, “құзыреттілік” деп белгілі бір қызметпен немесе мекемемен айналысатын жеке тұлғаны реттейтін, қиындықтарды шешуге және міндеттерді тиімді орындауға мүмкіндік беретін құқықтық базаны білдіреді. Құзыреттілік білім, дағдылар және қызмет түрлері сияқты жеке атрибуттардың синергетикалық бірігуін білдіреді, бұл адамға белгілі бір әрекеттер мен үдерістерге байланысты тиімді және өнімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Талдау нәтижесінде «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» және «мұғалім құзыреттілігі» терминдерінің, әсіресе болашақ педагогтардың кәсіби және дидактикалық қабілеттерін дамытуға қатысты, көптеген түсіндірмелері бар екені анықталды.Демек, “құзыреттілік” терминінің білім беру саласы мен маман даярлау аясында қалыптасқан білім ұласқаны айқын көрінеді. “Құзыреттілік” белгісі әдетте ерекше әлеуметтік-кәсіби мәртебеге ие, беделіне ие және олардың түсінігі мен білімін белгілі бір тапсырмаларды орындаумен сәйкестендірумен сипатталады, осылайша проблемаларды олардың белгіленген меңгеру деңгейінде шешуге жәрдемдеседі .

Құзыреттілік ұғымын алғаш рет XX ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізді, ол бастапқыда оны ана тілінде белгілі бір тілдік тапсырмаларды орындауға қажетті қабілеттер ретінде анықтады. Білімнің жеке және әлеуметтік өлшемдерін байланыстырудағы құзыреттіліктің маңыздылығын ойластыра отырып, А.В.Гуорский оны білім берудегі қазіргі дағдарыстың әлеуетті шешімі немесе жеке тұлғаның өзара атрибуттарының біріктірілуі ретінде қабылдайды.

Құзыреттілік пен құзырет ұғымдарының мәселелерін зерттеген ғалымдар (Дж. Равен, Р. Уайт, Н. Хомский, Н.В. Кузьмина және басқалар) И.А. Зимняя талдады, ол білім беру саласындағы ұғым ретінде құзыреттілік эволюциясының үш кезеңін айқындайды:

Бастапқы кезең (1960-1970 жж.) құзыреттілік пен құзырет ұғымдарын айқындаудың алғышарттарын белгілеумен қатар, қазіргі дискурсқа “құзыреттілік” терминінің енгізілуімен ерекшеленеді. Осы сәттен бастап лингвистикалық құзыреттіліктің әртүрлі түрлерін зерттеу басталды, әсіресе грамматикалық вариация мен тілді меңгеру аясында, бұл “коммуникативтік құзыреттілік” ұғымын енгізуге әкелді.

Кейінгі кезең (1970-1990 жж.) тілдерді оқытудың теориялық және практикалық салаларында, сондай-ақ басқару, көшбасшылық, кәсібилік және қарым-қатынас мәдениеті салаларында “әлеуметтік құзыреттіліктің” мәнін айқындауға күш салумен сипатталды. Осы кезеңде құзыреттіліктің негізгі сипатын түсіндіруге келісілген күш жұмсалды. И.А. Зимняя мен Дж. Равеннің еңбектеріне сүйене отырып, бұл құрылым мазмұнға байланысты болғанымен, бір-біріне тәуелсіз, олардың кейбіреулері когнитивті домендерге, ал басқалары аффективті өлшемдерге қатысты көптеген құзыреттерді қамтитыны анықталды. Бұл компоненттер тәртіптің тиімді әдістері ретінде бір-бірін алмастыруға да қызмет етуі мүмкін. Өзінің ғылыми еңбектерінің бірінде ол үш түрлі топқа бөлінген он негізгі құзыреттілікті анықтайды[84]. Жеке әрекеттер мен тұлғааралық қарым-қатынастарға қатысты құзыреттер. Адамның өзара әрекеттесуімен және әлеуметтік саламен байланысты құзыреттер.

Еуропа Кеңесі құзыреттілікті стратегиялық, әлеуметтік, әлеуметтік-лингвистикалық және оқу құзыреттіліктеріне бөледі. Соңғы жылдары бұл құзыреттер шетел студенттердің бейімделуін жеңілдету үшін көбірек қолданылуда. “Құзыреттілік” термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби мәртебесі бар адамдарға жатады және олардың белгілі бір міндеттерді шешудегі білімімен, түсінігімен және құзыреттілігімен сипатталады, шешілетін қиындықтарды өз деңгейіндегі қажетті шешімдермен сәйкестендіреді.

Н.В. Кузьмина құзыреттілік пен жеке қасиеттер ішкі қасиеттерді білдіреді деп санайды. Ол құзыреттіліктің бес түрлі категориясын анықтайды:

− оқытылатын пән шегінде мамандандырылған және кәсіби құзыреттілік;

− реляциялық контекст шеңберіндегі әлеуметтік психологиялық құзыреттілік;

− оқушының қабілеттері мен мотивацияларына қатысты дифференциалды психологиялық құзыреттілік;

− оқу тәжірибелеріндегі әдістемелік құзыреттілік және оқушының шеберлігін қалыптастыру;

− жеке тұлғаның өз іс-әрекетіндегі табыстары мен кемшіліктеріне қатысты аутопсихологиялық құзыреттілік.

Үшінші кезең педагогтардың кәсіби бастамаларын психологиялық ғылыми категория ретінде белгілейді[85].

Білім беру реформасы тұрғысынан бұл кезең жақтаушылар іске асыруға ұмтылатын нәтижелер мен тұжырымдамалардың маңыздылығына баса назар аударады. М.В. Рыжаков [86] өзінің ғылыми еңбегінде осы көзқарасты былай баяндайды:

“Құзыреттілік” ұғымы түбегейлі когнитивті және технологиялық болып табылады. Мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлық өлшемдерін де қамтиды, яғни ол оқу нәтижелеріне қатысты білім, дағдылар және құндылыққа бағытталған жүйелерді қамтиды.

Білімді, дағдыларды және құзыреттіліктерді қамтитын құзыреттілікке қатысты алынған білім белгілі бір контексттерде қолданылуы керек. Құзыреттілік дәстүрлі түрде білім беру саласында ғана емес, дәстүрлі емес салаларда да өсіріледі. “Нәтижеден” дамитын білім құзыреттілікті концептуализациялаудың және оның мазмұндық қалыптасуының ажырамас бөлігі болып табылады. Енді біз дискурсымызға сәйкес келетін коммуникативтік құзыреттілік пәніне көшеміз, өйткені коммуникативтік қабілет шетел студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне айтарлықтай әсер етеді.

Бакалавриат және магистратура білім алатын шетелдік студенттер арасында полилингвалдық коммуникативтік құзыреттілікті дамыту олардың жалпы қалыптасуының шешуші элементі болып табылады. Университеттің міндеті шетелдік студенттерді жеке адамдардың коммуникативтік ерекшеліктерін дәл түсінумен жабдықтау және оларды үнемі жетілдіруге арналған әдістемелермен қамтамасыз ету болып табылады.

Г.Ж. Меңлібекова әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды көпмәдениетті өзара әрекеттесу және мәдениеттер диалогы жағдайында зерттеу үшін полипарадигмалық тұғырды негіздейді. Бұл тұжырым шетелдік студенттердің бейімделуіне тікелей қатысты. Олар бөтен мәдени ортада жаңа әлеуметтік қатынастарға еніп, мәдени айырмашылықтарды түсінуге тиіс, сондықтан олардың бейімделуін бір ғана парадигма шеңберінде түсіндіру жеткіліксіз [87].

А.С. Мағауова жоғары білім берудің құзыреттілікке негізделген үлгіге көшуін және кәсіби құзыреттерді дамыту моделін қарастырады. Бұл еңбектер шетелдік студенттердің бейімделуін құзыреттілік тұғыр тұрғысынан қарастыруға негіз болды. Шетелдік студент академиялық білім алумен қатар өз бетімен әрекет етуге қажетті құзыреттерді игеруі керек. Сондықтан оның бейімделуін қолдау университеттің оқу, тәрбие және психологиялық қызметтерінің бірлескен жұмысын талап етеді. Мұндай қолдау студенттің оқудағы табыстылығына жағдай жасайды. [88].

К.И. Жуков коммуникативтік құзыреттілік тұлғааралық қарым-қатынаста көрінетін жеке мінезді көрсететін психологиялық атрибут немесе “басқалармен қажетті байланыс орнату және қолдау қабілеті” ретінде қызмет етеді деп санайды. Автор бұл құзыреттілікті “адамның коммуникативтік процестерін сәтті навигациялауды жеңілдететін білім, дағдылар мен қабілеттер корпусымен” арттыру қажеттілігін бекітеді.

Жеке адамның коммуникативтік құзыреттілігі тұлғааралық өзара әрекеттесуден алынған тәжірибелік білімдерден түбегейлі негізделген және осындай әрекеттер шеңберінде тікелей қалыптасады. Сонымен қатар, адамдар

әдебиетте, театрда, кинода және бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін үлгілер арқылы қарым-қатынасқа қатысты мінез-құлық дағдыларын меңгереді.

Коммуникативтік құзыреттілік вербалды және вербалды емес коммуникативтік модальдылықтарды меңгеруге, басқа адамның психологиялық жағдайын дәл бейнелеуге, олардың әрекеттерін обьекивті бағалауға, сондай-ақ сөйлеушінің мінез-құлық тенденцияларын болжауға мүмкіндік беретін тұлғаның тұтас сапасын білдіреді.

Коммуникативтік құзыреттіліктің кең сараптамасы И.Н. Зотованың ғылыми еңбектерінде қамтылған. Ол коммуникативтік құзыреттілікті үш негізгі компоненттен тұратын интегративті білім жиынтығы ретінде көрсетеді: эмоционалды-мотивациялық, когнитивтік және мінез-құлық. Эмоционалдық-мотивациялық компонент жағымды қарым-қатынастың талаптарын, құзыреттілікті арттырудың қозғаушы күштерін және реляциялық құндылықтармен қатар «жетістікке жетумен» байланысты ұмтылыстарды қамтиды. Когнитивті компонент тұлғааралық динамика туралы білімнен және мамандандырылған психологиялық түсініктерден тұрады, ал мінез-құлық деңгейінде ол тұлғааралық өзара әрекеттесудің оңтайлы үлгілерінің репертуарын құрайды [89].

Әртүрлі авторлардың коммуникативтік құзыреттілікке қатысты ғылыми еңбектерін талдау арқылы И.Н. Зотова оның құрылымы көптеген құрамдас бөліктен тұратынын анықтады. Дегенмен, олардың ішінде келесі компоненттер айқын көрінеді: коммуникативтік білім, коммуникативтік дағдылар, коммуникативтік қабілеттер.

Коммуникативтік білім қарым-қатынастың мәнін, оның әртүрлі формаларын және даму заңдылықтарын түсінуді қамтиды. Ол әртүрлі коммуникативтік әдіснамалар мен тәсілдердің әсерін, сондай-ақ олардың тән шектеулерін білуді көздейді. Оған әртүрлі адамдар мен контексттерде әдістердің тиімділігі туралы білім де кіреді.

Коммуникативтік дағдылар, хабарламаның мазмұнын тиісті форматта тұжырымдау іскерлігі; сыртқы өрнектерді ішкі көріністермен біріктіру іскерліг. Кері байланысты сұрау және өңдеу іскерлігі; басқалармен қатар коммуникативтік кедергілерді жеңе білу.

Гази TÖMER-дегі мәдени бағдарламалар шетелдік студенттерге қабылдаушы қоғамның мәдени құндылықтарымен танысуға және басқа шетелдік студенттермен әлеуметтік байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл механизмдер зерттеу жұмысымыздың моделінде анықталған әлеуметтік, педагогикалық, мәдени және психологиялық факторлармен, сондай-ақ мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және жеке бағыттармен мазмұн жағынан байланысты. Модельде когнитивтік бағыт университет талаптарын меңгерумен, коммуникативтік бағыт тілдік құзыреттілікпен, ал жеке бағыт психологиялық икемділік пен күйзеліске төзімділікпен сипатталады. Эмпирикалық қорытындылар теориялық-концептуалдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл негіз қазақстандық студенттердің Түркиядағы университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін жүйелі түсіндіреді және компоненттері мен өзара байланыстарын айқындайды. Анықталған факторлар мен механизмдер келесі бөлімде ұсынылатын шетелдік студенттердің университеттің білім беру ортасына бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеудің әдіснамалық тірегіне айналады.

2.3 Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі

Жоғарыда ұсынылған теориялық зерттеу мен педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау нәтижелері, сондай-ақ талданған халықаралық және шетелдік тәжірибе шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау қажеттігін көрсетеді.

Университеттік білім беру кеңістігінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін ғылыми тұрғыдан негіздеу қазіргі жоғары білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бейімделу үдерісінің күрделілігі оның құрылымын, мазмұнын, өлшемдері мен көрсеткіштерін жүйелі түрде анықтау қажеттігін көрсетеді.

Бұл бөлімнің мақсаты - шетелдік студенттердің университеттік ортаға тиімді интеграциялануын қамтамасыз ететін әлеуметтік, мәдени, академиялық және психологиялық факторларды кешенді талдау. Мұны мәселенің өзектілігі талап етеді. Зерттеу барысында бейімделу үдерісін жүзеге асыратын университеттік ортаның құрылымдық компоненттері мен олардың өзара байланысы анықталды.

Ғылыми жұмысымыздың теориялық-эмпирикалық бөлімінде шетелдік студенттердің бейімделу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық бағыттағы ғылыми еңбектер қаралды. Сонымен қатар халықаралық білім беру кеңістігіндегі академиялық ұтқырлық және интернационалдандыру үдерістері UNESCO және OECD баяндамалары негізінде сарапталынды.

Ғылыми мақалалар, нормативтік-құқықтық құжаттар, әдістемелік құралдар және университеттік қолдау бағдарламалары мазмұндық талдаудан өткізіліп, зерттеу жұмысының құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруға негіз болатын теориялық және эмпирикалық деректер жүйеленді.

Әлеуметтанушылар бейімделуді адамды қоршаған ортаның әр түрлі бөліктеріне ену деп қарастырса, ал психологтар мен педагогтарды бейімделе бастаған тұлғаның белгілері мен бейімделудің дәрежесінің негізгі бағыттары қызықтырады. Сонымен қатар, «бейімделу» термині тек ғылымның әр түрінде, ғана қолданып қана қоймай, әр түрлі жағдайларға байланысты қолдануға да болады.

Бүгінгі күні мемлекеттің жоғары білім беру жүйесіне қоятын талаптары ҚР Білім туралы заңының 11 бабында нақты көрсетілген: «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру; жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік

әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету» [1].

Н.Д. Хмель модельдеуді педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Модельдеу ғылыми танымның әмбебап әдістерінің бірі ретінде педагогика саласында кеңінен қолданылады. Ол педагогикалық зерттеулерде эмпирикалық деректер мен теориялық қорытындыларды өзара байланыстырып, тұтас ғылыми түсіндіру жасауға мүмкіндік беретін интегративті әдіс болып саналады[131].

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінің нәтижесі ретінде шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру барысында зерттеу мәселемізге байланысты бірқатар ғылыми еңбектердегі модельдердің ерекшеліктері жүйелі талданды.

Идеалды бейімделу тұлғаның дамуына бағытталған қоғамдық идеалдармен анықталады. Бұл түр нақты жағдайдан белгілі дәрежеде алшақ болғанымен, әлеуметтік-педагогикалық үдерісте бағыттаушы сипатқа ие. Нормативті бейімделу студенттің қандай болуы тиіс екенін және білім беру институттарының оның университеттік ортаға тиімді бейімделуін қамтамасыз ету шараларын сипаттайды.

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі күрделі әрі көпқырлы үдеріс болып табылады. Оның тиімді жүзеге асуы студенттің әлеуметтік ортаға кірігу ерекшеліктерімен, білім беру үдерісіне қатысу деңгейімен, мәдени ортаға бейімделуімен және тұлғалық-психологиялық мүмкіндіктерімен тығыз байланысты. Осыған байланысты бейімделу үдерісін жан-жақты түсіндіру үшін әлеуметтік, педагогикалық, мәдени және психологиялық қырларын кешенді түрде қарастыру қажет.

Әлеуметтік қыры студенттің жаңа ортада әлеуметтік байланыстар орнатуы мен академиялық қауымдастыққа кірігу ерекшеліктерін сипаттайды. Педагогикалық қыры білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы мен оқытушылар тарапынан көрсетілетін қолдаудың маңызын айқындайды. Мәдени қыры қабылдаушы қоғамның құндылықтары мен дәстүрлерін меңгеру және мәдениетаралық өзара әрекеттесуді қалыптастыру ерекшеліктерін қамтиды. Ал психологиялық қыры тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығы мен жаңа жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерін сипаттайды.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мазмұны мен нысанының арасындағы байланысты жүйелеу арқылы құрастырылатын модель шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне негіз болады деп санаймыз.

Осылайша, жүргізілген талдау шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін жүйелік, құзыреттілік, синергетикалық және орта тұрғылар негізінде қарастыру қажеттігін дәлелдеп, диссертациялық зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуге ғылыми алғышарттар жасалды.

Біздің зерттеудің аясында модельдеудің мақсаты - нақты әлеуметтік-педагогикалық нысанды жүйелі талдау негізінде қорытындылар шығару арқылы жаңа ғылыми білім қалыптастыру.

Қойылған мақсатқа сәйкес, орындалуы тиіс міндеттері: 1.Шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу үдерісінің мәнін, құрылымын және оған әсер ететін факторларды анықтау. 2. Осы үдерісті тиімді ұйымдастыру үшін психологиялық-педагогикалық қолдау мен әдістемелік материалдар кешенін даярлау. 3. Әзірленген бейімдеу моделінің нәтижелілігін критерийлік-бағалау аппараты арқылы диагностикалау.

Бейімделу мәселесі айтарлықтай көп зерттеліп келеді. Психологияда, әлеуметтануда, медицинада және басқа да ғылыми білім салаларында студенттердің бейімделуі және болашақ мамандарды даярлаудың тиімділігі мәселелерін қарастыруға үлкен назар аударылуда. Заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайда жоғары оқу орындарындағы білім беру жастардың өмірлік келешегінің жоғары деңгейдегі белгісіздігінің аясында жүзеге асырылып отыр. Жоғары оқу орны тек өмірде өз орнын іздеудегі кездесетін қиындықтардан уақытша ғана құтқарып, кәсіби және басқа да жас мамандармен бәсекелестік қатынасқа түсудің қажеттілігін қысқа уақытқа ғана шегереді. Оның үстіне студенттік шақ - адам өміріндегі ерекше кезең және, ең алдымен, бұл студент өзі шешімін табуы тиіс мүлде бейтаныс мәселелермен күтпеген жерден бетпе-бет келетін кезең.

Көптеген зерттеулерге сай, оқытудың тиімдігі мен табысты болуы көбінесе шетел студенттің өзі оқуға түскен жоғары оқу орнындағы жаңа ортаны игеру мүмкіндігіне байланысты болады. Шетелде сабақ өткізу формасы, тұрмыстық жайғасу, климат және тіл мәселесі студенттің күрделі бейімделу жүйесіне енуін білдіреді.

Зерттеулер бойынша, оқытудың тиімділігі мен табыстылығы көбінесе шетелдік студенттің өзі оқуға түскен жоғары оқу орнындағы жаңа ортаны игеру мүмкіндігімен тығыз байланысты.

Бөтен елде сабақтың өту формасы, тұрмыстық жайлану, климаты мен тіл мәселесі студенттің бейімделудің күрделі жүйесіне енуін білдіреді. Дәл осы күрделілік аталған үдерістің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау қажеттігін негіздейді, өйткені мұндай модель бейімделудің әртүрлі қырларын біртұтас жүйеге келтіріп, университеттік ортаның ықпал ету тетіктерін айқындауға жол ашады.

Зерттеу жұмысымыз моделінің мақсаты анықталғаннан кейін шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастырдық. Университеттің білім беру кеңістігінде шетелдік студенттердің бейімделу үдерісін тиімді ұйымдастыру және сәтті жүзеге асыру мақсатында құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді. Аталған модельді ғылыми негіздеу барысында зерттеу жұмысының 1.3-тармақшасында аталған жүйелілік, құзыреттілік, синергетикалық және орта тұғырлар негізге алынды.

Осы модельдің тұжырымдамалық негізі бірін-бірі толықтыратын төрт ғылыми тұғырға - синергетикалық, құзыреттілік, жүйелілік, және орта - сүйенеді. Синергетикалық тұрғыдан алғанда, шетелдік студенттің жаңа ортаға енуі өзін-өзі реттейтін, ашық үдеріс ретінде сипатталады; бұл үдерістің динамикалық тепе-теңдікке ұмтылу заңдылықтарын отандық ғалымдар М.С. Тилеубаева мен М.А. Кусаинова [132] психологиялық бейімделу мән мәтінінде саралаған. Құзыреттілік тұғыр білім алушының тілдік, мәдениетаралық және әлеуметтік құзыреттерін мақсатты түрде қалыптастыруды көздейді, бұл бағыт Г.Н. Акбаева [133] зерттеуінде интернационалдандыру үдерістерімен байланыста терең негізделген. Ал жүйелілік тұғыр бейімделудің барлық компоненттерінің өзара шарттастығын талап етеді, мұны Д.Б. Кайкенов, Е.С. Отар, Г.О. Рахимбекова және Р.М. Мухажанова [7] өздерінің бейімделу моделінде эмпирикалық түрде дәлелдеген. Орта тұғыры студенттің бейімделуін оны қоршаған білім беру кеңістігінен бөліп қарамайды. Ю.С. Мануйлов [95] ортаны субъектінің өмір сүру кеңістігін құрайтын материалдық және рухани жағдайлардың, ішкі және сыртқы ықпалдардың жиынтығы деп түсіндіріп, оның тұлғаның әлеуметтенуіндегі рөлін ерекше атап көрсетеді. И.А. Баеваның [94] пайымдауынша, сенім мен өзара қолдауға негізделген психологиялық қауіпсіз орта студентке өз ойын еркін айтуға, өз күшіне сенуге және түрлі әлеуметтік топ өкілдерімен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Шетелдік студент үшін мұндай орта оқытушының жетекшілігімен жаңа әрі күрделі білімді игеруге тірек болады**.** Осы төрт тұғырдың тоғысында моделіміздің арнайы бағдар қағидаттары - іс-әрекеттік, өзін-өзі ұйымдастыру және әлеуметтік тәжірибе қағидаттары - нақтылана түседі. Іс-әрекеттік қағидатына сәйкес, Ж.А. Таджибаева, А.И. Битикова және Е. Атасой [134] шетелдік студенттердің білім беру үдерісіне белсенді қатысуы олардың бейімделу жылдамдығын арттыратынын анықтаған. Кешенділік қағидаты бейімделудің тұрақты мониторингін және қолдаудың сабақтастығын білдіреді, бұл тұжырым Ж.Б. Ибраева, Д.К. Алдынгуров, А.О. Мысаев және авторлар [135] ұсынған медициналық білім берудегі әлеуметтік-мәдени сүйемелдеу үлгісінде айқын көрініс тапқан. Өзін-өзі ұйымдастыру қағидаты әр студенттің жеке ерекшеліктерін ескеруді талап етеді, бұл С.Б. Курманова мен С.А. Курманова [136] еңбектерінде әлеуметтік-психологиялық қолдау арқылы жүзеге асырылады.

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне арналған модельдің құрылымы мен мазмұнын әзірлеудің негізі ретінде бірнеше әдіснамалық тұғыр айқындалды:

- жүйелік тұғыр шетелдік студенттердің әлеуметтік, педагогикалық, мәдени және психологиялық бейімделу факторлары арасындағы өзара байланысты біртұтас жүйе ретінде қарастырады және бейімделу үдерісінде ақпараттық-танымдық, әлеуметтік және педагогикалық қолдау тетіктерінің үйлесімді бірігуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- құзыреттілікке негізделген тұғыр шетелдік студенттердің жаңа университет ортасында табысты қызмет етуі үшін қажетті тілдік, коммуникативтік, мәдениетаралық және әлеуметтік құзыреттіліктерді дамытуға

бағытталады. Бұл оларға академиялық талаптарға бейімделуге, әлеуметтік байланыстар орнатуға және мәдениетаралық ортада тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді;

- синергетикалық тұғыр шетелдік студенттердің бейімделуін өзін-өзі реттейтін және дамып отыратын, өзгермелі жағдайларға бейімделетін процесс ретінде қарастырады. Ол студенттің жеке ресурстары, университет ортасы ұсынатын мүмкіндіктер мен педагогикалық қолдаудың өзара әрекеттесуіне негізделген жеке бейімделу траекториясын қалыптастыруға ықпал етеді;

- орта тұғыры шетелдік студенттердің жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға белсенді кірігуіне жағдай жасайды олар: университет аясында әлеуметтік және академиялық тәжірибе жинақтайды, студенттермен және оқытушылармен қарым-қатынас жасайды және мәдени және әлеуметтік іс-шараларға қатыса алады.

Осылайша, жоғарыда аталған әдіснамалық тұғырлар шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу процесін кешенді түрде ұйымдастырудың теориялық негізін қалыптастырады және модельдің құрылымдық әрі мазмұндық тұтастығын қамтамасыз етеді. Модельдің тиімділігін арттыруға бағытталған кешенділік, іс-әрекеттік, өзін-өзі ұйымдастыру және әлеуметтік тәжірибе қағидаттары осы тұғырлардың мазмұнынан туындайды. Кешенділік қағидаты бейімделудің өзара байланысты бағыттарын біртұтас іске асыруды білдіреді. Іс-әрекеттік қағидаты студенттің бейімделу процесіне белсенді қатысуын қарастырады. Өзін-өзі ұйымдастыру қағидаты жаңа жағдайдағы іс-әрекеттерді дербес реттеуге қатысты. Ал әлеуметтік тәжірибе қағидаты университет ортасындағы нақты өзара іс-қимыл мен қарым-қатынас арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтауға бағытталған. Аталған тұғырлар мен олардан туындайтын қағидаттар арасындағы өзара байланыс модельдің тұжырымдамалық құрамдас бөлігінің мазмұнын айқындайды.

Аталған әдіснамалық негіз бен қағидаттар модельдің тұжырымдамалық блогын құрайтын төрт фактордың - әлеуметтік, мәдени, психологиялық және педагогикалық - өзара ықпалдастығын ашып көрсетеді. Әлеуметтік фактор аясында С.А. Амитов пен М.С. Садырова [137] репатрианттардың әлеуметтік ортаға ену механизмдерін зерттеген. Мәдени фактор бойынша М.С. Тилеубаева мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын ұсынса, шетелдік зерттеуші Т. Kim халықаралық студенттердің мәдени бейімделу тәжірибесін талдай келе, жергілікті тілдерді меңгеру деңгейінің маңыздылығын дәлелдеген [138]. Психологиялық тұрғыда В.В. Подпругина шетелдік студенттердің когнитивті-эмоционалды көріністерін саралап, өзін-өзі қабылдау мен эмоционалдық жайлылықтың бейімделудегі шешуші рөлін анықтаған [58]. Педагогикалық фактор шеңберінде Н.А. Максимова мен В.В. Константинов [56] академиялық бейімделудің танымдық компонентін жан-жақты талдап, білім беру ортасының сипаттамалары мен бейімделу көрсеткіштері арасындағы байланысты ашқан.

Осы факторлардың тікелей әсерінен қалыптасатын тұлғалық, коммуникативтік, когнитивтік және мотивациялық компоненттер модельдің мазмұндық өзегін құрайды. Тұлғалық компонентке қатысты Г. Салимова, Н. Тоқсанбаева және авторлар [139] студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуіндегі құндылық бағдарлардың психологиялық ерекшеліктерін анықтаған, ал отандық ғалым М. Байжигитова тұлғалық икемділіктің маңыздылығын растайды [140]. Коммуникативтік компонент бойынша Д.Б. Кайкенов пен Е.С. Отар [7] тілдік кедергілерді жеңу жолдарын қарастырса, В.В. Гриценко, О.Е. Хухлаев және авторлар [54] мәдениетаралық құзыреттіліктің коммуникативтік бейімделудегі предикторлық рөлін дәлелдеген. Когнитивтік компонент аясында С.А. Иванчин мен В.В. Константинов [141] шетелдік студенттердің оқу іс-әрекетіне бейімделу дайындығын талдаған. Мотивациялық компонент бойынша А.М. Досанова мен И.А. Абдикадыр қандас жастардың білім алуға деген ішкі уәжі мен әлеуметтік интеграциясының өзара байланысын анықтаса, А.А. Горожанкин [57] аффилиация мотивациясының әлеуметтік-психологиялық бейімделуге ықпалын теориялық тұрғыдан негіздеген.

Әлеуметтік бейімделу факторы - психология ғылымында әлеуметтік бейімделу күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Бейімделу мәселесі тек қана психология ғылымының ғана емес, сондай-ақ басқа ғылымдардың да зерттеу объектіне айналып келген. Ғылымның түрлі салаларында бейімделу мәселесі түрліше талқыланады. Әлеуметтік бейімделуді зерттеуде бірнеше ғалымдар атсалысқан. Мысалы, социология ғылымында әлеуметтік бейімделуді М. Вебер, Э. Дюркгейм, Р. Мертон, Дж. Мид, Д. Морено, П. Сорокин, Т. Парсонс, Э. Фромм, Р. Линтон, П. Делор, А. Дюссен, Л. Бристол, Д. Дьюи, Ф. Знанецкий, Р. Парк, Г. Спенсер, Г. Тард, У. Томас, Г. Чаттертон-Хилл сияқты ғалымдар кеңінен қарастыруға тырысқан.

Жоғарыда келтірілген ғылыми тұжырымдарды талдау әлеуметтік бейімделудің тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара ықпалдастығы нәтижесінде жүзеге асатын күрделі әрі көпқырлы үдеріс екенін көрсетеді. Бұл үдеріс тұлғаның жаңа әлеуметтік жағдайларға біртіндеп бейімделу, қоршаған ортамен үйлесімді әрекеттесу және әлеуметтік қатынастар жүйесінде өз орнын табу қабілетімен тығыз байланысты. Жоғары білім беру кеңістігінде бұл мәселе әсіресе өзекті, себебі шетелдік студенттер жаңа мәдени, әлеуметтік және академиялық ортаға бір уақытта бейімделу қажеттілігіне тап болады. Сондықтан университеттік ортада әлеуметтік бейімделу факторларын кешенді қарастыру және ғылыми тұрғыдан негіздеу зерттеу жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Әлеуметтік бейімделу үдерісінің мазмұнын нақтылап, оның шетелдік студенттердің университеттік өмірге тиімді қосылуын қамтамасыз етудегі рөлін анықтау қажет.

Әлеуметтік бейімделуді біз маңызды деп санаймыз, өйткені тұлғаның жаңа топ мүшелерімен қарым-қатынасты дұрыс құру, әлеуметтік интеграциялану және университеттік қауымдастықпен тиімді өзара әрекеттесуді жақсарту мүмкіндіктері өз білімін жетілдіру арқылы мақсатты дамуымен байланысты. Біздің зерттеу жұмысымыз аясында әлеуметтік бейімделу шетелдік

студенттердің университеттік ортаға тиімді бейімделуіне және академиялық қауымдастықтың белсенді мүшесі ретінде қалыптасуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Бұл фактор студенттердің жаңа әлеуметтік ортаға жаймен кірігуі, топ ішіндегі қарым-қатынастарды дұрыс құрастыруға және университеттік қауымдастықпен тиімді жақсартуға мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік бейімделудің стратегиялық мақсаты - шетелдік студенттердің университеттік білім беру кеңістігінде әлеуметтік байланыстарды мықты қалыптастыруға, академиялық топпен үйлесімді араласуға және білім беру ортасына бейімделу деңгейін арттыру болып табылады және психологиялық бейімделу факторымен ұштасады.

Бейімделудің психологиялық факторы - тұлғаның ішкі ресурстарын, эмоционалдық тұрақтылығын және жаңа жағдайларға тұрақты қабылдау қабілетін сипаттайтын фактор болып табылады. Ол шетелдік студенттердің университеттік ортаға стресс жағдайында конструктивті түрде жеңе білу, өзін-өзі дұрыс бағалау және жаңа ортаға сенімді бейімделу үдерістерін қамтиды.

А.Тасмағамбетова және оның әріптестері шетелдік студенттердің университет ортасына бейімделуінің психологиялық және педагогикалық факторларын зерттеді. Авторлар студенттердің бейімделу процесіндегі мазасыздық деңгейі мен олардың жаңа білім беру ортасына бейімделу көрсеткіштері бір-бірімен байланысты екенін анықтады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес бірінші курс студенттері арасында мазасыздық деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болды. Төртінші курс студенттерінің психологиялық жағдайы мен бейімделу көрсеткіштері жоғары болды. Бұл шетелдік студенттердің жаңа ортаға бейімделуі кезінде психологиялық қиындықтарды анықтау және әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігін көрсетеді [142]. Психологиялық тұрғыдан стресс - тұлғаның қоршаған ортадағы өзгерістерді қабылдауына, бағалауына және оларға жауап беру тәсілдеріне байланысты қалыптасатын эмоционалдық шиеленіс күйі. R. Lazarus және S. Folkman [143] стресс ұғымын тұлға мен орта арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде туындайтын, адамның психологиялық ресурстары алдында тұрған талаптарды орындауға жеткіліксіз болған кезде пайда болатын күй ретінде түсіндіреді. И. Чен зерттеулерінде аккультурациялық стресс студенттердің эмоционалдық, әлеуметтік және академиялық бейімделу қабілетін төмендететінін көрсеткен. Дегенмен қабылданатын әлеуметтік қолдау (мысалы, жоғары оқу орны тарапынан көрсетілетін көмек, құрбыларымен қарым-қатынас) бұл кері әсерді азайтып, бейімделу үдерісін жеңілдететін рөл атқарады. Сондай-ақ мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту мен арнайы бейімделу бағдарламалары студенттердің стресті жеңу стратегияларын нығайтып, университеттік ортаға табысты интеграциялануына ықпал етеді.

Психологиялық зерттеулерде тұлғаның жаңа ортаға бейімделуінде оның индивидуалды типологиялық ерекшеліктері маңызды фактор ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, темперамент типі тұлғаның мінез-құлқының, эмоционалдық тұрақтылығының және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу

тәсілдерінің даралық ерекшеліктерін анықтайды. Психология ғылымында темперамент экстраверсия-интроверсия және нейротизм шкалалары арқылы анықталады, ал классикалық жіктеу бойынша ол холерик, сангвиник, флегматик және меланхолик типтеріне бөлінеді. Әрбір темперамент түрі тұлғаның жаңа әлеуметтік және мәдени ортаға әр түрлі бейімделуін, стресстік жағдайларды әр түрлі жеңуін және жаңа қарым-қатынас жүйесіне белгілі бір жолмен қосылу қабілетін сипаттайды. Сондықтан шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуін кешенді талдау барысында олардың психологиялық ерекшеліктерін, әсіресе темперамент типтерінің ерекшеліктерін ескеру маңызды деп санаймыз.

Темперамент түрлері адамның мінез-құлқы мен қарым-қатынасына әсер етеді: холерик - белсенді, тез ашуланшақ және импульсив, сангвиник - белсенді, көпшіл және жаңа ортаға тез бейімделгіш, флегматик - сабырлы, баяу және эмоцияларды басқара алатын, меланхолик - сезімтал, эмоционалды және ішкі күйзеліске бейім. Темпераменттік сипаттамалардың үйлесімділігі өзара түсіністікке және жанжал жағдайларының сипатына әсер етеді. Біздің зерттеу жұмысымыз аясында университеттік білім беру ортасында шетелдік студенттердің психологиялық бейімделуін жақсарту мақсатында стресстің алдын алу және емтихан алдындағы стреспен жұмыс жасау, әр студент өз темперамент ерекшелігіне қарай қарым-қатныас жасау ерекшеліктеріне психолгиялық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру маңызды деп ойлаймыз. Оның ішінде: тренинг, ойындар, сұхбаттар және т.б. бұл шетелдік студентетрдің тұлғалы және ментальды денсаулығын жақсартуға және университеттік ортаға жақсы бейімделуге мүмкіндік береді.

Психологиялық фактордың тиімділігі университеттік білім беру ортасында шетелдік студенттердің психологиялық бейімделу үдерісінің үздіксіз жүзеге асуын қамтамасыз ету арқылы, тәжірибелік ақпараттарды жүйелеу, сондай-ақ білім беру мазмұнын студенттердің психологиялық типтерін және темперамент ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу сияқты мәселелердің шешілуі аясында оң жағына қарай арта түседі.

Енді біз құрастырып отырған құрылымдық - мазмұндық модельдегі шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагоикалық бейімделудің негізі болатын мәдени фактордың мазмұнына тоқталайық:

Бейімделудің мәдени факторы. Біздің зерттеуімізде шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделу құрылымында мәдени бейімделу факторы ерекше орын алады деп есептейміз. Біздің ойымызша, университет жағдайында шетелдік студенттердің мәдени бейімделуін дамыту олардың қабылдаушы елдің мәдениеті, дәстүрлері мен құндылықтары туралы білімдерін тереңдету, мәдениетаралық коммуникация тәжірибесін қалыптастыру және жаңа мәдени ортада өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту арқылы жүзеге асады. Шетелдік студенттер тек академиялық талаптарды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар қабылдаушы қоғамның мәдени нормаларын түсіну, күнделікті өмірде қарастыру және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау қабілеттерін қалыптастыруы қажет. Бұл өз кезегінде студенттердің жаңа мәдени ортаға жайлы бейімделу, түрлі

этномәдени топ өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау және университеттік қауымдастықта өзін сенімді сезіну мүмкіндігін арттырады. Мәдени бейімделудің студенттердің тұлғалық дамуына, әлеуметтік өзара әрекеттесуіне және академиялық белсенділігіне ықпалын анықтау университеттік ортадағы бейімделу үдерісін тиімді ұйымдастырудың шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан шетелдік студенттердің мәдени бейімделуін қолдау мақсатында университеттерде мәдениетаралық коммуникацияға арналған арнайы тренингтер, мәдени-танымдық іс-шаралар, бейімделу бағдарламалары және мәдени алмасу форматындағы жобалар ұйымдастырылуы қажет деп санаймыз.

Біздің зерттеу жұмысымыз аясында университеттік білім беру ортасында шетелдік студенттердің мәдени бейімделуін дамыту мақсатында мәдениетаралық өзара әрекеттесуге бағытталған педагогикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру маңызды деп ойлаймыз. Себебі мұндай жұмыстар студенттердің қабылдаушы елдің мәдени құндылықтарын түсіну, ұлттық дәстүрлер мен әлеуметтік нормаларды саналы қабылдауға және мәдени айырмашылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әрине, мәдени бейімделу үдерісін толық қамту тек жекелеген іс-шаралар арқылы мүмкін емес. Дегенмен университеттік ортада мәдени-танымдық бағдарламаларды жүзеге асыру, мәдениетаралық коммуникация тренингтерін жүргізу, сондай-ақ студенттердің бірлескен жобаларға қатысуын белсенді қолдау олардың жаңа мәдени ортаға тиімді бейімделуін деңгейін арттырады деп пайымдаймыз.

Сонымен қатар университет тарапынан ақпараттық, психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету де маңызды. Бұл өз кезегінде шетелдік студенттердің мәдени ортаға сенімді интеграциялану, этномәдени ерекшеліктерді дұрыс бағалау және университеттік қауымдастықта өзара әрекеттесуге мүмкіндігін арттырады.

Біздің ойымызша, мәдени-білім беру бағдарламаларын жүйелі кіріктіру, мәдениетаралық іс-шараларды жиі ұйымдастырып тұру және бейімдеу бағытындағы жұмыстарды дәйекті дамыту шетелдік студенттердің мәдени бейімделуін жақсы қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Ғылыми зерттеу жұмысымызда біз шетелдік студенттердің университеттік ортаға мәдени бейімделуін қамтамасыз ету үдерісін ұйымдастыруда тұлғаны белгілі бір іс-әрекетке дайындау мәселесіне назар аударамыз. Осы тұрғыда тұлғаның қоғамның материалдық және рухани мәдениетін сақтай отырып дамыту қабілеттерін қалыптастыру білім, білік, дағдылардың, шығармашылық әрекет тәжірибесінің және эмоционалды-еріктік қарым-қатынастың педагогикалық тұрғыдан бейімделген жүйесін қамтуы тиіс деген ғылыми пікірге сүйенеміз.

Мәдени фактордың тиімділігі университеттік білім беру ортасында шетелдік студенттердің мәдени бейімделу үдерісінің үздіксіз жүзеге асуын қамтамасыз ету арқылы, мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қатысты тәжірибелік ақпараттарды жүйелеу, сондай-ақ білім беру мазмұнын студенттердің мәдени және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу

сияқты мәселелердің шешілуі аясында кәдімгідей арта түседі. Сонымен қатар оқу-тәрбие үдерісінде мәдени құндылықтарды тереңірек түсіндіру, мәдениетаралық коммуникацияны тиімді ұйымдастыру және студенттердің түрлі мәдени орта өкілдерімен өзара әрекеттесу тәжірибесін белсенді дамыту арқылы шетелдік студенттердің жаңа мәдени ортаға жақсы бейімделу деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Бейімделудің педагогикалық факторы. Шетелдік студенттердің университеттік білім беру ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделу құрылымында педагогикалық бейімделу факторы маңызды орын алады деп есептейміз. Біздің ойымызша, университет жағдайында шетелдік студенттердің педагогикалық бейімделуін дамыту білім беру үдерісінің ерекшеліктерімен таныстыру, оқыту әдістері мен академиялық талаптарды түсіну, сондай-ақ оқу қызметін тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асады.

Шетелдік студенттер білім мазмұнын меңгерумен қатар, университеттегі оқыту формалары мен әдістерін саналы қабылдау, оқытушылармен академиялық өзара әрекеттесуді конструктивті құру және оқу талаптарын дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыруы қажет. Бұл студенттерге жаңа білім беру жүйесіне жақсы бейімделуге, оқу үдерісіне белсенді қатысуға және университеттік академиялық ортада өзін сенімді сезінуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық бейімделудің студенттердің оқу мотивациясына, академиялық жетістіктеріне және білім беру үдерісіне жақсы ықпалын анықтау университеттік ортадағы бейімделу үдерісін тиімді ұйымдастырудың шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан шетелдік студенттердің педагогикалық бейімделуін қолдау мақсатында университеттерде академиялық бейімделу семинарларын өткізу, оқыту әдістерімен таныстыруға арналған тренингтер ұйымдастыру, университет кітапханаларымен таныстыру, электронды базалармен жұмыс істеуге үйрету, сондай-ақ студенттерге педагогикалық және әдістемелік қолдауды жүйелі көрсету қажет деп санаймыз.

Педагогикалық фактордың тиімділігі университеттік білім беру ортасында шетелдік студенттердің академиялық бейімделу үдерісінің үздіксіз жүзеге асуын қамтамасыз ету арқылы, академиялық білім алуын жеңілдету және білім беру мазмұнын студенттердің мәдени және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу сияқты мәселелердің шешілуі аясында жақсара түседі. Сонымен қатар оқу үдерісінде жаңа ақпаратты қабылдауға арналған әдітерді пайдалана отырып шетелдік студенттердің оқытушылармен коммуникацияны тиімді ұйымдастыру және отандық студенттермен өзара білім алмасу тәжірибесін белсенді дамыту арқылы шетелдік студенттердің академиялық білімін арттыруға ықпал етеді.

Педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу мәселесіне арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай отыра, зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес негізгі бағыттарды анықтадық. Осыған байланысты университеттік білім беру кеңістігінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін тиімді ұйымдастыру және тиімді жүзеге асыру мақсатында біз құрылымдық-мазмұндық модельді құрастырдық. Аталған

модельді теориялық негіздеу барысында зерттеу логикасына сәйкес негізгі төрт факторды негізге аламыз: әлеуметтік, педагогикалық, мәдени, психологиялық. 12- суреттен көре аласыз.



12-сурет. Бейімделу факторлары

Модельдің мазмұндық блогы шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне ықпал ететін негізгі бағыттардың мазмұнын айқындайды. Бұл блокта бейімделудің әлеуметтік, педагогикалық, мәдени және психологиялық факторлары өзара байланыста қарастырылады. Бұл байланыс тілдік-мәдени қолдау, сондай-ақ диагностикалық және түзету шаралары арқылы қамтамасыз етіледі. Аталған бағыттардың өзара байланысы шетелдік студенттерге университеттік ортаға біртіндеп интеграциялануға, әлеуметтік тәжірибе жинақтауға, академиялық талаптарға бейімделуге және жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда дербес әрекет етуге мүмкіндік береді. Құрылымдық-мазмұндық блок модельді іске асырудың негізгі құрамдас бөлігі болып, тұжырымдамалық деңгейде белгіленген негіздер мен қағидаттарды нақты педагогикалық тәжірибе мазмұнына айналдырады.

Модельдің мазмұндық блогы шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін практикада жүзеге асырудың мазмұны мен тетіктерін айқындайды. Бұл блок бейімделу үдерісін мақсатты ұйымдастыруға бағытталған қызмет түрлері мен әдістерді қамтиды.Мазмұндық блокты іске асыру шетелдік студенттердің университеттік ортаға интеграциялануының ерекшеліктеріне, бейімделудің кезеңдік сипатына және әлеуметтік-

педагогикалық қолдау шараларына негізделеді. Бейімделу үдерісі адаптациялық шок, бейімделу және интеграция, аккультурациялық теңгерім кезеңдеріне сәйкес құрылады, ал әр кезеңдегі қолдау мазмұны студенттердің нақты қажеттіліктеріне қарай айқындалады. Осы блокта шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу тетіктері мына бағыттар бойынша көрінеді:

- құрылымдық-мазмұндық механизмдер - мотивациялық, когнитивтік және коммуникативтік факторларды дамытуға бағытталған, олар студенттің жаңа университеттік ортаны қабылдауына, академиялық талаптарды түсінуіне және әлеуметтік байланыстарды орнатуына ықпал етеді;

- ұйымдастырушылық механизмдер - мамандандырылған курстар, әлеуметтік-психологиялық тренингтер, тәлімгерлік және топтастарының қолдауы, сондай-ақ топтық және әлеуметтік-мәдени іс-шаралар арқылы университет өміріне белсенді қатысуға және әлеуметтік тәжірибе жинауға мүмкіндік береді;

- қолдау механизмдері - психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау арқылы бейімделу үдерісінде туындайтын академиялық, әлеуметтік, коммуникативтік және мәдени қиындықтарды жеңуге бағытталған;

- бақылау және рефлексия механизмдері - шетелдік студенттердің бейімделу деңгейлерін жүйелі бағалауды, өзгерістерді бақылауды, кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыруды және алынған нәтижелерге негізделген түзету шараларын енгізуді қамтиды.

Осы механизмдерді іс жүзінде қолдану үшін шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне бағытталған арнайы бағдарлама әзірленіп, тәжірибелік кезеңде енгізілді. Сондай-ақ студенттердің университеттік орта туралы маңызды ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету, бейімделу кезеңдерінде жетекшілік ету және қажетті қолдаудың нақты түрлерін анықтауға көмектесу үшін ақпараттық веб-сайт жасалды.

Бұл мазмұн мен осы механизмдер арасындағы өзара байланыс шетелдік студенттер үшін бейімделу үдерісін кезең-кезеңмен ұйымдастыруға, олардың университеттік ортаға әлеуметтік, академиялық және мәдени интеграциялануын жеңілдетуге және бейімделу кезінде туындайтын қиындықтарға сай мақсатты әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Мазмұндық блоктың нәтижесінде шетелдік студент университеттік ортаның талаптарын түсінеді. Әлеуметтік және академиялық ортада тиімді қарым-қатынас орнатады, мәдениетаралық өзара әрекеттесуге бейімделеді, туындаған қиындықтарды өздігінен реттеп, қажетті қолдау түрін анықтайды. Әлеуметтік тәжірибе жинақтап, университеттік ортаға белсенді интеграцияланады.

Модельдің критерийлік-бағалау блогы шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейін анықтауға және эксперимент барысында болған өзгерістерді бағалауға арналған. Бұл блок бейімделудің мотивациялық, когнитивтік, тұлғалық және коммуникативтік компоненттерін, сондай-ақ оларға сәйкес келетін көрсеткіштер мен бағалау деңгейлерін қамтиды.

Мотивациялық компонент - шетелдік студенттердің жаңа білім беру ортасына оң көзқарасын, оқу-танымдық іс-әрекетке белсенді кірігуін және университеттік ортаға тиімді бейімделуге ұмтылысын сипаттайтын құрамдас бөлік. Бұл компонент студенттердің оқу мотивациясының деңгейін, кәсіби дамуға деген қалыпты қызығушылығын және жаңа мәдени-білім беру кеңістігінде саналы қатысу ниетін қамтиды.

Когнитивтік компонент - студенттердің университеттік білім беру жүйесі, оқу талаптары және академиялық нормалар туралы қажетті білімді игеру деңгейін сипаттайды. Ол сондай-ақ білім беру ортасының ерекшеліктерін дұрыс түсіну, оқу мазмұнын тиімді ұғыну және академиялық міндеттерді өз бетінше шеше алу қабілетін қамтиды.

Коммуникативтік компонент - студенттердің оқытушылармен және академиялық топ мүшелерімен конструктивті қарым-қатынас орнату, тілдік кедергілерді біртіндеп жеңу және академиялық қарым-қатынасты тиімді құру қабілетін айқындайды. Бұл компонент университеттік ортада ашық қарым-қатынас жасау, пікір алмасуға белсенді қатысу және ұжымдық әрекетке тиімді қосылу деңгейімен сипатталады.

Тұлғалық компонент - студенттердің университеттік қауымдастықтың әлеуметтік құрылымына сәтті интеграциялану, топ ішінде үйлесімді қарым-қатынас жасау және әлеуметтік байланыстарды тұрақты орнату қабілеттерін сипаттайды. Ол сондай-ақ студенттің әлеуметтік қолдау жүйесіне белсенді қосылу және университеттік өмірге қатысу деңгейін көрсетеді.

Аталған компоненттер негізінде шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісі жүйелі түрде қарастырылады және бейімделудің негізгі өлшемдері мен көрсеткіштері анықталады. Теориялық зерттеулерді талдау қазіргі жоғары білім беру жүйесінде халықаралық академиялық мобильділіктің артуы шетелдік студенттердің бейімделу мәселесін маңызды ғылыми бағытқа айналдырғанын көрсетеді. Университеттік білім беру кеңістігінің трансформациясы студенттердің әлеуметтік, мәдени және академиялық бейімделу механизмдерін жүйелі қарастыру қажеттігін негіздейді.

Бұл компоненттердің даму деңгейі шетелдік студенттің адаптациялық шок пен аккультурациялық теңгерімнен бастап, толыққанды бейімделу мен интеграцияға дейінгі сатылардан өту қарқынын анықтайды.

Бейімделу кезеңдерінің мұндай сатылы сипатын отандық зерттеушілер Д.Б. Кайкенов пен Е.С. Отар эмпирикалық түрде сипаттап, әр кезеңге сәйкес педагогикалық қолдау шараларын ұсынған. Шетелдік ғылымда бұл мәселе J.W. Berry аккультурация теориясы аясында терең зерттеліп, мәдени стресс пен бейімделу стратегияларының типологиясы жасалған, ал K. Oberg енгізген «мәдени шок» тұжырымдамасын T. Kim мақаласының контекстінде қайта қарастырып, оның ұзақтығы мен қарқындылығына әсер ететін факторларды анықтаған.

Модельде көрсетілген деңгейлер шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және

тұлғалық компоненттер тұрғысынан кешенді бағалауға мүмкіндік беретінін 11-кестеден көре аласыз.

11-кесте. Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің компоненттері критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері

Компонеттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері	Деңгейлері
1	*2*	*3*	*4*
Мотивациялық	Мәдени сәйкестікті сақтау; жаңа мәдени ортаға кірігуге ұмтылу	Төл мәдениетке бағдарлануы сақталғанымен, қабылдаушы мәдени ортамен өзара әрекеттесуге ұмтылысы әлсіз, жаңа ортаға кірігу белсенділігі төмен.	Төмен
		Қабылдаушы мәдени ортаға қызығушылық танытады, жаңа ортаға кірігуге ұмтылады, алайда мәдени өзара әрекеттесуі тұрақсыз сипатта болады.	Орта
		Төл мәдени сәйкестігін сақтай отырып, қабылдаушы мәдени ортаға белсенді бағдарланады, жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға кірігуге тұрақты ұмтылыс танытады.	Жоғары
Когнитивтік	Оқу ортасына бейімделу; оқу жетістігі; академиялық мотивация	Университеттің академиялық ортасына бейімделуі төмен, оқу талаптарын меңгеруде қиындықтар кездеседі, білім алуға қызығушылығы тұрақсыз.	Төмен
		Академиялық талаптарды негізінен меңгерген, оқу ортасына бейімделуі қалыптасу үстінде, оқу жетістігі мен мотивациясы орташа деңгейде көрінеді.	Орта
		Академиялық ортаға жақсы бейімделген, оқу талаптарын еркін меңгерген, оқу жетістігі мен білім алуға мотивациясы тұрақты.	Жоғары
Коммуникативтік	Әлеуметтік өзара әрекеттесу; өзгелерді қабылдау; эмоционалдық жайлылық	Әлеуметтік байланыс орнатуда қиындық көреді, өзгелерді қабылдауы мен қарым-қатынас белсенділігі төмен, әлеуметтік ортада жайсыздық сезінеді.	Төмен
		Қарым-қатынас орната алады, алайда әлеуметтік өзара әрекеттесуі жағдаятқа тәуелді, жаңа ортадағы коммуникативтік белсенділігі тұрақсыз.	Орта
		Әлеуметтік және академиялық ортада еркін қарым-қатынас орнатады, өзгелерді қабылдайды, өзара әрекеттесуде белсенділік пен эмоционалдық жайлылық танытады.	Жоғары

11-кестенің жалғасы

Тұлғалық	Өзін қабылдау; ішкі бақылау; дербестік; қиындықтарды еңсеру	Өзін қабылдауы мен ішкі бақылауы төмен, сыртқы жағдайларға тәуелді, қиындықтардан қашуға бейімділігі байқалады.	Төмен
		Өзін қабылдауы қалыптасқан, мінез-құлқын реттеуге ұмтылады, алайда күрделі жағдайларда сыртқы қолдауды қажет етеді.	Орта
		Өзін оң қабылдайды, ішкі бақылауы мен дербестігі жоғары, жаңа ортадағы қиындықтарды конструктивті түрде еңсеруге қабілетті.	Жоғары

Кестеде көрсетілген деңгейлер шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің қалыптасу дәрежесін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу моделі компоненттерге (мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік, тұлғалық), өлшемдерге (мәдени сәйкестікті сақтау, жаңа мәдени ортаға интеграциялануға ұмтылу, оқу ортасына бейімделу, академиялық жетістіктер, академиялық мотивация, әлеуметтік өзара әрекеттесу, басқаларды қабылдау, эмоционалдық жайлылық, өзін-өзі қабылдау, ішкі бақылау, тәуелсіздік және қиындықтарды жеңу) және көрсеткіштерге негізделген бейімделудің төмен, орташа және жоғары деңгейлерін анықтайды және олардың мазмұндық сипаттамасы берілген.

Жоғары деңгей - туған мәдениетке де, қабылдаушы елдің мәдениетіне де берік бағдарлану. Академиялық ортаға жақсы бейімделу және оқу талаптарын толық меңгеру. Өзгелерді және әлеуметтік өзара әрекеттесуді белсенді қабылдау; сондай-ақ өзін-өзі қабылдау, эмоционалдық жайлылық және ішкі бақылаудың жоғары көрсеткіштері.

Орташа деңгей - туған және қабылдаушы мәдениеттерге қатысты тиісті бағдарлану (дегенмен тұрақсыздық байқалады). Белгілі бір академиялық қиындықтарға қарамастан, академиялық ортаға жеткілікті деңгейде бейімделу. Өзгелерді және әлеуметтік өзара әрекеттесуді тұрақсыз қабылдау; сондай-ақ өзін-өзі қабылдау, эмоционалдық жайлылық және ішкі бақылаудың орташа көрсеткіштері.

Төмен деңгей - төл және қабылдаушы мәдениеттерге әлсіз бағдарлану. Академиялық ортаға нашар бейімделу және оқу барысында қиындықтарға тап болу; әлеуметтік өзара әрекеттесу мен өзгелерді қабылдаудың әлсіздігін көрсету. Сондай-ақ өзін-өзі қабылдау, эмоционалдық жайлылық және ішкі бақылау деңгейлерінің төмендігі.

Бұл деңгейлер мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттердің даму дәрежесін айқындап, шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу динамикасын және жүргізілген тәжірибелік жұмыстың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Критерийлік-бағалау блогы шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық аспектілерінің даму деңгейін анықтау. Белгіленген көрсеткіштер мен диагностикалық әдістер негізінде бейімделудің жоғары, орташа және төмен деңгейлері айқындалады, сондай-ақ тәжірибелік жұмыс барысында осы деңгейлердің өзгеру динамикасы бағаланады. Бұл модельді енгізу нәтижелерін анықтауға және университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан тиімді бейімделген шетелдік студенттің сипаттамаларын айқындауға негіз болады.


Біз әзірлеген модель тұжырымдамалық, мазмұндық және критерийлік-бағалау блоктарынан тұрады. Тұжырымдамалық блок шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне қатысты мақсаттарды, міндеттерді, әдіснамалық негіздерді және олардан туындайтын негізгі қағидаттарды қамтиды. Бұл блок модельдің теориялық-әдіснамалық негізін айқындап, бейімделу үдерісін ұйымдастырудың жалпы бағытын белгілейді.

Мазмұндық блок шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің кезеңдерін, мазмұнын және іске асыру тетіктерін қамтиды. Бұл блокта құрылымдық-мазмұндық, ұйымдастырушылық, қолдау көрсету және мониторингтік-рефлексивтік тетіктер жүйесі, сондай-ақ оларды іске асыруға арналған арнайы курстар, тренингтер, тәлімгерлік бағдарламалары, әлеуметтік-мәдени іс-шаралар, психологиялық-педагогикалық қолдау және ақпараттық ресурстар қарастырылады.

Критерийлік-бағалау блогы шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттерін, сондай-ақ оларға сәйкес келетін көрсеткіштер мен диагностикалық құралдарды қамтиды. Осы көрсеткіштер негізінде бейімделудің жоғары, орташа және төмен деңгейлері анықталады, бұл тәжірибелік жұмыс барысында олардың өзгеру динамикасын бағалауға мүмкіндік береді.

Модель шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің теориялық негіздерін, мазмұны мен іске асыру тетіктерін, сондай-ақ оны бағалауда қолданылатын компоненттерді, көрсеткіштер мен деңгейлерді өзара байланыста жүйелейді.Осы негізде шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделу процесін мақсатты түрде ұйымдастыруға және оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді (13-сурет).

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі төрт бағытта жүзеге асырылды. Психологиялық бағытта эмоционалдық жай-күйді тұрақтандыруға, стресс деңгейін төмендетуге және тұлғалық ресурстарды дамытуға арналған психокоррекциялық іс-шаралар ұйымдастырылды. Педагогикалық бағытта оқу процесінің құрылымы, академиялық талаптар және оқудан тыс қызмет түрлері туралы түсінік қалыптастырылды.



13-сурет. Шетелдік студенттердің университет ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық модель

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында іске асыру келесі оң әсерлерге алып келеді:

- біріншіден, бейімделу процесі оңтайландырылады, адаптациялық шоктың әсері азайтылады, сондай-ақ студенттің ортаға интеграция мен аккультурациялық тепе-теңдікке қол жеткізуі жеделдетіледі;

- екіншіден, студенттердің психологиялық тұрақтылығы, өзін-өзі бағалауы және рефлексия жасау қабілеті дамытылып, олардың жаңа ортада өздерін сенімді сезінуіне жағдай жасалады;

- үшіншіден, тілдік және коммуникативтік кедергілер барынша азайтылып, академиялық және әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артады;

- төртіншіден, студенттер университеттің талаптарын тереңірек түсінеді, олардың оқуға деген ынтасы мен академиялық белсенділігі артады, сондай-ақ олар қабылдаушы ортаның мәдени нормалары мен құндылықтарына табысты бейімделеді;

- бесіншіден, тәлімгерлік, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау тетіктерін жүйелі түрде іске асыру студенттердің университет ортасына тиімді кірігуін қамтамасыз етеді.Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін жүзеге асырылуын зерттеу жұмысымыздың үшінші бөлімінде қарастырылатын қалыптастырушы эксперимент жобасы аясында қарастыратын боламыз.

Зерттеу жұмысымыз барысында жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің құндылығы - шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі іс - әрекеттерін жаңартуда, ЖОО-да шетелдік студенттерді бейімдеуде және оқытуда басшылыққа алуға болатындығында деп санаймыз.

Жұмысымыздың келесі бөлімінде ұсынылып отырған модельдің тиімділігін дәлелдеуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттің өтілу барысы мен нәтижесі сипатталады.

Екінші бөлім бойынша тұжырымдар

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін модельдеуді зерттеу барысында Қазақстан мен шетел тәжірибелеріне талдау жүргізілді. Бұл талдау шетелдік студенттердің бейімделуін қолдауға бағытталған негізгі әдістер мен тәсілдерді анықтауға мүмкіндік берді. Қазақстанда шетелдік студенттерді бейімдеуге арналған қолдау жүйелері даму үстінде. Дегенмен мәдениетаралық айырмашылықтарды ескеру, тілдік кедергілерді жою және әлеуметтік бейімделу үдерісін жеңілдету үшін қосымша шаралар енгізу қажеттігі байқалды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шетелдік студенттерді қолдауға арналған интеграцияланған тәсілдердің тиімділігі жоғары.

Түркия университеттеріндегі қазақстандық студенттердің бейімделу тәжірибесін зерттеу осы елдегі шетелдік студенттерді қолдау жүйесінің

артықшылықтарын көрсетеді. Түркияда арнайы мәдени және тілдік бағдарламалар, әлеуметтік қолдау орталықтары сәтті жұмыс істейді. Бұл факторлар қазақстандық студенттердің жаңа ортаға жылдам бейімделуіне ықпал тигізеді. Түркиядағы білім беру жүйесінің шетелдік студенттерге қолайлы жағдай жасауы олардың академиялық жетістіктеріне оң әсер етеді.

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Модель бейімделу үдерісінің барлық компоненттерін, атап айтқанда мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік, тұлғалық компоненттерді қамтиды. Сондай-ақ университеттік ортаға бейімделу факторлары, атап айтқанда әлеуметтік, педагогикалық, мәдени және психологиялық факторлар көрсетілді. Университеттің шетелдік студенттерге жан-жақты көмек көрсетуіне бағытталған бұл модель студенттердің академиялық, әлеуметтік, мәдени әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ұсынылған модельдің тиімділігі расталып, оның практикалық қолданылуы шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу үдерісін айтарлықтай жеңілдетеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің бейімделуін жақсарту үшін жан-жақты қолдау жүйесін құру қажеттігін айғақтайды. Университеттерде шетелдік студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып, тиімді бейімделу механизмдерін енгізу олардың оқу және кәсіби жетістіктерін арттыруға ықпал етеді.

3 ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС

3.1. Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің зерттеу әдістемесі

Осы диссертациялық жұмыс аясында эксперимент міндетті формальды кезең ретінде ғана емес нақты білім беру ортасын терең, мақсатты талдау және белсенді түрлендіру үшін негізгі құрал ретінде қарастырылды. Біздің зерттеуіміз университет жағдайында шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Бейімделу жеке тұлғаның жаңа академиялық, әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік жүйеге интеграциялануымен байланысты көп өлшемді және күрделі процесс ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық экспериментіміздің негізгі ерекшелігі зерттеушінің белсенді қатысуы болды.

Біз сырттай пассивті бақылаумен шектелмей, білім беру процесіне тікелей әсер еттік, студенттердің бейімделуі жүріп жатқан жағдайларды жасадық. Мұндай тәсіл бейімделудің жалпы заңдылықтарын анықтап қана қоймай, шетелдік білім алушылардың жоғары оқу орнының өміріне толыққанды қосылуын ынталандыратын немесе, керісінше, тежейтін факторларды нақты айқындауға мүмкіндік берді.

Жұмыстың эксперименттік бөлігі біз алдын ала әзірлеген әлеуметтік-педагогикалық бейімделу моделіне негізделді. Бұл модель құрылымдық элементтерді, критерийлерді және табыстылық көрсеткіштерін қамтиды. Зерттеудің басты міндеті осы модельдің практикадағы өміршеңдігін тексеру және біз жасаған педагогикалық жағдайлардың бейімделу көрсеткіштерін жақсартуға қаншалықты әсер ететінін бағалау болды.

Мақсат - біз ұсынған модельдің нәтижелілігін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеу болды. Бұл мақсатқа жету үшін модельді білім беру практикасында енгізіп, сынақтан өткізумен қатар, бақылау және эксперименттік топтарда алынған нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргізу талап етілді, бұл диссертацияның барлық тұжырымдарының объективтілігі мен негізділігін қамтамасыз етті.

Педагогикалық экспериментке төмендегідей міндеттер қойылады:

1. Шетелдік студенттердің университет жағдайында әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін жақсартуға арналған құрылымдық және мазмұнға негізделген модельді әзірлеу және енгізу.
2. Шетелдік студенттердің бейімделу қабілетін арттыруға және оның тиімділігін бағалауға бағытталған арнайы әзірленген әдістемені (немесе қолдау бағдарламасын) іс жүзінде енгізу.
3. Тиісті математикалық және статистикалық әдістерді қолдана отырып, эксперименттік жұмыстың нәтижелерін өңдеу, талдау және сипаттау.

Зерттеу базасы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті таңдалды. Университетті таңдауға шетелдік студенттер контингентінің көп болуы және олардың әртүрлі білім беру бағдарламалары бойынша білім алуы негіз болды. Зерттеудің бастапқы диагностикалық кезеңінде 561 шетелдік студенттен сауалнама алынып, олардың университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу ерекшеліктері анықталды. Сауалнама нәтижелерін талдау барысында Биология және биотехнология және Филология факультеттерінде білім алатын шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу көрсеткіштерінің салыстырмалы түрде төмен екені анықталды. Осы нәтижелер негізінде аталған факультеттер педагогикалық эксперимент жүргізу үшін таңдалды. Зерттеудің келесі кезеңінде мақсатты іріктеу әдісі арқылы жалпы саны 120 шетелдік студент қамтылды. Оның ішінде Биология және биотехнология факультетінің 60 студенті эксперименттік топқа, ал Филология факультетінің 60 студенті бақылау тобына енгізілді. Топтардың сандық құрамының тең болуы экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі әлеуметтік-педагогикалық бейімделу көрсеткіштерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді.

Анықтаушы кезеңге барлығы 120 респондент қатысты олардың 60 - эксперименттік топта, 60- бақылау тобында болды.

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне арналған тәжірибелік - эксперимент жұмысы 3 кезеңде жүзеге асырылды:

1. Анықтау кезеңі (2023-2024жж)
2. Қалыптастыру кезеңі (2024-2025жж)
3. Бақылау кезеңі (2025-2026жж)

Әр кезеңнің жұмыс барысы үздіксіз бақыланды және бақылау нәтижелері бекітіліп, қажетті көрсеткіштер алынды.Алынған нәтижелерді салыстыру, талдау және қорытындылау шетел студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің деңгейінің көрсеткіші жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік берді (12-кесте).

12-кесте. Шетелдік студенттірдің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің даму кезеңдері

	Диагностикалық зерттеу	Анықтаушы эксперимент	Қалыптастырушы эксперимент
1	*2*	*3*	*4*
Зерттеу мақсаты	Шетелдік студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтау	Шетелдік студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің даму деңгейін анықтау, қалыптастырушы эксперимент үшін зерттеу бағыттарын айқындау	Шетелдік студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімдеу бойынша құрастырылған құрылымдық-мазмұндық модельді іске қосу, тиімділігін дәлелдеу

12-кестенің жалғасы

Респонденттер саны	120	60 - эксперименттік топта, 60- бақылау тобында	60 - эксперименттік топта, 60- бақылау тобында
Зерттеу әдістері	Сауалнама, бақылау, талдау	Сауалнамалар: Зерттеуде шетелдік студенттердің бейімделуін бағалау үшін Ванкувер аккультурация индексі (VIA) - A. G. Ryder, L. E. Alden және D. L. Paulhus, Академиялық бейімделу шкаласы (AAS) - J. R. Anderson, Y. Guan және Y. Koc және K. Rogers пен R. Dymond с Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі, «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін бағалау» авторлық сауалнамасы - әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштерін анықтау және олардың өзара байланысын бағалау қолданылды.	Сауалнамалар: Зерттеуде шетелдік студенттердің бейімделуін бағалау үшін Ванкувер аккультурация индексі (VIA) - A. G. Ryder, L. E. Alden және D. L. Paulhus, Академиялық бейімделу шкаласы (AAS) - J. R. Anderson, Y. Guan және Y. Koc және K. Rogers пен R. Dymond с Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі, «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін бағалау» авторлық сауалнамасы - әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштерін анықтау және олардың өзара байланысын бағалау қолданылды.

Әлеуметтік-педагогикалық бейімделудің субъективті және латентті сипаттамаларын сандық тұрғыдан бағалаудың негізгі құралы ретінде Ликерт шкаласын пайдалану негізделген. Диагностикалық деректер IBM SPSS Statistics 22.0 бағдарламасында өңделді. Зерттеу құралдарының өлшеу сенімділігін бағалау үшін сауалнама тармақтарының ішкі сәйкестігі Кронбах альфа (α)

коэффициентін пайдаланып тексерілді. Зерттелген әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштері арасындағы байланыстың бағыты мен күшін анықтау үшін Пирсонның корреляциялық талдауы (Pearson's correlation analysis) қолданылды. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері арасындағы айырмашылықтарды статистикалық бағалау үшін тәуелсіз таңдауларға арналған Стьюденттің t-критерийі (Independent-Samples t-test) қолданылды. Тәуелді таңдауларға арналған Стьюденттің жұптық t-критерийі (Paired-Samples t-test) респонденттердің көрсеткіштерінің өзгеруін анықтау үшін қолданылды. Бұл статистикалық әдістерді кешенді пайдалану зерттеу құралдарының ішкі сенімділігін бағалауға, әлеуметтік-педагогикалық бейімделу компоненттерінің өзара байланысын анықтауға және эксперимент нәтижесінде болған өзгерістердің статистикалық маңыздылығын тексеруге мүмкіндік берді.

Шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейлерін анықтау зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделінде белгіленген мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттер негізінде жүзеге асырылды. Компоненттердің қалыптасу ерекшеліктерін кешенді бағалау үшін Ванкувер аккультурация индексінің (VIA), академиялық бейімделу шкаласы (AAS) нәтижелері, К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдіснамасы және авторлық «Шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін бағалау» сауалнамасы бір-бірімен байланыстылығы қарастырылды. Диагностикалық нәтижелер зерттеудің белгіленген критерийлері мен көрсеткіштеріне сәйкес жоғары, орташа және төмен деңгейлер бойынша сипатталды. 13 - кесте.

13 -кесте. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін деңгейлеп бағалау өлшемдері

Деңгей	Мотивациялық компонент	Когнитивтік компонент	Коммуникативтік компонент	Тұлғалық компонент
1	*2*	*3*	*4*	*5*
Жоғары	Ванкувер аккультурация индексінің-жоғары деңгей; төл мәдениетті сақтау және қабылдаушы мәдениетке бағдарлану жоғары	Академиялық бейімделу шкаласы - жоғары деңгей; академиялық ортаға бейімделуі, оқу талаптарын меңгеруі жоғары	Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдіснамасы бойынша бейімделу, өзгелерді қабылдау көрсеткіштері жоғары; әлеуметтік өзара әрекеті белсенді	Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдіснамасы бойынша өзін қабылдау, эмоциялық жайлылық, ішкі бақылау көрсеткіштері жоғары

13-Кестенің жалғасы

Орта	Ванкувер аккультурация индексінің - орта деңгей; төл және қабылдаушы мәдениетке бағдарлануы жеткілікті, бірақ тұрақсыз	Академиялық бейімделу шкаласы - орта деңгей; академиялық бейімделуі жеткілікті, жекелеген қиындықтар бар	Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдіснамасы бойынша бейімделу, өзгелерді қабылдау көрсеткіштері орта; өзара әрекеті тұрақсыз	Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдіснамасы бойынша өзін қабылдау, эмоциялық жайлылық, ішкі бақылау көрсеткіштері орта
Төмен	Ванкувер аккультурация индексінің- төмен деңгей; төл және қабылдаушы мәдениетке бағдарлануы әлсіз	Академиялық бейімделу шкаласы - төмен деңгей; академиялық бейімделуі төмен, оқу барысында қиындықтар бар	Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдіснамасы бойынша бейімделу, өзгелерді қабылдау көрсеткіштері төмен; әлеуметтік өзара әрекеті әлсіз	Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдіснамасы бойынша өзін қабылдау, эмоциялық жайлылық, ішкі бақылау көрсеткіштері төмен

Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогкалық бейімделуі бойынша нақты деңгейін, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, мәдениеттік бейімделуіне талдау яғни өзара байланыстарын анықтау мақсатында жүргізілген эксперименттің анықтау кезеңінде келесі міндеттердің шешімі іздестірілді:

- Эксперименттік зерттеудің мақсатын және міндеттерін анықтау, эксперимент жұмысының нысанын таңдау, оны жүргізуді теориялық тұрғыдан негіздеу;

- Эксперименттің болжамын тұжырымдау және экспериментке қатысатын (эксперименттік топ, бақылау тобы) шетелдік студенттер санын анықтау, іске асырылатын жұмыс формаларын анықтау;

- Эксперимент нәтижесінде шетелдік студенттердің әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени бейімделуін бағалау іс - әрекетінің дамуындағы өзгерістерді айқындау (14-кесте).

Диагностикалық кезең барысында шетелдік студенттерден университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуде туындайтын қиындықтарын анықтау мақсатында респонденттерден сауаланама алынып сұхбат ұйымдастырылды.

14-кесте. Ғылыми - зерттеу жұмысымыздың анықтаушы эксперимент кезеңінің бағдарламасы

Анықтаушы эксперимент мақсаты:	Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі бойынша теориялық негіздеме жасау және қалыптастырушы эксперимент үшін зерттеу бағыттарын айқындау
1	*2*
Атқарылатын жұмыс бағыттары	Таңдалған әдістер
Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, нысанын айқындау және зерттеу аппаратын қалыптастыру.	Психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеулердің мазмұнына кешенді талдау жүргізу.
Қазіргі заманғы білім беру жағдайында шетелдік студентердің университеттік ортаға бейімделуін анықтау және талдау.	Зерттеу тақырыбы бойынша теориялық-әдіснамалық негіздеме әзірлеу.
Білім беру саласында қолданыстағы құқықтық-нормативтік құжаттарды талдау және жүйелеу.	Отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге салыстырмалы талдау жасап, оларды жинақтау.
Зерттеуге қатысатын білім беру ұйымдарын анықтау.	Эксперименттік және бақылау топтарын қалыптастыру, респонденттердің сандық құрамын белгілеу.
Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық беімделудің проблемалық аймақтарын айқындап, алынған нәтижелерге сәйкес диагностикалық әдістемелерді іріктеу.	Педагогтермен және тренерлермен сұхбат ұйымдастыру. Сұхбат нәтижелеріне талдау жүргізу. Сауалнамалар құрастыру.
Авторлық сауалнама бойынша мәліметтерді жинақтау	Сандық және сапалық деректерді жүйелеу
Анықтаушы эксперимент нәтижелерін талдау	Статистикалық талдау, интерпретация

Эмпирикалық зерттеу аясында біз анықтаған бірқатар көрсеткіштер негізінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейлерін анықтауға мүмкіндік беретін белгілі бір әдістемелер кешенін қолдануды қамтиды. 15- кесте

15-кесте. Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің деңгейлерін зерттеу әдістемелері

Компоненттер	Қолданылатын әдістемелер
Мотивациялық компонент	Ванкувер аккультурация индексі (VIA) - A. G. Ryder, L. E. Alden және D. L. Paulhus
Когнитивтік компонент	Академиялық бейімделу шкаласы (AAS) - J. R. Anderson, Y. Guan және Y. Koc
Коммуникативтік компонент	Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі - C. R. Rogers және R. F. Dymond
Тұлғалық компонент	Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі - C. R. Rogers және R. F. Dymond
Компоненттерді кешенді бағалау	«Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін бағалау» авторлық сауалнамасы - әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштерін анықтау және олардың өзара байланысын бағалау
Ескерту - Қосымшалар А,Ә, Б, В,	

Шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық компоненттерін (мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және жеке) диагностикалау және олардың қалыптасу деңгейін анықтау үшін келесі диагностикалық әдістер жиынтығы қолданылады.

Шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің мотивациялық компонентінің деңгейін анықтау үшін А.Г. Райдер, Л.Э. Алден және Д.Л. Паулхус әзірлеген Ванкувер аккультурация индексі (Vancouver Index of Acculturation - VIA) қолданылды. Әдістеме шетелдік студенттерге өздерінің туған мәдениетінің сақталу деңгейін және қабылдаушы мәдени ортаға бағдарлануын анықтауға мүмкіндік береді.Ванкувер аккультурация индексі (VIA) - А. Г. Райдер, Л. Э. Алден және Д. Л. Паулхус әзірлеген екі өлшемді аккультурацияны өлшеу әдісі. Бұл әдіс адамның мұра мәдениетіне және қабылдаушы негізгі мәдениетке бағдарын жеке бағалауға мүмкіндік береді [144]. Зерттеуде 20 сұрақ қолданылды оның ішінде 10 сұрақ мұра мәдениетіне бағдарды бағалауға ал 10 сұрақ қабылдаушы мәдениетке бағдарды бағалауға бағытталған. Бұл құрылым шетелдік студенттердің өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Vancouver Index of Acculturation (VIA) - Ванкувер аккультурация индексі - адамның өз мәдениетіне және қабылдаушы ортаның басым мәдениетіне бағдарлануын өлшеуге арналған психодиагностикалық құрал. Бұл құралды Эндрю Г. Райдер, Линн Э. Алден және Делрой Л. Паулхус әзірлеп, 2000 жылы Journal of Personality and Social Psychology журналында жарияланған зерттеуде

ұсынған. VIA аккультурацияны бір мәдениеттен екінші мәдениетке біртіндеп өту ретінде емес, керісінше, екі өзара тәуелсіз мәдени бағдар ретінде қарастырылады.

Ванкувер аккультурация индексі 9 балдық Ликерт шкаласы бойынша бағаланады: 1 ұпай - «мүлдем келіспеймін», 9 ұпай - «толығымен келісемін». Әдіс екі кіші шкаладан тұрады. Мұра мәдениеті студенттің өзінің туған немесе мұра мәдениетіне бағдарлануын, ал негізгі мәдениет қабылдаушы ортаның негізгі мәдениетіне бағдарлануын көрсетеді. Әрбір кіші шкала 10 тұжырымнан тұрады. Бастапқы әдісте мұра көрсеткіші тақ санды элементтердің арифметикалық орташа мәнін пайдаланып есептеледі, ал негізгі көрсеткіш жұп санды элементтердің арифметикалық орташа мәнін пайдаланып есептеледі. Нәтижесінде әрбір респондент үшін 1-ден 9 баллға дейінгі екі тәуелсіз көрсеткіш алынады. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, респонденттің тиісті мәдени ортаға бағдары соғұрлым айқын болады. VIA авторлары Heritage және Mainstream көрсеткіштерін бір-бірімен салыстырмайды. Студент бір мезгілде өзінің туған мәдениетімен байланысын сақтай отыра және қабылдаушы мәдениетке жоғары бейімделе алады. Әдістеме нәтижелерін өңдеу кезінде әрбір респондент үшін Heritage (мұра мәдениетке бағдарлану) және Mainstream (қабылдаушы мәдениетке бағдарлану) көрсеткіштері бөлек есептелді. Әрбір көрсеткіш сәйкес сұрақтар бойынша алынған ұпайлардың қосындысын сұрақтар санына бөлу арқылы анықталды. $M = \Sigma X / n$. Зерттеудің анықтаушы кезеңінде эксперименттік және бақылау тобындағы шетелдік студенттерге жүргізілген әдістеменінің нәтижесі 16 – кестеде көрсетілген.

16-кесте. Ванкувер аккультурация индексінің субшкаласы нәтижелері

Ванкувер аккультурация индексінің субшкаласы	ЭТ	БТ	Нәтиженің сипаты
Мұра мәдениетіне бағдарлану (Heritage)	7,18	7,06	Төл мәдениетке бағдарлану айқын
Негізгі мәдениетке бағдарлану (Mainstream)	4,21	4,37	Қабылдаушы мәдениетке бағдарлану салыстырмалы түрде төмен
Heritage - Mainstream айырмасы	2,97	2,69	Мұра мәдениетіне бағдарлану басым

Ванкувер индексінің аккультурация әдіснамасын қолдана отырып жүргізілген эксперимент барысында алынған нәтижелер зерттеуге қатысқан шетелдік студенттердің өздерінің туған мәдениетіне бағдары қабылдаушы ортаның негізгі мәдениетіне бағдарланудан басым екенін көрсетті. Эксперименттік топта мұра мәдениетіне бағдарланудың орташа көрсеткіші 7,18 баллды көретті. Бақылау тобында 7,06 баллды құрады. Студенттердің мәдени дәстүрлерімен, құндылықтарымен, әлеуметтік байланыстарымен және мәдени тәжірибелерімен байланысының сақталуын сипаттайды. Қабылдаушы ортаның негізгі мәдениетіне бағдарлану көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен болды.

Негізгі бағыт көрсеткіші эксперименттік топта 4,21 балл, ал бақылау тобында 4,37 балл деңгейінде анықталды. Independent-Samples t-test нәтижелері бойынша анықтаушы кезеңде эксперименттік және бақылау топтары арасында мұра мәдениетіне бағдарлану ($t(118)=0,893$; $p=0,374$) және негізгі мәдениетке бағдарлану ($t(118)=-0,830$; $p=0,408$) көрсеткіштері бойынша статистикалық маңызды айырмашылық анықталмады. Көрсеткіштері арасындағы айырмашылық мұра мен негізгі мәдениетке бағдарлану эксперименттік топта 2,97 балл, ал бақылау тобында 2,69 балл болды. Студенттердің бұл көрсеткіші мәдени ортамен байланысы эксперименттік кезеңде тұрақты болғанымен олардың қабылдаушы ортаның мәдени тәжірибелеріне, құндылықтарына және әлеуметтік-мәдени қатынастарына интеграциялануы әлі жеткілікті түрде қалыптаспағанын сипаттайды.

Мұндай нәтиже шетелдік студенттің жаңа мәдени ортаға бейімделуі бірте-бірте жүретін, ұзақ процесс екенін көрсетеді. Студент жергілікті әдет-ғұрыптармен танысып, күнделікті өмірде оларды ескере бастауы мүмкін. Бірақ бұл оның сол ортаның құндылықтарын қабылдап, өз тәжірибесіне енгізгенін білдірмейді. Яғни сыртқы байланыс бар, ал ішкі жақындық әлі қалыптаспаған. Оның бірнеше себебі, шетелдік студенттер көбіне өз елінің азаматтарымен араласады.

Жергілікті студенттермен қарым-қатынасы негізінен оқу сабақтарымен шектеледі. Ал мәдени іс-шараларға олар жүйелі түрде емес, анда-санда ғана қатысады. Сондықтан бұл бағытта мақсатты әлеуметтік-педагогикалық қолдау қажет. Оның құрамына жергілікті және шетелдік студенттерді бірлескен жобаларға тарту, мәдениетаралық диалогқа арналған тренингтер мен клубтар ұйымдастыру, тьюторлық сүйемелдеу кіреді.

Келесі қолданылған әдіс шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің когнитивтік компонент деңгейін анықтау үшін Anderson, J. R., Guan, Y. және Koc, Y. әзірлеген академиялық бейімделу шкаласы (AAS) сауалнамасы пайдаланылды. Бұл әдіснама 9 сұрақтан тұрады. Студенттердің академиялық ортаға бейімделуінің негізгі аспектілерін бағалауға бағытталған сауалнама. Сауалнаманың құрылымына академиялық өмір салты, академиялық жетістіктер және академиялық мотивация сияқты өзара байланысты көрсеткіштер кіреді [145].

Құрал 2016 жылы International Journal of Intercultural Relations журналында жарияланды және жоғары білім алу мақсатында уақытша басқа мәдени ортаға көшкен студенттердің, яғни студенттің тұрғылықты жерлерге академиялық бейімделуін өлшеу үшін арнайы жасалған. Авторлар сонымен қатар құралды жергілікті студенттерде сынап көрді. Зерттеу барысында шкаланың факторлық құрылымы, валидтілігі мен сенімділігі расталды.

«Педагогикалық бейімделу» студенттің университеттегі оқу ортасына интеграциялануы, өзінің оқу мүмкіндіктерін бағалауы, студенттің рөлін қабылдауы, академиялық ресурстарға қол жеткізуі және оқуды жалғастыруға ынталандыруы ретінде қарастырылады. AAS шеңберінде бұл мазмұн өзара байланысты үш кіші шкаламен өлшенеді. Академиялық өмір салты,

академиялық жетістік және академиялық мотвация. Авторлардың факторлық талдауы нәтижесінде 9 сұрақ үш компонентке топтастырылды.

Әдіс тоғыз сұрақтан тұрады, олардың әрқайсысы бес балдық шкала бойынша бағаланады. Бастапқы нұсқада жауаптар тұжырымның респондент үшін қаншалықты типтік екенін көрсетеді: 1 - сирек тән, 2 - кейде тән, 3 - тән емес, 4 - жиі тән 5 - әрқашан тән.

Академиялық өмір салтының ұпайы 1-3 сұрақтар негізінде, академиялық жетістіктердің ұпайы 4-6 сұрақтар негізінде, ал академиялық мотивацияның ұпайы 7-9 сұрақтар негізінде есептеледі. Әрбір кіші шкала бойынша мүмкін болатын диапазон 3-15 ұпай, ал AAS жалпы ұпайы 9-45 ұпай. Жалпы ұпай неғұрлым жоғары болса, студенттің академиялық ортаға бейімделуі соғұрлым жоғары болады. Зерттеу барысында шкаланың теориялық балл диапазоны үш тең аралыққа бөлінді, және әрбір кіші шкала үшін 3-6 балл төмен, 7-10 балл орташа және 11-15 балл жоғары деп белгіленді. Жалпы академиялық бейімделу көрсеткіші үшін 9-20 балл төмен, 21-32 балл орташа және 33-45 балл жоғары деп саналды. Әрбір студент үшін академиялық өмір салты, оқу жетістіктері және академиялық мотивация көрсеткіштеріне сәйкес келетін сұрақтар бойынша баллдар жеке есептелді. Әрбір кіші шкала бойынша топтық орташа балл студенттердің жиынтық баллдарының қосындысын қатысушылар санына бөлу арқылы есептелді. $M = \Sigma X / N$, мұндағы M - орташа, ΣX - студенттердің жиынтық баллдарының қосындысы және N - зерттеуге қатысушылар саны. Жалпы академиялық түзету индексі тоғыз сұрақ бойынша жинақталған балдар негізінде анықталды. Анықтаушы эксперимент нәтижелерін 17 - кестеден көре аласыздар.

17-кесте. Анықтаушы эксперимент кезеңіндегі AAS бойынша педагогикалық-академиялық бейімделу нәтижелерінің деңгейлік көрсеткіштері

AAS көрсеткіші	Топ	Төмен n (%)	Орта n (%)	Жоғары n (%)	Орташа мәні
Академиялық өмір салты	ЭТ	26 (43,3%)	30 (50,0%)	4 (6,7%)	6,83
	БТ	25 (41,7%)	26 (43,3%)	9 (15,0%)	7,30
Академиялық жетістік	ЭТ	15 (25,0%)	29 (48,3%)	16 (26,7%)	8,57
	БТ	19 (31,7%)	28 (46,7%)	13 (21,7%)	8,17
Академиялық мотивация	ЭТ	8 (13,3%)	21 (35,0%)	31 (51,7%)	10,22
	БТ	10 (16,7%)	27 (45,0%)	23 (38,3%)	9,73

Анықтаушы эксперимент нәтижелерін сипаттамалық талдау эксперименттік және бақылау топтарындағы шетелдік студенттердің педагогикалық бейімделу көрсеткіштерінің жалпы сипаты бір-біріне жақын екенін көрсетті. Independent-Samples t-test нәтижелері бойынша анықтаушы кезеңде эксперименттік және бақылау топтары арасында академиялық өмір салты ($t(118)=-1,09$; $p=0,276$), академиялық жетістік ($t(118)=0,83$; $p=0,407$), академиялық мотивация ($t(118)=0,97$; $p=0,333$) және жалпы AAS көрсеткіші

(t(118)=0,49; p=0,628) бойынша статистикалық маңызды айырмашылық анықталмады. Сонымен қатар, академиялық өмір салты, академиялық жетістік және академиялық мотивация көрсеткіштері бойынша деңгейлік бөліністе белгілі бір айырмашылықтар байқалды.

Академиялық өмір салты көрсеткішіне сәйкес, эксперименттік топтағы орташа академиялық үлгерім деңгейі 30 студентті (50,0%) құрады. 26 студент (43,3%) нашар үлгерімге ие, болса ал 4 студентте (6,7%) жоғары үлгерімі тіркелді. Бақылау тобында орташа деңгейдегі студенттердің үлесі де жоғары болды - 26 студент (43,3%). Төмен деңгейде 25 студент (41,7%), ал жоғары деңгейде 9 студент (15,0%) болды. Эксперименттік топта орташа академиялық үлгерім деңгейі M = 6,83, ал бақылау тобында M = 7,30 болды. Тәжірибелік топта 29 студентінің (48,3%) бағасы орташа, 15 студенттің (25,0%) бағасы төмен, ал 16 студенттің (26,7%) бағасы жоғары болды. Бақылау тобында 28 студентның (46,7%) бағасы орташа, 19 студенттің (31,7%) бағасы төмен, ал 13 студентның (21,7%) бағасы жоғары болды. Тәжірибелік топтағы орташа балл M=8,57 болды, ал бақылау тобында M=8,17 болды. Алынған деректер студенттердің бейімделуінің жалпы көрсеткіштері оқу үлгерімі бойынша орташа деңгейде екенін көрсетті.

Академиялық мотивация көрсеткіші бойынша эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі басым болды. 31 студентте (51,7%) жоғары деңгей, орта деңгей 21 студентте (35,0%), төмен деңгей 8 студентте (13,3%) анықталды. Бақылау тобында 27 студентте (45,0%) - орта деңгей, жоғары деңгей - 23 студентте (38,3%), ал төмен деңгей - 10 студентте (16,7%) анықталды. Эксперименттік топтағы орташа мән M=10,22, бақылау тобында M=9,73 болды.

Бұл нәтижелер академиялық өмір салты мен академиялық жетістік көрсеткіштерімен салыстырғанда студенттердің оқу әрекетіне, білім алуға және академиялық мақсаттарға бағытталған мотивациялық әлеуетінің анағұрлым жоғары екенін көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері педагогикалық бейімделудің жекелеген көрсеткіштері біркелкі деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. Академиялық өмір салты бойынша студенттердің басым бөлігі төмен және орта деңгейлерде шоғырланды. Академиялық жетістік көрсеткішінде орта деңгей басым болды. Академиялық мотивация көрсеткішінде керісінше, эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 51,7%-ды құрады. Осы нәтижелерден шетелдік студенттердің оқу ортасына бейімделуінде академиялық өмір салтын ұйымдастыру, оқу үдерісінің талаптарына бейімделу және академиялық әрекетті қолайлы жоспарлау бағыттарында арнайы педагогикалық қолдауды күшейту қажеттігін көре аламыз.

Тұлғалық компонент деңгейін анықтау үшін шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің К. Роджерс пен Р. Даймондтың еңбектеріне негізделген әлеуметтік-психологиялық бейімделуді бағалау сауалнамасы пайдаланылды [146]. Студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуін кешенді бағалау үшін сауалнамадағы 101 сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды. Бұл көрсеткіштер шетелдік студенттердің жаңа әлеуметтік ортаға көзқарасын, тұлғааралық өзара әрекеттесу сипаттамаларын

және университет ортасындағы әлеуметтік бейімделу деңгейін сипаттауға мүмкіндік беретінін көре аламыз. Респонденттердің жауаптары арнайы кілтті пайдаланып өңделді, ал бастапқы ұпайлар әлеуметтік-психологиялық бейімделудің бірнеше өзара байланысты шкалалары бойынша есептелді.Зерттеу мақсатына сәйкес әлеуметтік сипаттау кезінде бейімделу мен бейімделе алмау, эмоционалдық жайлылық пен жайсыздық, ішкі және сыртқы бақылау, басымдық және бағыныштылық сияқты көрсеткіштер ескерілді. Әрбір көрсеткіштің өзіндік нормативтік диапазоны болды нәтижелері 18-кестеден көрсетілді.

18-кесте. Роджерс-Даймонд әдістемесінің шкалалары мен нормативтік көрсеткіштері

Шкала	Нормативтік диапазон	Нәтижені интерпретациялау
Адаптивтілік	68-136	<68 - нормадан төмен; 68-136 - норма шегінде; >136 - нормадан жоғары
Дезадаптивтілік	68-136	<68 - нормадан төмен; 68-136 - норма шегінде; >136 - нормадан жоғары
Өзін қабылдау	22-42	<22 - нормадан төмен; 22-42 - норма шегінде; >42 - нормадан жоғары
Өзін қабылдамау	14-28	<14 - нормадан төмен; 14-28 - норма шегінде; >28 - нормадан жоғары
Басқаларды қабылдау	12-24	<12 - нормадан төмен; 12-24 - норма шегінде; >24 - нормадан жоғары
Басқаларды қабылдамау	14-28	<14 - нормадан төмен; 14-28 - норма шегінде; >28 - нормадан жоғары
Эмоционалдық комфорт	14-28	<14 - нормадан төмен; 14-28 - норма шегінде; >28 - нормадан жоғары
Эмоционалдық дискомфорт	14-28	<14 - нормадан төмен; 14-28 - норма шегінде; >28 - нормадан жоғары
Ішкі бақылау	26-52	<26 - нормадан төмен; 26-52 - норма шегінде; >52 - нормадан жоғары
Сыртқы бақылау	18-36	<18 - нормадан төмен; 18-36 - норма шегінде; >36 - нормадан жоғары
Доминанттылық	6-12	<6 - нормадан төмен; 6-12 - норма шегінде; >12 - нормадан жоғары
Бағыныштылық	12-24	<12 - нормадан төмен; 12-24 - норма шегінде; >24 - нормадан жоғары
Эскапизм	10-20	<10 - нормадан төмен; 10-20 - норма шегінде; >20 - нормадан жоғары

К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделу әдістемесі бойынша алынған эмпирикалық деректерді өңдеу бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншіден, респонденттердің 101 тұжырымға жауаптары әдістеменің арнайы кілтіне сәйкес өңделеді және әр шкала бойынша жауаптардың бастапқы ұпайлары есептеледі. Осы бастапқы көрсеткіштердің қатынасына сүйене отырып, әлеуметтік-психологиялық бейімделудің интегралдық көрсеткіштері

пайыздық түрде анықталады. Бұл есептеу әдісі бізге жеке шкалалардың абсолютті ұпайларын ғана емес, сонымен қатар бір-біріне қарама-қарсы көрсеткіштер арасындағы байланысты да бағалауға мүмкіндік береді.

$$A = \frac{a}{a+b} \times 100\%$$

Әдістемедегі негізгі көрсеткіштердің бірі - бейімделу (А). Ол бейімделу және бейімделмеу шкаласы бойынша алынған баллдардың қатынасы ретінде есептеледі. Мұндағы а - бейімделу, ал b - бейімделмеу шкаласы бойынша алынған балл. Интеграцияланған бейімделмеу индексі 100% - А формуласы бойынша анықталады. Бейімделу индексі неғұрлым жоғары болса, жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейі соғұрлым жоғары болады. Бейімделмеу индексінің жоғары болуы қоршаған ортаға бейімделудегі қиындықтарды көрсетеді.

Респонденттің өзіне деген көзқарасы өзін-өзі қабылдау индексін (S) пайдаланып бағаланады. Ол өзін-өзі қабылдау және өзін-өзі қабылдамау шкаласы бойынша алынған баллдардың қатынасын алу арқылы есептеледі.

$$S = \frac{a}{a+1{,}6b} \times 100\%$$

Мұнда а - өзін-өзі қабылдау, ал b - өзін-өзі жоққа шығару шкаласы бойынша балл. Өзін-өзі жоққа шығару баллы 100% - S формуласы бойынша есептеледі. Бұл балл студенттің өзінің жеке қасиеттері мен қабілеттеріне деген көзқарасын, сондай-ақ әлеуметтік ортадағы өзін-өзі қабылдауын сипаттайды. Басқаларды қабылдау (L) көрсеткіші шетелдік студенттер мен басқалар арасындағы өзара әрекеттесу деңгейін бағалайды. Ол тиісті шкала бойынша баллдарды бөлу арқылы есептеледі:

$$L = \frac{1{,}2a}{1{,}2a+b} \times 100\%$$

Мұнда а - әлеуметтік қабылдау дәрежесі, ал b - әлеуметтік бас тарту шкаласы бойынша балл. Әлеуметтік бас тарту индексі 100% - L формуласы бойынша есептеледі. Бұл көрсеткіштер жаңа ортадағы адамдардың қабылдау деңгейін, қарым-қатынас орнату ерекшеліктерін және студенттердің тұлғааралық мінез-құлқын сипаттайды.

Әлеуметтік және психологиялық бейімделудің эмоционалдық жағдайы эмоционалдық жайлылық индексі (Е) арқылы бағаланады. Ол келесі формула бойынша есептеледі:

$$E = \frac{c}{c+d} \times 100\%$$

Мұндағы с - эмоционалдық жайлылық, ал d - эмоционалдық жайсыздық шкаласы бойынша балл. Эмоционалдық жайсыздық индексі 100% - Е формуласы бойынша есептеледі. Эмоционалдық жайлылықтың жоғары деңгейі студенттің жаңа ортада өзін психологиялық тұрғыдан жайлы сезінетінін көрсетеді. Жағымсыздықтың жоғары деңгейі бейімделу процесіндегі мазасыздықты, эмоционалдық тұрақсыздықты және психологиялық қиындықтарды сипаттайды.

Ішкі бақылау локусы индексі (I) адамның өз өміріндегі әрекеттерін, шешімдерін және жағдайларын бақылау деңгейін бағалайды. Ол келесі формула бойынша есептеледі:

$$I = \frac{a}{a + 1{,}4b} \times 100\%$$

Мұнда e - ішкі бақылау, ал f - сыртқы бақылау шкаласы бойынша балл. Сыртқы бақылау баллы 100% - I формуласы бойынша есептеледі. Ішкі бақылау деңгейі жоғары студент өз әрекеттері мен нәтижелері үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға бейім. Сыртқы бақылау басым болған жағдайда, табыстар мен сәтсіздіктер көбінесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты болады.

Тұлғааралық белсенділік және көшбасшылыққа ұмтылыстар басымдық баллын (D) пайдаланып бағаланады. Ол келесі формула бойынша есептеледі:

$$D = \frac{2g}{2g + h} \times 100\%$$

Мұнда g - басымдық шкаласы бойынша балл, ал h - бағыныштылық шкаласы бойынша балл. Бағыныштылық индексі 100% - D формуласы бойынша есептеледі. Басымдық индексі студенттің әлеуметтік қарым-қатынастағы белсенділігін және көшбасшылыққа деген ұмтылысын сипаттайды. Бағыну басқалардың ықпалына түсуге бейімділігін көрсетеді. Зерттеудің анықтама кезеңінде әрбір респонденттің жауаптары әдіснаманың бағалау шкаласы бойынша баллдарға айналдырылды. Осыған сүйене отырып, әлеуметтік-психологиялық бейімделудің негізгі көрсеткіштері есептелді. Оларға мыналар жатады: бейімделу және бейімделмеу, өзін-өзі қабылдау және қабылдамау, басқаларды қабылдау және қабылдамау, эмоционалдық жайлылық және ыңғайсыздық, ішкі және сыртқы бақылау, басымдық, бағыну және қашу. Әрбір көрсеткіш бойынша студенттердің баллдары төмен, орташа және жоғары деңгейлерге бөлінді. Осы негізде эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің саны мен пайыздық үлесі есептелді.

Тәжірибелік және бақылау топтарындағы респонденттердің саны мен пайызы есептелді. Бұл деректер эксперимент алдында екі топтың әлеуметтік-психологиялық бейімделу жағдайын салыстыру үшін негіз болды. Сонымен қатар, әрбір шкала бойынша басым деңгейлер анықталды. Нәтижелер 19-кестеде келтірілген.

19-кесте. Анықтаушы эксперимент кезеңіндегі К. Роджерс-Р. Даймонд әдістемесі бойынша әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейлері

Шкала		ЭТ төмен n (%)	ЭТ орташа n (%)	ЭТ жоғары n (%)	БТ төмен n (%)	БТ орташа n (%)	БТ жоғары n (%)
1		*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*
1	Адаптивтілік	32 (53,3%)	21 (35,0%)	7 (11,7%)	28 (46,7%)	25 (41,7%)	7 (11,7%)

19-кестенің жалғасы

	Дезадаптивтілік	8 (13,3%)	20 (33,3%)	32 (53,3%)	11 (18,3%)	22 (36,7%)	27 (45,0%)
2	Өзін қабылдау	16 (26,7%)	35 (58,3%)	9 (15,0%)	20 (33,3%)	31 (51,7%)	9 (15,0%)
	Өзін қабылдамау	9 (15,0%)	20 (33,3%)	31 (51,7%)	13 (21,7%)	22 (36,7%)	25 (41,7%)
3	Басқаларды қабылдау	31 (51,7%)	23 (38,3%)	6 (10,0%)	27 (45,0%)	25 (41,7%)	8 (13,3%)
	Басқаларды қабылдамау	14 (23,3%)	32 (53,3%)	14 (23,3%)	11 (18,3%)	29 (48,3%)	20 (33,3%)
4	Эмоционалдық комфорт	33 (55,0%)	21 (35,0%)	6 (10,0%)	29 (48,3%)	24 (40,0%)	7 (11,7%)
	Эмоционалдық дискомфорт	16 (26,7%)	21 (35,0%)	23 (38,3%)	14 (23,3%)	20 (33,3%)	26 (43,3%)
5	Ішкі бақылау	5 (8,3%)	48 (80,0%)	7 (11,7%)	6 (10,0%)	45 (75,0%)	9 (15,0%)
	Сыртқы бақылау	10 (16,7%)	21 (35,0%)	29 (48,3%)	14 (23,3%)	23 (38,3%)	23 (38,3%)
6	Доминанттылық	22 (36,7%)	30 (50,0%)	8 (13,3%)	26 (43,3%)	27 (45,0%)	7 (11,7%)
	Бағыныштылық	12 (20,0%)	29 (48,3%)	19 (31,7%)	9 (15,0%)	33 (55,0%)	18 (30,0%)
7	Эскапизм	9 (15,0%)	22 (36,7%)	29 (48,3%)	13 (21,7%)	25 (41,7%)	22 (36,7%)

19-кестеде К. Роджерс пен Даймонд әдіснамасы бойынша түсіндірме эксперимент кезеңіндегі эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының нәтижелері көрсетілген. Әр топқа 60 студент кірді. Бейімделу шкаласы бойынша төмен деңгей ЭТ студенттерінің 53,3%-ында (32 адам) және БТ студенттерінің 46,7%-ында (28 адам) анықталды. Жоғары деңгей екі топта да бірдей болды - 11,7% (7 адам). Бейімделмеген шкала бойынша, керісінше, жоғары деңгей ЭТ-тің 53,3%-ында (32 адам) және БТ-нің 45,0%-ында (27 адам) болды.

Жеке көрсеткіштер студенттердің бейімделуде қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Басқаларды қабылдау деңгейі ЭТ-тің 51,7%-ында (31 адам) және БТ-нің 45,0%-ында (27 адам) төмен болды. Эмоционалдық жайлылықтың төмен деңгейі сәйкесінше 55,0% (33 адам) болды. ЭТ-да эскапизмнің жоғары деңгейі тіркелді - 48,3% (29 адам), БТ-да - 36,7% (22 адам). Сонымен қатар, екі топта да ішкі бақылаудың орташа деңгейі басым болды: ЭТ-да 80,0% (48 адам), БТ-да 75,0% (45 адам).

Осылайша, анықтау кезеңінде екі топта да бірқатар шкалаларда бейімделу қиындықтары байқалды. ЭТ-да төмен бейімделу, төмен эмоционалдық жайлылық және жоғары эскапизм үлестері БТ-ға қарағанда жоғары болды. Бұл сипаттамалар бастапқы деңгейлердің пайызына негізделген.

Жалпы алғанда, анықтаушы эксперимент екі топта да әлеуметтік-психологиялық бейімделудің тән белгілері бар екенін көрсетті. Бейімделудің, басқаларды қабылдаудың, эмоционалдық жайлылықтың және ішкі бақылаудың

төмен деңгейімен қатар, бейімделмеудің, өзін-өзі қабылдамаудың, эмоционалдық жайсыздықтың, сыртқы бақылаудың және эскапизмның жоғары бәсекеге қабілеттілігі байқалды. ЭТ және БТ бойынша нақты пайыздық мәндер бірдей болмаса да, көрсеткіштердің жалпы үрдісі ұқсас болды. Бұл анықтаушы эксперимент эксперименталды студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін жақсартуға бағытталған арнайы қалыптастырушы бағдарламаны енгізуге негізделген. Бақылау экспериментіндегі осы көрсеткіштердің динамикасын салыстыру бағдарламаның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің компоненттерді кешенді бағалау деңгейін анықтау үшін авторлық сауалнама әзірленді. Зерттеудің теориялық талдауы шетелдік студенттің университет ортасына бейімделуі бір ғана көрсеткішпен шектелмейтінін, оның әлеуметтік ортасына, білім беру жүйесіне және қоршаған ортаның мәдени ерекшеліктеріне бейімделуі мен қабылдауымен байланысты бірқатар процестер ретінде жүзеге асырылатынын көрсетті. Осыған байланысты зерттеу әлеуметтік-педагогикалық реттеудің әлеуметтік, педагогикалық және мәдени аспектілерін бірыңғай бақылауға және олардың арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік беретін «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін бағалау» авторлық сауалнамасы әзірленді.

Авторлық сауалнама мақсаты - шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделуін анықтау, сондай-ақ көрсеткіштер арасындағы байланыстың бағыты мен күшін корреляциялық негізде талдау.

Сауалнаманы әзірлеу теориялық зерттеу барысында жүзеге асырылды, диссертациялық зерттеуде әлеуметтік-педагогикалық бейімделу психологиялық негізде бақыланды. Тиісінше, сауалнаманың мазмұны үш блокқа бөлінді: әлеуметтік бейімделу, педагогикалық бейімделу және мәдени бейімделу. Студенттің қоршаған ортаға құрылымдық бейімделуі оны бөлек университет емес, бірнеше өзара байланысты салалардың жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік бейімделу блогы шетелдік студенттердің жаңа әлеуметтік ортаға ену ерекшеліктерін анықтауға, университет қауымдастығымен қарым-қатынас орнатуға, басқа студенттермен өзара әрекеттесуге, әлеуметтік қолдау алуға, университет ортасында өзін еркін сезінуге және қоғамдық және әлеуметтік іс-шараларға қатысуға бағытталған.

Педагогикалық бейімделу блогы студенттердің университеттің білім беру процесіне, оқу формалары мен әдістеріне, оқытуға, мұғалімдермен өзара әрекеттесуге, академиялық тапсырмаларды орындауға, оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға және жаңа педагогикалық ортаның талаптарын қабылдауға бейімделуін бағалауға бағытталған.

Мәдени бейімделу блогы шетелдік студенттердің қабылдаушы ортаның мәдени нормалары мен құндылықтарындағы өзгерістерді қабылдауын, мәдени қатынастарға көзқарасын, мәдениетаралық коммуникацияға қатысуын, жаңа

мәдени ортадағы мінез-құлық нормаларын қалыптастыруын және мәдени ортадағы мінез-құлық нормаларын анықтауға бағытталған.

Авторлық сауалнамада барлығы 30 тұжырымнан тұрды. Іс-әрекет бағыты 10 негіздememен анықталды: әлеуметтік бейімделу - 10, педагогикалық бейімделу - 10 және мәдени бейімделу - 10. Респонденттер әртүрлілікті 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша бағалады: 1 - толығымен келіспеймін; 2 - келіспеймін; 3 - нақты пікір білдіре алмаймын; 4 - келісемін; 5 - толығымен келісемін.

Әр тұжырым 1-ден 5 балға дейін бағаланды. Әр блок 10 тұжырымнан тұратындықтан, бір блок бойынша балл 10-нан 50-ге дейін, ал үш блок бойынша сауалнаманың жалпы баллы 30-дан 150-ге дейін болды. Балл неғұрлым жоғары болса, бейімделу деңгейі соғұрлым жоғары болады; төмен балл бейімделудегі қиындықтарды көрсетеді.

Негізгі зерттеуде авторлық сауалнамасын пайдаланған кезде, өлшеу нәтижелерінің ішкі сәйкестігін бағалау үшін Кронбахтың альфа (α) коэффициенті есептелді (20-кесте).

20-кесте. Авторлық сауалнаманың кронбах альфа коэффициентінің сенімділік көрсеткіштері

Шкала	Тұжырым саны	Cronbach’s α	Тармақ алынғандағы α (мин.)	Тармақ алынғандағы α (макс.)
Жалпы сауалнама	30	0,910	0,906	0,910
Мәдени бейімделу	10	0,812	0,786	0,806
Педагогикалық бейімделу	10	0,878	0,861	0,871
Әлеуметтік бейімделу	10	0,876	0,858	0,870

Авторлық сауалнаманың ішкі сәйкестігі анықтаушы кезеңде 120 респонденттің деректері бойынша Кронбах альфа коэффициенті арқылы бағаланды; кері бағытталған 3, 6 және 23-тұжырымдар талдауға кері кодталған түрде енгізілді. 30 тұжырымнан тұратын жалпы шкала үшін α = 0,910 болды. Кез келген тұжырымды алып тастағанда α мәні 0,906-0,910 аралығында қалды, яғни жеке тұжырымды алып тастау шкаланың ішкі сәйкестігін арттырмайды; тұжырымдардың жалпы балмен түзетілген корреляциясы 0,335-0,595 аралығында болды.

Субшкалалар бойынша Кронбах альфа мәндері мәдени бейімделу үшін 0,812, педагогикалық бейімделу үшін 0,878 және әлеуметтік бейімделу үшін 0,876 құрады. Әр субшкалада тұжырым алынғандағы α мәні субшкаланың өз α мәнінен аспады. Бұл нәтижелер авторлық сауалнаманың жалпы шкаласы мен үш субшкаласы бойынша алынған көрсеткіштерді кейінгі статистикалық талдауларда қолдануға жеткілікті негіз бар екенін көрсетеді.

Анықтау эксперименті кезінде эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының мәдени, педагогикалық және әлеуметтік бейімделу ұпайлары тәуелсіз үлгілер үшін Стьюденттің t-тестін қолдану арқылы салыстырылды. ЭТ

үшін мәдени бейімделудің орташа ұпайы 29,18 (SD=5,71), ал БТ үшін 30,47 (SD=6,59) болды. Топтар арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды болған жоқ (t(118)=−1,140; p=0,256). Педагогикалық бейімделу ұпайы ЭТ үшін 29,25 (SD=7,75) және БТ үшін 28,80 (SD=7,58) болды, және статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылық табылған жоқ (t(118)=0,322; p=0,748). Әлеуметтік бейімделу көрсеткіштері бойынша ЭТ (M=30.58; SD=7.10) және БТ (M=30.15; SD=8.16) нәтижелеріндегі айырмашылық та статистикалық тұрғыдан маңызды болған жоқ (t(118)=0.310; p=0.757). Анықтау кезеңінде үш бейімделу көрсеткішінің барлығында топтар арасында статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылықтардың болмауы (p>0.05) олардың бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы түрде ұқсас болғанын көрсетеінін 21- кестеде көрсетілген.

21-кесте. Авторлық сауалнама бойынша эксперименттік және бақылау топтарының анықтаушы кезеңдегі Independent-Samples t-test нәтижелері

Шкала	Кезең	ЭТ (n=60) M (SD)	БТ (n=60) M (SD)	t	df	p
Мәдени бейімделу (CULT)	Анықтаушы	29,18 (5,71)	30,47 (6,59)	−1,140	118	0,256
Педагогикалық бейімделу (PED)	Анықтаушы	29,25 (7,75)	28,80 (7,58)	0,322	118	0,748
Әлеуметтік бейімделу (SOC)	Анықтаушы	30,58 (7,10)	30,15 (8,16)	0,310	118	0,757

Зерттеу барысында әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштерінің өзара байланысын анықтау мақсатында авторолық сауалнамамен Пирсонның корреляциялық талдауы жүргізілді. Бұл талдау шетелдік студенттердің бейімделу құрылымындағы ішкі өзара тәуелділікті бағалауға мүмкіндік береді. Талдау екі топ бойынша - бақылау және эксперименттік топтарда - экспериментке дейінгі кезеңде жүргізілді, бұл бейімделу компоненттері арасындағы байланыстардың бағыты мен күшін анықтауға мүмкіндік берді.

Корреляциялық талдау нәтижелері әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштері арасында оң көрсеткіштерімен өзара байланыстардың бар екенін көрсетеді, алайда олардың күші әлсіз және орта деңгейде екендігі анықталды. Атап айтқанда, әлеуметтік және педагогикалық бейімделу арасындағы байланыс орташа сипатта көрінеді, ал әлеуметтік және мәдени бейімделу көрсеткіштері арасындағы корреляция әлсіз болып табылады. Нәтижелер шетелдік студенттердің бейімделу үдерісі бастапқы кезеңде фрагментті сипатта орналасқан екенін, ал оның компоненттері арасындағы интеграция жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан екенін анықтайды (22-кесте).

22-кесте . Бақылау тобы корреляциялық талдауы

	Social_total	Ped_total	Cult_total
Social_total	-		
Ped_total	r = 0,456; p < 0,001	-	
Cult_total	r = 0,418; p = 0,001	r = 0,361; p = 0,005	-

Бақылау тобында жүргізілген Пирсон корреляциялық талдауы анықтаушы кезеңде бейімделудің үш компоненті арасында оң және статистикалық маңызды байланыстар бар екенін көрсетті. Әлеуметтік және педагогикалық бейімделу арасындағы корреляция r=0,456 (p<0,001), әлеуметтік және мәдени бейімделу арасында r=0,418 (p=0,001), ал педагогикалық және мәдени бейімделу арасында r=0,361 (p=0,005) болды. Байланыстардың күші орташа деңгейде болды, олардың ішінде педагогикалық және мәдени бейімделу арасындағы байланыс салыстырмалы түрде төменірек болды

Эксперименттік топта анықтаушы кезеңде бейімделудің үш компоненті арасында да оң және статистикалық маңызды байланыстар анықталды. Әлеуметтік және педагогикалық бейімделу арасындағы корреляция (r=0,498; p<0,001). Әлеуметтік және мәдени бейімделу (r=0,315; p=0,014), сондай-ақ педагогикалық және мәдени бейімделу (r=0,308; p=0,017) арасында әлсіз оң, бірақ статистикалық мәнді байланыстар анықталды (23-кесте).

23-кесте . Эксперименттік топ корреляциялық талдауы

	Әлеуметтік бейімделу (SOC)	Педагогикалық бейімделу (PED)	Мәдени бейімделу (CULT)
Әлеуметтік бейімделу (SOC)	-		
Педагогикалық бейімделу (PED)	r = 0,498; p < 0,001	-	
Мәдени бейімделу (CULT)	r = 0,315; p = 0,014	r = 0,308; p = 0,017	-

Эксперименттік және бақылау топтарындағы Пирсон корреляциялық талдауы анықтаушы кезеңде әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштері арасында оң және статистикалық маңызды байланыстар бар екенін көрсетті. Әлеуметтік және педагогикалық бейімделу арасындағы корреляция екі топта да оң болды: бақылау тобында r=0,456 (p<0,001), эксперименттік топта r=0,498 (p<0,001).

Әлеуметтік және мәдени бейімделу арасындағы корреляция бақылау тобында r=0,418 (p=0,001), эксперименттік топта r=0,315 (p=0,014) болды. Педагогикалық және мәдени бейімделу арасындағы корреляция бақылау тобында r=0,361 (p=0,005), эксперименттік топта r=0,308 (p=0,017) құрады.

Сонымен, біздің зерттеу аясында ұйымдастырылған анықтаушы эксперименттің нәтижелерін талдау барысында көрсеткіштердің орта және ортадан төмен деңгейде екені анықталды, бұл қалыптастырушылық эксперименттің өткізілуінің қажеттілігін айқындайды. Анықталған әлсіз жақтарды түзету және жетілдіру зерттеуіміздің қалыптастырушы экспериментіне бағыт-бағдар ретінде қызмет етеді. Анықтау эксперименті барысында шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейі бойынша бейімделуге әсер ететін факторлар зерттеліп, талданды және олардың мүмкіндіктері бағаланды.

Сауалнама нәтижелері жүргізілген әңгімелесулер және университеттік ортадағы бақылау нәтижелерімен нақтыланды. Анықтау эксперименті бойынша алынған деректер шетелдік студенттердің әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу деңгейлерінің әртүрлі екенін көрсетті. Әр бағыт бойынша студенттердің бейімделу ерекшеліктері мен кездесетін қиындықтары анықталды. Бұл мәліметтер тәжірибелік жұмыстың келесі кезеңінде жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық қолдау шараларының мазмұнын айқындауға негіз болды. Бұл студенттердің университеттік ортаға толық бейімделуіне әлі уақыт қажет екенін және олардың бейімделуін қолдау үшін арнайы әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету қажеттігін анықтайды.

Зерттеуіміздің келесі бөлімінде біз анықтау эксперименті барысында анықталған әлсіз тұстарға сәйкес ұйымдастырылған қалыптастырушы эксперименттің бағдарламасы мен оның жүргізілу барысын талдаймыз.

3.2 Университеттік ортада шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың барысы

Қазіргі жағдайларға байланысты шетелдік студенттерді оқыту әрқашан маңызды болған. Қәзіргі жағдайларға байланысты студент бойынан тұлғаның жетекші қасиеттерінің бірі ретінде бейімделу қабілетін дамыту алдыңғы орынға шықты. Осыған байланысты білім беру үлгілерінің оңтайлану жағдайларын, соның ішінде - жоғары мектепте білім алудың алғашқы кезеңінде студенттердің сәтті бейімделуіне жағдай жасайтын ЖОО білім беру ортасын түзу қажеттілігі туындады әсіресе шетел студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесі өзекті болып отыр.

Қалыптастырушы экспериментте шетелдік студенттерді ЖОО жағдайларына бейімдеу процесін педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын іске асырудың тиімділігі олардың қоғамның әлеуметтік интеграциясына бейімделу көрсеткіштері бойынша сипатталады. Студенттер мен шетелдік студенттерді оқыту орнына оңтайлы бейімдеу үшін бірінші курс шетелдік студенттерінің өмірге деген жоспарын, мақсатын, өзін-өзі бағалау деңгейін білу маңызды.

Диссертациялық ғылыми - зерттеу жұмысымыздың анықтаушы эксперимент нәтижелеріне сәйкес зерттеуіміздің қалыптастырушы эксперименті ұйымдастырылды. Қалыптастырушы экспериментті жүзеге асыру үшін

жоспарланған жұмыстарды тиімді ету мақсатында шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу бағдарламасы құрастырылды (Қосымша) Г (24-кесте).

24-кесте. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қалыптастырушы эксперименттің мазмұны

<table>
<tr><td colspan="2">Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты</td><td>Бірінші курс шетелдік студенттеріне ЖОО орнына сәтті бейімделуіне қолайлы жағдайлар туғызу.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қалыптастырушы эксперименттін құрастыруда келесі кезеңдер ең нақты және өзекті болып табылады:</td></tr>
<tr><td>1</td><td colspan="2">Психологиялық бейімделу шеңберінде шетелдік студенттердің эмоционалды жай-күйін тұрақтандыру, стресс деңгейін төмендету және тұлғалық ресурстарын дамыту мақсатында психокоррекциалық іс-шараларды әзірлеу және өткізу;</td></tr>
<tr><td>2</td><td colspan="2">Педагогикалық бейімделуді қамтамасыз ету мақсатында оқу процесінің құрылымын, академиялық талаптар және оқудан тыс қызмет түрлері туралы түсініктерді қалыптастыру;</td></tr>
<tr><td>3</td><td colspan="2">Әлеуметтік бейімделу аясында топтық ынтымақтастықты дамыту, студенттік ұжымда жағымды психологиялық климат қалыптастыру және тиімді тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын дамытып, өзіне деген сенімділікті жоғарлату;</td></tr>
<tr><td>4</td><td colspan="2">Мәдени бейімделу бағыты бойынша шетелдік студенттердің өзге мәдени, менталитетті, ойлау стилін түсіну және қабылдау, мәдени айырмашылықтарға толерантты қарым-қатынас қалыптастыру;</td></tr>
<tr><td>5</td><td colspan="2">Шетелдік студенттерге әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдау мен сүйемелдеуді жүйелі түрде ұйымдастыру.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Бірінші курс студенттері мен шетелдік білім алушылардың бейімдеу жөніндегі қызметтің мазмұны негізгі бағыттарды қамтиды:</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Білім беру үдерісін ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық сүйемелдеу көздейді:</td><td>Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмысты жоспарлау (бағдарлама шеңберінде), оны талдау және түзету жөніндегі қызметін ұйымдастыру, үйлестіру;
Сайттағы ақпаратты өзектендіру,
студент жастардың өмір сүру мазмұнын, бағыттары мен нысандарын көрсететін ақпараттық материалдарды жасау және тарату (ақпараттық стендтер, газеттер, интернет сайттар).
Студенттерді университеттегі оқу процесінің ерекшеліктерімен таныстыру үшін жағдай жасау (жиналыстар, жеке және топтық әңгімелер, ішкі тәртіп ережелерін сақтау, ақыл-ой еңбегі мен демалысты ұйымдастыру және т. б. бойынша кеңес беру)</td></tr>
</table>

24-кестенің жалғасы

2. Шетелдік білім алушылардың тілдік бейімделуі мыналарды көздейді:	Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту жүйесін қолдану; Шетелдік студенттер үшін қосымша сабақтар өткізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету; Студенттердің білім беру процесіне қатысушылармен өзара іс-қимылын оңтайландыруға ықпал ететін шетелдік жоғары курс студенттері қатарындағы волонтерлік топтардың жұмысы.
3. Шетелдік студенттердің бейімделу процесінде әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдау көздейді :	Бірінші курс студенттері мен шетелдік білім алушылардың әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету; −Бірінші курс студенттері мен шетелдік білім алушыларды моральдық және материалдық көтермелеу жүйесін дамыту; −Дезадаптация жай-күйінің алдын алу (сенім телефоны, интернет-ресурстар, тренингтер мен практикумдар, жеке және топтық консультациялар және т. б.) −Бірінші курс студенттері мен − шетелдік студенттердің кәсіби бейімделуіне ықпал ету.
4. Білім алушылардың мәдени - демалыс қызметіне мыналар кіреді:	−Студенттердің университеттің мәдени өміріне қатысуы үшін жағдай жасау ("Студенттерді қарсы алу кеші" мерекесін өткізу және т. б.); −Студенттерді университет өмірінің өзекті мәселелерін талқылауға, азаматтық-патриоттық, қоғамдық-пайдалы, шығармашылық, көркемдік, спорттық және басқа да бағыттағы түрлі іс-шараларға тарту.

1. Ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету			
1	Шетелдік студентердің жатақханамен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру	Тамыз-қазан	Жатахқана коммендаты және топ кураторы
2	Білім алушыларды жатақханаға орналастыру: 1. Инструктаж 2. Жатақхана тәртібімен таныстыру 3. Кілт және пропуск беру	Қыркүйек	Жатахқана коммендаты және топ кураторы
3	Ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбиелік жұмысын жоспарлау	Қыркүйек-қазан	Кафедра бөлімі
4	«Қазақстандағы білім беру жүйесі және академиялық мәдениет» кіріспе дәріс	Қыркүйек	Кафедра меңгерушісінің ғылыми инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары

24-кестенің жалғасы

5	«Мәдениетаралық коммуникация және бейімделу» тақырыбында дискуссия	Қыркүйек	Куратор-эдвайзер
6	Шетелдік білім алушыларды ҚазҰУ-дағы білім беру процесінің ережелері мен талаптарымен таныстыру	Қыркүйек	Кафедра кураторы
7	Университет ректоратының, кафедраларының, оқытушылары мен мамандарының шетелдік білім алушылармен кездесулері	Оқу жылы барысында	Тәрбие және әлеуметтік жұмыс департаменті
8	1 курстың шетелдік студенттерін қабылдауды жүзеге асыру	Бекітілген уақыт бойынша	Кафедра кураторы
9	"Бірінші курс шетелдік студенттеріне Қазақстан Республикасының заңдары мен жатақханадағы ішкі ережелер бойынша жиналыс өткізу"	Қыркүйек	Кафедра кураторы және құқықтық тәртіп жөніндегі инспектор
10	Қазақстан Республикасының паспорт-визалық режим сұрақтарын талқылау мақсатында азаматтық және көші-қон бөлімшесінің оқытушыларымен шетелдік білім алушылардың кездесулерін ұйымдастыру	Оқу жылы барысында	юрист
2. Мәдени бейімдеу			
1	Оқыту технологияларын қолдану: семинарларды әзірлеу	Оқу жылы барысында	Жауапты докторант
2	Қазақ тілін оқытатын курстарды ұсыну	Тамыз- қазан	Кафедра
3	Univer жүйесін қолдану, жаңарту және дамыту.	Оқу жылы барысында	Куратор
4	Шетелдік білім алушыларды бейімдеуге көмек көрсететін волонтерлік отрядтар мен куратор-студенттердің қызметі.	Оқу жылы барысында	Тәрбие және әлеуметтік жұмыс департаменті, куратор, кафедра
3. Әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдау			
1	Бірінші курс шетел студенттерінің жеке ерекшеліктерін тестілеу, жоғары оқу орнына түсу мотивациясы, студенттерді бейімдеудегі алғашқы қиындықтар мен проблемаларды анықтау, алғашқы бейімделудегі қиындықтарға тап болған студенттер үшін банк құру.	Қазан-ақпан	Куратор-эдвайзер, психолог
2	Бастапқы диагностиканы талдау және түзету бағыттарын анықтау	қазан	Психолог
3	Сабақтағы стрессті басқару және қарым-қатынасты жақсарту бойынша психологиялық тренинг	желтоқсан	Психолог

24-кестенің жалғасы

4	Салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған ақпараттық-ағарту іс-шараларын (көрмелер , мамандармен кездесулер, акциялар, тақырыптық бағдарламалар және т. б.) өткізу	Оқу жылы барысында	Тәрбие және әлеуметтік жұмыс департаменті, спорт бөлімі, жастар комитеті, библиотека
5	Шетел студенттерді бейімдеу мәселелері бойынша білім алушыларға, олардың ата-аналарына, оқу топтарының кураторларына және т. б. жеке кеңес беру	Оқу жылы барысында	Тәрбие және әлеуметтік жұмыс департаменті, кафедра, куратор.

Қалыптастырушы эксперименттi iске асыру мақсатында әзірленген бұл бағдарлама алдағы зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Диссертациялық жұмыстың 2.3-бөлімінде «Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету жүйесінің құрылымдық-мазмұндық үлгісі» негізделіп, әзірленген бұл бағдарлама қалыптастырушы эксперименттің мақсатты ұйымдастырылуына жағдай жасап, оның жалпы тиімділігін арттыруға ықпал етті.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты - университеттік орта жағдайында шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және мәдени бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдық-мазмұндық модельді iске асыру. Қалыптастыру кезеңінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды, оған мынадай міндеттер қойылды:

- тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұнын қарастыру;
- шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ететін құрылымдық-мазмұндық модельді жүзеге асыру;
- бейімделу үдерісін дамытуда әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени компоненттердің өзара ықпалдасу мүмкіндіктерін барынша пайдалану;
- шетелдік студенттерге әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету жүйесін ұйымдастыру;
- топтық өзара әрекеттесуді, мәдениетаралық қарым-қатынасты және студенттердің жеке белсенділігін дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін саралау және тәжірибелік ұсыныстар құрастыру.

Аталған міндеттерге сәйкес қалыптастырушы эксперимент барысында шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған авторлық бағдарлама құрастырылды және тәжірибеде сыналды. Бағдарлама әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени бейімделу бағыттарын кешенді қамтып, студенттердің университеттік ортаға табысты интеграциялануын көздейді.

Бағдарламаның мақсаты - шетелдік студенттерге университеттік орта жағдайында әлеуметтік-педагогикалық бейімделудің ерекшеліктерін,

қағидаттарын және психологиялық-педагогикалық негіздерін түсіндіру, олардың әлеуметтік, академиялық және мәдени құзыреттіліктерін дамыту, сондай-ақ теориялық және практикалық білімін жетілдіру.

Қалыптастырушы эксперимент аясында құрастырылған бағдарлама барысында шетелдік студенттер заманауи университеттік білім беру жүйесінің академиялық талаптары мен ұйымдастыру ерекшеліктерінің мазмұнын игеруге, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық бейімделудің негіздерімен танысуға, сондай-ақ тәжірибелік жағдайларды талдау арқылы университеттік ортада табысты әрекет етуге қажетті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Бағдарламаны жүзеге асыру үдерісінде студенттердің оқу-танымдық белсенділігін, тұлғааралық қарым-қатынасын және мәдениетаралық өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге бағытталған бейімделу тәсілдері, бейімделудің түрлері мен механизмдері, сондай-ақ университеттік ортаға интеграциялану жолдары қарастырылды.

Бағдарламаны игеру барысында шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және мәдени бейімделуін дамытуға ықпал ететін инновациялық технологиялардың тиімді әдістері қолданылды, бұл олардың университеттік ортада өзін сенімді сезінуіне және академиялық әлеуетін іске асыруына ықпал етті.

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуін қолдаудың тиімді бағыттары «Effective Strategies for Supporting the Adaptation of International Students» атты ғылыми мақалада да қарастырылған. Зерттеуде тілдік қолдау көрсету, тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру, жергілікті студенттермен бірлескен әлеуметтік-мәдени іс-шаралар өткізу және ақпараттық қолжетімділікті арттыру стратегиялары ұсынылған. Аталған бағыттар тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әзірленген әлеуметтік-педагогикалық бейімделу бағдарламасының мазмұнымен сабақтасып, оны жүзеге асырудың әдістемелік негіздерін толықтырады [147].

Бағдарламаның бірінші «Әлеуметтік бейімделудің ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық аспектілері» модулінде шетелдік студенттер университеттік ортаға интеграциялану үдерісін қамтамасыз ететін әлеуметтік, құқықтық және ұйымдастырушылық шарттармен танысты. Аталған модуль аясында студенттер университеттің ішкі ережелерімен, жатақханадағы өмірді реттейтін нормалармен, Қазақстан Республикасының көші-қон және құқықтық талаптарымен, сондай-ақ жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің құрылымы мен академиялық талаптарымен танысты. Сондай-ақ шетелдік студенттердің әлеуметтік ортада өзара әрекеттесуін оңтайландыруға және университеттік қауымдастықпен тиімді қарым-қатынас орнатуға үлес қосатын ақпараттық және әдістемелік материалдар ұсынылды. Бұл олардың университеттік ортаға тиімді бейімделуіне мүмкіндік берді.

Әлеуметтік бейімделудің бастапқы кезеңінде шетелдік студенттердің университеттік ортаға табысты интеграциялануын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық сипаттағы кешенді жұмыстар

жүргізілді. Бұл жұмыстар шетелдік студенттердің тұрмыстық, құқықтық және академиялық кеңістікте өзін сенімді сезінуіне жағдай жасауға бағытталды.

Ең алдымен, шетелдік студенттердің жатақханамен уақытында және ұйымдастырылған түрде қамтамасыз етілуі қарастырылды. Тамыз-қазан айлары аралығында жатақхана коменданты мен топ кураторының қатысуымен студенттерді жатақханаға орналастыру үдерісі іске асырылды. Бұл кезеңде студенттерге міндетті инструктаж өткізілді, жатақхананың ішкі тәртібі мен тұрмыстық ережелері талқыланды, жеке қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері қарастырылды, сондай-ақ кілттер мен электронды пропусктер берілді. Аталған шаралар студенттердің жаңа әлеуметтік ортаға бейімделіп кетуін жеңілдетуге ықпал етті.

Қыркүйек-қазан айларында кафедра деңгейінде шетелдік студенттермен жүргізілетін ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар студенттердің әлеуметтік бейімделуін жүйелі түрде сүйемелдеуге және олардың академиялық ортадағы белсенділігін арттыруға бағытталды.

Сондай-ақ шетелдік студенттерді ҚазҰУ-дағы білім беру үдерісінің негізгі ережелері мен академиялық талаптарымен таныстыру мақсатында арнайы ақпараттық кездесулер өткізілді. Кафедра кураторлары студенттерге оқу үдерісінің құрылымын, кредиттік технологияны, академиялық адалдық қағидаттарын және университет ішіндегі жауапкершілік нормаларын түсіндірді. Бұл жұмыстар студенттердің академиялық бейімделуін жылдамдатуға және оқу талаптарын дұрыс түсінуге мүмкіндік берді.

Бірінші курс шетелдік студенттерін қабылдау үдерісі бекітілген мерзімдерге сәйкес кафедра кураторлары тарапынан жүзеге асырылды. Қыркүйек айында «Бірінші курс шетелдік студенттеріне Қазақстан Республикасының заңдары мен жатақханадағы ішкі ережелер бойынша» арнайы жиналыс ұйымдастырылды. Бұл іс-шара барысында құқықтық тәртіп жөніндегі инспектордың қатысуымен студенттерге Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптары, олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, тәртіптік жауапкершілік мәселелері талқыланды.

Сонымен бірге, оқу жылы барысында азаматтық және көші-қон қызметі өкілдерінің, юрист мамандардың қатысуымен шетелдік білім алушыларға арналған кездесулер ұйымдастырылды. Бұл кездесулерде паспорт-визалық режим мәселелері айтылды, көші-қон талаптары талқыланды, құжаттық рәсімдер бойынша практикалық ұсыныстар берілді.

Жалпы алғанда, аталған ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық жұмыстар шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік тұрғыдан тиімді бейімделіп кетуіне, құқықтық және тұрмыстық мәселелерді саналы түрде шешуіне, сондай-ақ оқу үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Мәдени бейімдеу бағыты аясында жүргізілген жұмыстар шетелдік студенттердің тілдік, академиялық және мәдени ортаға бейімделуді қамтамасыз етеді. Кешенді педагогикалық іс-шаралар жүйесі ретінде іске асырылады. Бұл

модульдің негізгі мақсаты шетелдік білім алушылардың қабылдаушы елдің мәдени құндылықтарын, тілдік нормаларын және университеттік мәдениетті жеңілдету жағдайларды жасау болды.

Сонымен қатар, мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға семинарлар құрастырылды және жүргізілді, олардың барысында Қазақстан мәдениетінің ерекшеліктері, академиялық этика, оқу үдерісіндегі қарым-қатынас нормалары қарастырылды. Студенттердің тілдік және мәдени дайындық деңгейін анықтаушы тестілеулер жүргізілді, бұл бейімделу үдерісінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Бұл бағдарламалар тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдени кодты, салт-дәстүрлерді, әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін тануды қамтамасыз ету мазмұнмен құрастырылды. Нәтижесінде студенттердің мемлекеттік тілде академиялық және күнделікті қарым-қатынас жасау қабілеті жоғарылап, ал мәдени ортаға кірігуі жеңілдетілді.

Мәдени бейімдеуді қолдайтын цифрлық ресурстар қатарында Univer жүйесін қолдану, оны жаңарту және дамыту жұмыстары жүргізілді. Аталған жүйе арқылы шетелдік студенттер оқу материалдарына, нормативтік құжаттарға, мәдени-тәрбиелік іс-шаралар туралы ақпаратқа қол жеткізе алды, бұл олардың университеттік өмірге бағдарлауды жеңілдету факторы ретінде қызмет етті.

Сонымен бірге, шетелдік білім алушылардың мәдени және әлеуметтік ортаға интеграцияға үлес қосушы волонтерлік отрядтар мен куратор-студенттердің қызметі ұйымдастырылды. Волонтерлер мен кураторлар тарапынан ақпараттық, тілдік және тұрмыстық қолдау көрсетілді, мәдени-тәрбиелік іс-шараларға қатысу қамтамасыз етілді, бұл шетелдік студенттердің университеттік қауымдастықпен өзара әрекеттесуін қалыптастыруды негіздейді.

Жалпы алғанда, мәдени бейімдеу бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар шетелдік студенттердің мәдениетаралық құзыреттерін қалыптастырушы, тілдік кедергілерді төмендетуші және университеттік ортаға тұрақты интеграцияны қамтамасыз ету жолында маңызды шарт ретінде қызмет етті.

Жоғарыда айтылған ақпараттар бойынша шетелдік студенттердің жатақхана және хостелдерге орналастыру бағытында мәдени бейімделу бойынша тренингтер, тұрмыстық тіршілік пен құқықтық қолдауды қамтитын іс-шаралар ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралар студенттердің университеттік ортаға сәтті интеграциялауын етуі және әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етті.

Әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдау бағыты аясында шетелдік студенттерге бірқатар психологиялық және әлеуметтік тренингтер жүргізілді, олар студенттердің эмоционалдық жай-күйін тұрақтандыру, тұлғааралық қарым-қатынасын жақсарту және университеттік ортаға бейімделуді жеңілдету құралы ретінде жүзеге асырылады. Аталған тренингтер бірінші курс шетелдік студенттерінің жеке ерекшеліктерін ескеру және бастапқы бейімделу кезеңінде жиі пайда болуы психологиялық қиындықтарды түзету мазмұнында құрастырылды.

Алғашқы тренинг «Сенің атың саған ұнайды ма?» тақырыбында жүргізілді және студенттердің өзін-өзі тануын, жеке тұлғалық сәйкестілігін хабардар болуға үлес қосушы бағытта ұйымдастырылды. Тренинг барысында студенттер өз есімдерінің мағынасы, оны кім таңдағаны, есімнің өмірлік мінез-құлыққа әсер ету қыры туралы ой жүгіртті. Бұл жұмыс студенттердің өзіндік «Мен» бейнесін қалыптастырушы, өзін қабылдау деңгейін жоғарлату фактор ретінде қарастырылды.

Келесі «Бірге сурет салу» жаттығуы топ ішіндегі өзара әрекеттестікті қосатын, сенімді қарым-қатынас орнатуды дамыту тапсырма ретінде қолданылды. Студенттер жұппен жұмыс істей отырып, вербалды емес коммуникация арқылы ортақ шешімге келу, серіктеспен келісімге жету тәжірибесін игерді. Жаттығудан кейінгі талқылау барысында эмоционалдық реакциялар, көшбасшылық, жауапкершілікті қабылдауға дайындық деңгейі талқыланды, бұл студенттердің топтағы мінез-құлқы туралы кері байланыс алуға мүмкіндік берді.

«Бейімделу стрессі дегеніміз не: олардың арасында бөтен адам» тақырыбындағы тренинг шетелдік студенттердің бейімделу барысында жиі кездесетін стресс жағдайларын түсіну және оларды жеңу дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізілді. Тренинг барысында стресс ұғымы, копинг-стратегиялар және аутотренинг элементтері қарастырылды, сонымен қатар арнайы модельдеу тапсырмалары арқылы стресс жағдайлары имитацияланды. Қатысушылар өз эмоциялары мен физикалық сезімдерін талдап, оларды жеке тәжірибесімен сәйкестендірді, нәтижесінде әр студенттің стресс жағдайында қолданатын стратегиялары айқындалды.

Сондай-ақ «Сіз стрессті жеңе аласыз ба?» тесті қолданылды, оның нәтижелері топтық талқылау арқылы талданды. Бұл кезең студенттердің психологиялық тұрақтылығын бағалауға және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға маңызды болды.

Тренингтің практикалық бөлімінде «Стресспен күресу стратегиялары», «Екі іс», «Плюс және минус» жаттығулары жүргізілді, олар уақыт тапшылығы, ақпараттық жүктеме және эмоционалдық қысым жағдайында тиімді мінез-құлыққа арналған тапсырмалар ретінде қолданылды. Аталған жаттығулар студенттердің назарды шоғырландыру, басымдықтарды айқындау, жағдайды әртүрлі қырынан көру қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Қорытынды кезеңде «Мен бірегеймін» рефлексиялық жаттығуы іске асырылды, оның барысында студенттер өздерінің ортақ және дара қасиеттерін түсінді, тұлғалық ерекшеліктерін мойындау және қабылдау дағдыларын қалыптастырды. Талқылау сұрақтары арқылы «тұлға», «индивид», «қайталанбастық» ұғымдары ашылды, бұл студенттердің өзіндік бағасын көтеруге және психологиялық бейімделуін тереңдетуге ықпал ететін фактор ретінде қарастырылды.

Біз өткізген психологиялық тренингтер шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық бейімделуін қолдау,

эмоционалдық тұрақтылығын нығайту және университеттік ортада өзін сенімді сезіну қабілетін қалыптастыру үшін тиімді құрал ретінде бағаланды.

Педагогикалық қолдау бағыты аясында шетелдік студенттердің университеттік оқу үдерісіне бейімделуін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Аталған қолдау студенттердің академиялық талаптарды игеру, оқу қызметін ұйымдастыру және білім беру ортасында тиімді жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шаралар арқылы іске асырылды.

Алдымен бірінші курс шетелдік студенттерінің оқу қызметіне қатысты жеке ерекшеліктерін, жоғары оқу орнына түсу мотивациясын және академиялық бейімделу барысында туындаған бастапқы қиындықтарды анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыс жүргізілді. Алынған нәтижелер оқу үдерісіндегі бейімделу мәселелерін жүйелеуге, академиялық қолдауды саралауға және тәуекел тобына жататын студенттермен мақсатты педагогикалық жұмыс құруға мүмкіндік берді.

Бірінші курс шетелдік студенттерінің университеттік ортаға бастапқы бейімделу ерекшеліктері «Қазақстан университетіндегі түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін кешенді талдау» атты ғылыми мақалада да қарастырылған. Зерттеу барысында студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделу жағдайы зерделеніп, олардың жаңа білім беру ортасына интеграциялануында кездесетін тілдік, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық қиындықтар анықталған. Алынған нәтижелер бастапқы диагностиканың маңыздылығын және студенттердің жеке қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік-педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді [148].

Келесі кезеңде бастапқы диагностиканың нәтижелері талданды, соның негізінде педагогикалық түзету жұмыстарының негізгі бағыттары анықталды. Бұл кезең студенттердің оқу әрекетіндегі олқылықтарды түзетуге, академиялық мотивацияны арттыруға және оқу үдерісіне біртіндеп қосылуын қамтамасыз ететін педагогикалық шешімдерді қалыптастыруға бағытталды.

Оқу үдерісінде туындаған эмоционалдық жүктемені төмендетіп, аудиториялық өзара әрекеттесуді жақсарту үшін педагогикалық тәсілдер қолданылды. Сабақ барысында қарым-қатынасты оңтайландыруға және оқу тапсырмаларын орындау кезінде сенімділікті арттыруға бағытталған қолдау элементтері іске асырылды, бұл студенттердің академиялық ортада өзін сенімді сезінуіне ықпал етті.

Педагогикалық қолдаудың бөлігі ретінде салауатты өмір салтын қалыптастыруға және оқу үдерісіндегі жұмысқа қабілеттілікті қолдауға бағытталған ақпараттық-ағарту іс-шаралары жүргізілді. Бұл іс-шаралар студенттердің оқу жүктемесін ұтымды бөлу, оқу мен демалыс режимін сақтау дағдыларын дамытуға ықпал ететін фактор ретінде қарастырылды.

Шетелдік студенттердің академиялық бейімделу мәселелері бойынша студенттерге, олардың ата-аналарына және оқу топтарының кураторларына консультациялық педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары жүзеге асырылды.

Аталған кеңес беру қызметі оқу үдерісіне қатысты қиындықтарды уақытында шешу арқылы студенттердің оқу жетістіктерін арттыратын және педагог, студент, куратор арасындағы өзара әрекеттесуді нығайтатын құрал ретінде бағаланды.

Педагогикалық қолдаудың бұл жұмыстағы орны осылай анықталды. Ол шетелдік студенттің оқу қызметіне тұрақты бейімделуіне, академиялық мотивациясының нығаюына және университеттің білім беру ортасына табысты кірігуіне жағдай жасайды.

Педагогикалық қолдау шетелдік студенттердің оқу қызметіне тұрақты бейімделуін қамтамасыз ететін, академиялық мотивациясын нығайтатын және университеттік білім беру ортасында нәтижелі интеграциялануына ықпал ететін бағыт ретінде айқындалды. Осы бағытта әзірленген әлеуметтік-педагогикалық бейімделу бағдарламасының мазмұнын жүйелеу және оны университет тәжірибесіне енгізу мақсатында «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің жол картасы» жасалды. Жол картасы шетелдік студенттерді университетке қабылдау кезеңінен бастап алғашқы оқу жылының соңына дейін ақпараттық, тілдік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және мәдени тұрғыдан қолдау шараларын кезең-кезеңімен ұйымдастыруға бағытталған. Онда бейімделу жұмыстарының негізгі міндеттері, іске асыру кезеңдері және күтілетін нәтижелері нақтыланды (Қосымша Ғ).

Педагогикалық қолдауды нығайту құралдарының бірі ретінде арнайы ақпараттық сайт құрастырылды. Аталған сайт Tilda платформасында жасалып, шетелдік студенттердің университеттік ортаға педагогикалық бейімделуіне көмектесетін материалдарды бір жүйеге біріктіретін цифрлық ресурс ретінде қызмет атқарды.

Сайттың негізгі мақсаты - шетелдік студенттердің жоғарыда аталған әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени бейімделуіне пайдалы нұсқаулықтар мен ақпаратты қолжетімді түрде ұсыну, сондай-ақ кураторлардың күнделікті жұмысын жеңілдететін педагогикалық құрал ретінде қолдану.

Аталған сайтта бейімделу бойынша әдістемелік ұсынымдар, жиі қойылатын сұрақтар, пайдалы сілтемелер және әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, мәдени қолдауға арналған материалдар жүктелді, бұл шетелдік студенттердің оқу үдерісіне тез қосылуына және академиялық талаптарды дұрыс түсінуіне ықпал етті.

Осылайша, құрастырған сайт жоғарыда айтылған бейімделуге әсер ететін факторларды қолдаудың қазіргі цифрлық формада, кураторлар мен студенттер арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту және шетелдік студенттердің университеттік ортаға табысты әлеуметтік-педагогикалық бейімделуді қамтамасыз ететін және тиімді құрал ретінде бағаланды. Сайт сілтемесі: (https://uznatbolche.tilda.ws)

Қалыптастырушы эксперимент барысында өткізілген мәдени бейімделуге бағытталған тренингтер, психологиялық және педагогикалық қолдау сабақтары, ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары шетелдік студенттердің университеттік

ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісінің тиімділік деңгейін жоғарлатты.

Диссертациялық жұмыстың келесі тарауында шетелдік білім алушылардыңбейімделуін бағалау мақсатында өткізілген қалыптастырушы эксперименттің бақылау кезеңінің нәтижелері ұсынылды және оның тиімділігіне талдау жасалынды.

3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың анықтаушы эксперименті нәтижесінде шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу процесінде бірқатар проблемалар, атап айтқанда, оқу үдерісіне қосылудың төмендігі, мәдени ортаға кірігу кезіндегі қиындықтар, тұрмыстық және құқықтық хабардарлықтың жеткіліксіздігі анықталды. Осы анықталған тапшылыққа сәйкес зерттеу аясында қалыптастырушы эксперимент өткізілді.

Қалыптастырушы эксперимент барысында шетелдік студенттердің университеттік ортада бейімделуін қолдауға бағытталған педагогикалық қолдау жүйелі түрде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, алғашқы оқу кезеңінде студенттердің әлеуметтік ортаға кірігуін жеңілдету мақсатында мәдени бейімделу тренингтер, тұрмыстық мәселелер бойынша кеңес беру, сондай-ақ құқықтық ақпараттандыру жүзеге асырылды.

Бұл іс-шаралар студенттердің оқу мотивациясын жоғары етуге, топ ішілік қарым-қатынасты жақсартуға және эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталды.

Сонымен қатар кураторлардың жұымысын оңтайландыру және педагогикалық сүйемелдеуді күшейту мақсатында автор тарапынан арнайы информациялық сайт құрастырылып және қолданылды, ол шетелдік студенттерге арналған бейімделу, тұрмыстық және академиялық ресурстарды бір жүйеге біріктіреді.

Қалыптастырушы эксперименттің бағдарламасы және эксперименттің барысы жұмысымыздың 3.2 тарауында тізбектелді. Қалыптастырушы эксперименттің нәтижесін анықтау мақсатында бақылау кезеңі ұйымдастырылды және өткізілді.

Бақылау кезеңінің негізгі мақсаты - жүргізілген педагогикалық және психологиялық іс-шаралардың шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне деңгейіне тигізген ықпалын сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде бағалау. Эксперименттік жұмыс барысында ғылыми-педагогикалық зерттеулерге тән әртүрлі әдістер қолданылды, алынған нәтижелерге салыстырмалы анализ жасалды.

Зерттеуіміздің бақылау кезеңінде біз шетелдік студенттердің университет ортасына әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің сапалық және сандық көрсеткіштерін анықтау, сондай-ақ мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттердегі өзгерістерді бағалау үшін

зерттеу экспериментінде қолданылған сенімді диагностикалық әдістерді қайта қолдандық, атап айтқанда:

- A. G. Ryder, L. E. Alden және D. L. Paulhus - мәдени бейімделу деңгейін анықтау әдістемесі Ванкувер аккультурация индексі (VIA); (Қосымша А)

- J. R. Anderson, Y. Guan және Y. Koc- тың Академиялық бейімделу шкаласы (AAS) - педагогикалық бейімделуді, көпмәдениетті ортаға және кәсіби рөлге бейімделу деңгейін анықтау әдістемесі;(Қосымша Ә)

- K. Rogers & R. Dymond-тың - әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейін анықтау әдістемесі (Social-Psychological Adaptation Questionnaire, SPAQ немесе Social Adaptation Self-evaluation Scale, SASS). (Қосымша Б)


- «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін бағалау» авторлық сауалнамасы - әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштерін анықтау және олардың өзара байланысын бағалау сауалнамасы (Қосымша В)

Тәжірибенің бақылау кезеңінде қайта жүргізілген сауалнамалар мен жоғарыда аталған диагностикалық әдістемелерді қолдану нәтижесінде шетелдік студенттердің бейімделу деңгейін бағалау анықталды. Біз қолданған әдістемелер шетел студенттерінің бейімделуі бағалау даму деңгейінің қай деңгейде екенін, қандай қиындықтар мен кемшіліктердің бар екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Ванкувер аккультурация индексі (VIA) бойынша алдын ала және соңғы эксперименттердің нәтижелерін салыстыру шетелдік студенттердің өздерінің төл мәдениетіне (Heritage) және қабылдаушы мәдениетіне (Mainstream) бағдарлану көрсеткіштеріндегі өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді. Эксперименттік және бақылау топтарындағы бұл көрсеткіштердің өзгеру динамикасы төмендегі, 25 - кестеде,14 - суретте көрсетілген.

25-кесте. Қорытынды эксперимент кезеңіндегі Ванкувер аккультурация индексі көрсеткіштері бойынша эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы нәтижелері

VIA көрсеткіші	ЭТ Pre-test,	ЭТ Post-test	Өзгеріс	БТ Pre-test	БТ Post-test	Өзгеріс
Heritage (мұра мәдениетіне бағдарлану)	7,18	7,24	+0,06	7,06	7,12	+0,06
Mainstream (негізгі мәдениетке бағдарлану)	4,21	6,72	+2,51	4,37	4,68	+0,31



14-сурет. VIA субшкалалары (Heritage, Mainstream) бойынша ЭТ және БТ топтарының Pre-test/Post-test көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы

Кесте нәтижелеріне сәйкес, мұра мәденитіне бағдарлану көрсеткіші эксперименттік және бақылау топтарында тұрақты болып қалды. Эксперименттік топта бұл индекс 7,18-ден 7,24-ке дейін, ал бақылау тобында 7,06-дан 7,12-ге дейін өзгерді, ал екі топта да өсім +0,06 ұпайды құрады. Бұл шетелдік студенттердің өздерінің туған мәдениетіне бағдарлануын сақтағанын көрсетеді.

Эксперименттік топта негізгі мәдениетке бағдарлану көрсеткіші айтарлықтай өзгеріс байқалды: орташа мән 4,21-ден 6,72-ге дейін өсті, ал өсім +2,51 ұпайды құрады. Бақылау тобында бұл индекс тек 4,37-ден 4,68-ге дейін өсті, ал өзгеріс +0,31 ұпаймен шектелді. Осылайша, эксперименттік топ студенттерінде өздерінің төл мәдениетіне бағдарлануын сақтай отырып, қабылдаушы мәдени ортаға бағдарлануының айтарлықтай артуы байқалды.

Зерттеуіміздің Ванкувер аккультурация индексі (VIA) нәтижелері бойынша эксперименттік және бақылау топтарының мәдени бағдарлану көрсеткіштері Independent-Samples t-test көмегімен салыстырылды. Талдау нәтижесінде мұра мәдениетіне бағдарлану (Heritage) көрсеткіші бойынша эксперименттік топтың орташа мәні M=7,24 (SD=0,78), ал бақылау тобында M=7,12 (SD=0,83) болғаны анықталды. Екі топ арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болған жоқ: t(118)=0,81; p=0,418; Cohen’s d=0,15. Бұл нәтиже қорытынды эксперимент кезеңінде екі топтағы студенттердің де өздерінің төл мәдениетімен байланысының жоғары деңгейде сақталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, эксперименттік ықпал студенттердің мұра мәдениетіне бағдарлануының төмендеуіне әкелмегенін байқауға болады. 26-кесте

26-кесте. Қорытынды эксперимент кезеңіндегі VIA көрсеткіштері бойынша эксперименттік және бақылау топтарының Independent-Samples t-test салыстырмалы нәтижелері

VIA көрсеткіші	ЭТ (n=60), M	SD	БТ (n=60), M	SD	t	df	p	Cohen's d
Мұра мәдениетіне бағдарлану (Heritage)	7,24	0,78	7,12	0,83	0,81	118	0,418	0,15
Негізгі мәдениетке бағдарлану (Mainstream)	6,72	1,28	4,68	1,23	8,90	118	<0,001	1,63

Негізгі мәдениетке бағдарлану (Mainstream) көрсеткіші бойынша эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық анықталды. Эксперименттік топтың орташа көрсеткіші M=6,72 (SD=1,28) болса, бақылау тобында M=4,68 (SD=1,23) болды. Тәуелсіз таңдамаға арналған t-тест нәтижелері екі топ арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін көрсетті: t(118)=8,90; p<0,001. Есептелген Cohen’s d=1,63 мәні топтар арасындағы айырмашылықтың әсер көлемінің үлкен екенін көрсетеді. Бұл нәтиже қорытынды эксперимент кезеңінде эксперименттік топ студенттерінің қабылдаушы мәдениетке бағдарлану көрсеткіші бақылау тобымен салыстырғанда анағұрлым жоғары болғанын сипаттайды.

Эксперименттік топта мұра мәдениетіне бағдарлану (Heritage) көрсеткіші анықтаушы эксперименте M=7,18 (SD=0,69) болса, қорытынды эксперименте M=7,24 (SD=0,78) болды. Орташа көрсеткіш 0,06 баллға ғана өсті. Жұптық таңдамаға арналған t-тест нәтижесі бұл айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді емес екенін көрсетті: t(59)=1,10; p=0,276; Cohen’s d=0,14. Демек, эксперимент барысында студенттердің өздерінің мұра мәдениетіне бағдарлануында елеулі өзгеріс байқалмай, бұл көрсеткіш тұрақты деңгейде сақталды 27-кестеде көрсетілген.

27-кесте. Эксперименттік топтың VIA көрсеткіштері бойынша анықтаушы және қорытынды эксперимент нәтижелерінің Paired-Samples t-test салыстырмасы

VIA көрсеткіші	Анықтаушы эксперимент M (SD)	Қорытынды эксперимент M (SD)	Орташа айырмашылық (Post-Pre)	t	df	p	Cohen's d
Heritage (мұра мәдениеті)	7,18 (0,69)	7,24 (0,78)	+0,06	1,10	59	0,276	0,14
Mainstream (негізгі мәдениет)	4,21 (1,05)	6,72 (1,28)	+2,51	18,39	59	<0,001	2,37

Қабылдаушы мәдениетке бағдарлану (Mainstream) көрсеткіші бойынша, керісінше, айқын оң динамика байқалды. Анықтаушы экспериментте эксперименттік топтың орташа көрсеткіші M=4,21 (SD=1,05) болса, қорытынды экспериментте ол M=6,72 (SD=1,28) деңгейіне дейін жоғарылады. Орташа өсім 2,51 баллды құрады. Жұптық таңдамаға арналған t-тест нәтижесі бұл өзгерістің статистикалық тұрғыдан мәнді екенін көрсетті: t(59)=18,39; p<0,001. Жұпталған өлшемдер үшін есептелген Cohen’s d=2,37 мәні өзгерістің әсер көлемінің өте үлкен екенін сипаттайды.

Қорытынды эксперимент нәтижелері эксперименттік топтағы шетелдік студенттердің өздерінің мұра мәдениетімен байланысын сақтай отырып, қабылдаушы мәдениетке бағдарлану көрсеткішінің артқанын көрсетті. Бақылау тобында Mainstream көрсеткішінің өзгерісі салыстырмалы түрде аз болды: 4,37 баллдан 4,68 баллға дейін (+0,31). Ал қорытынды экспериментте эксперименттік және бақылау топтарының Mainstream көрсеткіштері арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болды: эксперименттік топта M=6,72 (SD=1,28), бақылау тобында M=4,68 (SD=1,23), t(118)=8,90; p<0,001. Бұл нәтижелер қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топта қабылдаушы мәдениетке бағдарлану көрсеткішінің айқын өскенін көрсетеді.


Параметрлік статистикалық талдауда эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды нәтижелерін салыстыру үшін Independent-Samples t-test, ал бір топтың анықтаушы және қорытынды эксперимент нәтижелерін салыстыру үшін Paired-Samples t-test қолданылды. Тәуелсіз таңдамаға арналған t-тест барысында дисперсиялардың теңдігі Levene’s test арқылы тексерілді. Heritage көрсеткіші бойынша Levene критерийінің мәні F=0,278; p=0,599, ал Mainstream көрсеткіші бойынша F=0,181; p=0,671 болды. Екі жағдайда да p>0,05 болғандықтан, дисперсиялардың теңдігі туралы болжам қабылданып, Equal variances assumed жолындағы t-тест нәтижелері пайдаланылды.

Осылайша, Ванкувер аккультурация индексі нәтижелері шетелдік студенттердің мотивациялық компонентке ықпалын нақтылап, өздерінің төл мәдениетін сақтай отырып, қабылдаушы мәдени ортаға бағдарланғанын көрсетті.

Зерттеуіміздің академиялық бейімделуі шкаласы әдіснамасын қолдана отырып, алдын ала және қорытынды эксперименттердің нәтижелерін салыстырмалы талдау эксперименттік топтағы шетелдік студенттердің педагогикалық және академиялық бейімделу көрсеткіштерінде айқын оң динамика байқалғанын көрсетті. Анықтаушы эксперимент кезінде эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштері жалпы алғанда бір-біріне жақын болғанымен, эксперименттік топтың нәтижелері соңғы кезеңде айтарлықтай өскенін 28-кестеден және 15-суреттен көре аласыз.

28-кесте. Академиялық бейімделуі шкаласы бойынша анықтаушы және қорытынды эксперимент нәтижелерінің салыстырмалы динамикасы

AAS көрсеткіші	ЭТ Pre-test	ЭТ Post-test	Эксперименттен кейінгі деңгейі	Өзгеріс	БТ Pre-test	БТ Post-test	Эксперименттен кейінгі деңгейі	Өзгеріс
Академиялық өмір салты	6,83	11,42	Жоғары	+4,59	7,30	7,87	Орта	+0,57
Академиялық жетістік	8,57	12,18	Жоғары	+3,61	8,17	8,72	Орта	+0,55
Академиялық мотивация	10,22	12,73	Жоғары	+2,51	9,73	10,18	Орта	+0,45
Жалпы AAS көрсеткіші	25,62	36,33	Жоғары	+10,71	25,20	26,77	Орта	+1,57



15-сурет. AAS субшкалалары бойынша ЭТ және БТ топтарының салыстырмалы динамикасы

Эксперименттік топтың академиялық өмір салты көрсеткіші бойынша бастапқы орташа мәні M=6,83 болды. Қорытынды экспериментте бұл көрсеткіш M=11,42-ге дейін жоғарылап, өсім +4,59 баллды құрады. Бұл динамика эксперименттік топтағы студенттердің университеттің оқу режиміне, студенттік өмір салтына және жаңа академиялық талаптарға бейімделуінің жақсарғанын көрсетеді. Бақылау тобында өзгеріс әлдеқайда төмен болды: орташа көрсеткіш 7,30-дан 7,87 баллға дейін өсіп, айырмашылық +0,57 баллды құрады.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде академиялық жетістік көрсеткіші бойынша эксперименттік топтың орташа мәні M=8,57 болды. Қорытынды экспериментте бұл көрсеткіш M=12,18-ге дейін жоғарылап, жалпы өсім +3,61 баллды құрады. Бұл студенттердің өздерінің академиялық мүмкіндіктерін, оқу қабілеттерін және қол жеткізілген нәтижелерін бағалауда оң өзгерістер болғанын

көрсетеді. Бақылау тобында орташа көрсеткіш 8,17-ден 8,72 баллға дейін өзгеріп, өсім +0,55 баллды құрады.

Эксперименттік топта академиялық мотивация көрсеткіші бойынша да оң өзгеріс байқалды. Анықтаушы экспериментте орташа көрсеткіш M=10,22 болса, қорытынды экспериментте ол M=12,73-ке дейін жоғарылады. Жалпы өсім +2,51 баллды құрады. Бұл студенттердің білім беру бағдарламасын сәтті аяқтауға, кәсіби мақсаттарға жетуге және білім алудың болашақтағы маңыздылығын түсінуге деген ынтасының артқанын көрсетеді. Бақылау тобында бұл көрсеткіш 9,73-тен 10,18 баллға дейін өсіп, өзгеріс +0,45 баллды құрады.

Эксперименттік топтағы жалпы AAS көрсеткіші бойынша да айқын оң динамика байқалды. Анықтаушы экспериментте жалпы орташа көрсеткіш M=25,62 болса, қорытынды эксперимент нәтижесінде ол M=36,33-ке дейін жоғарылап, айырмашылық +10,71 баллды құрады. Бақылау тобында жалпы AAS көрсеткіші 25,20-дан 26,77 баллға дейін өсіп, өзгеріс +1,57 балл болды. Осылайша, эксперименттік топта педагогикалық және академиялық бейімделу көрсеткіштерінің анағұрлым айқын оң өзгерісі байқалды.

29-кестеде қорытынды эксперимент кезеңіндегі AAS көрсеткіштері бойынша эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері Independent-Samples t-test арқылы салыстырылып берілді. Талдау академиялық өмір салты, академиялық жетістік, академиялық мотивация және жалпы AAS көрсеткіші бойынша эксперименттік топтың орташа мәндері бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болғанын көрсетті. Барлық көрсеткіштер бойынша анықталған айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнді болды ($p<0,001$), бұл қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топтағы шетелдік студенттердің педагогикалық және академиялық бейімделу көрсеткіштерінде оң өзгерістер болғанын көрсетеді. Бұл қалыптастырушы эксперименттен кейін шетелдік студенттердің педагогикалық және академиялық бейімделу көрсеткіштерінде оң өзгерістер байқалғанын көрсетті.

29-кесте. Қорытынды эксперимент кезеңіндегі AAS көрсеткіштері бойынша эксперименттік және бақылау топтарының Independent-Samples t-test салыстырмалы нәтижелері

AAS көрсеткіші	ЭТ (n=60), M	SD	БТ (n=60), M	SD	t	df	p	Cohen's d
Академиялық өмір салты	11,42	2,37	7,87	2,88	7,38	118	<0,001	1,35
Академиялық жетістік	12,18	2,48	8,72	2,96	6,96	118	<0,001	1,27
Академиялық мотивация	12,73	1,93	10,18	2,80	5,81	104,71	<0,001	1,06
Жалпы AAS көрсеткіші	36,33	3,62	26,77	4,96	12,07	107,87	<0,001	2,20

30-кестеде AAS көрсеткіштері бойынша эксперименттік және бақылау топтарының анықтаушы және қорытынды эксперимент нәтижелері Paired-

Samples t-test арқылы салыстырылды. Талдау эксперименттік топта барлық көрсеткіштер бойынша айқын оң өзгерістер болғанын көрсетті. Академиялық өмір салты көрсеткіші 6,83-тен 11,42 баллға дейін өсіп, өзгеріс +4,59 баллды құрады. Бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болды: t(59)=14,40; p<0,001. Академиялық мотивация көрсеткіші 10,22-ден 12,73 баллға дейін жоғарылап, +2,51 балл өсім көрсетті, t(59)=9,30; p<0,001. Академиялық жетістік көрсеткіші 8,57-ден 12,18 баллға дейін өсіп, айырмашылық +3,61 баллды құрады, t(59)=13,94; p<0,001. Жалпы AAS көрсеткіші де 25,62-ден 36,33 баллға дейін жоғарылап, +10,71 балл өсіммен сипатталды, t(59)=21,00; p<0,001.

Бақылау тобында өзгерістер салыстырмалы түрде әлсіз болды. Академиялық өмір салты көрсеткіші 7,30-дан 7,87 баллға дейін өскенімен, бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болмады: t(59)=1,85; p=0,069. Академиялық мотивация көрсеткіші 9,73-тен 10,18 баллға дейін өсіп, +0,45 балл өзгеріс көрсетті, алайда айырмашылық статистикалық мәнді емес: t(59)=1,58; p=0,119. Академиялық жетістік көрсеткіші 8,17-ден 8,72 баллға дейін жоғарылап, +0,55 балл өсім байқалды; t(59)=2,00; p=0,050. Жалпы AAS көрсеткіші бақылау тобында 25,20-дан 26,77 баллға дейін өсіп, +1,57 балл өзгеріс көрсетті және бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болды: t(59)=3,34; p=0,001.

30-кесте. AAS көрсеткіштері бойынша анықтаушы және қорытынды эксперимент нәтижелерінің Paired-Samples t-test салыстырмасы

AAS көрсеткіші	Топ	Pre-test M (SD)	Post-test M (SD)	Орташа өзгеріс	t	df	p
Академиялық өмір салты	ЭТ	6,83 (2,14)	11,42 (2,37)	+4,59	14,40	59	<0,001
	БТ	7,30 (2,55)	7,87 (2,88)	+0,57	1,85	59	0,069
Академиялық мотивация	ЭТ	10,22 (2,74)	12,73 (1,93)	+2,51	9,30	59	<0,001
	БТ	9,73 (2,78)	10,18 (2,80)	+0,45	1,58	59	0,119
Академиялық жетістік	ЭТ	8,57 (2,65)	12,18 (2,48)	+3,61	13,94	59	<0,001
	БТ	8,17 (2,62)	8,72 (2,96)	+0,55	2,00	59	0,050
Жалпы AAS көрсеткіші	ЭТ	25,62 (4,80)	36,33 (3,62)	+10,71	21,00	59	<0,001
	БТ	25,20 (4,67)	26,77 (4,96)	+1,57	3,34	59	0,001

Осылайша, шетелдік студенттердің когнитивтік компоненті академиялық бейімделу шкаласы арқылы бағаланды, ал олардың бейімделу деңгейі академиялық өмір салты, оқу жетістіктері және академиялық мотивация тұрғысынан анықталды.

Эксперименттік жұмыстың үшінші (бақылау) кезеңінде қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері диагностикалық әдістемелер арқылы қайта бағаланды. К. Роджерс пен Р. Даймондтың әдістемесі бойынша алдын ала және қорытынды эксперименттер нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

эксперименттік топтағы шетелдік студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделу көрсеткіштерінде айқын оң динамиканы көрсетті. Анықтаушы эксперимент кезінде эксперименттік және бақылау топтарында бірқатар қолайсыз бейімделу көрсеткіштері басым болғанымен, қорытынды экспериментте негізгі өзгерістер эксперименттік топта байқалды. Бақылау тобында жеке көрсеткіштерде шамалы өзгерістер болғанымен, бастапқы нәтижелердің жалпы сипаты сақталдығын 31- кестеден және 16 - суреттен көре аласыз көре аласыз.

31-кестеде, 16 - суретте К. Роджерс-Р. Даймонд әдістемесі бойынша эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының анықтаушы және қорытынды кезеңдердегі нәтижелері салыстырылған. Әр топқа 60 студент кірді. Анықтаушы кезеңде екі топтың көрсеткіштері бір бағытта болғанымен, ЭТ-да бейімделуге қатысты қиындықтар біршама жиірек кездесті. Адаптивтіліктің төмен деңгейі ЭТ-дағы 32 студентте (53,3%), БТ-дағы 28 студентте (46,7%) анықталды. Ал дезадаптивтіліктің жоғары деңгейі тиісінше 32 (53,3%) және 27 (45,0%) студентке тән болды. Демек, зерттеу басталған кезде екі топта да университеттік ортаға бейімделуде қолдауды қажет ететін студенттер болған.


Қорытынды кезеңде ЭТ-дағы адаптивтілік деңгейлерінің арақатынасы едәуір өзгерді. Жоғары деңгейдегі студенттер саны 7-ден 33-ке, яғни 11,7%-дан 55,0%-ға өсті. Төмен деңгейдегі студенттер саны 32-ден 7-ге дейін азайды. Дезадаптивтіліктің жоғары деңгейі де 32 студенттен 7 студентке төмендеді. БТ-да өзгеріс мұндай көлемде байқалмады: адаптивтіліктің жоғары деңгейі 7-ден 12 студентке өссе, дезадаптивтіліктің жоғары деңгейі 27-ден 26 студентке ғана өзгерді.

Тұлғааралық қатынастарға байланысты шкалаларда да айырмашылық көрінеді. ЭТ-да өзін қабылдаудың жоғары деңгейі бастапқы 9 студенттен (15,0%) қорытынды кезеңде 33 студентке (55,0%) жетті. Басқаларды қабылдаудың жоғары деңгейі 6 студенттен (10,0%) 31 студентке (51,7%) дейін өсті. Осы уақытта өзін қабылдамаудың жоғары деңгейі 31-ден 7 студентке, басқаларды қабылдамаудың жоғары деңгейі 14-тен 8 студентке азайды. БТ-да өзін және басқаларды қабылдаудың жоғары деңгейіндегі өзгеріс әлдеқайда шағын болды.

Эмоционалдық комфорттың жоғары деңгейі ЭТ-да 6 студенттен (10,0%) 35 студентке (58,3%) өсті; БТ-да бұл көрсеткіш 7-ден 10 студентке өзгерді. Ішкі бақылаудың жоғары деңгейі ЭТ-да 7-ден 37 студентке дейін артты, ал сыртқы бақылаудың жоғары деңгейі 29-дан 8 студентке азайды. Эскапизм бойынша да ЭТ-да өзгеріс байқалды: жоғары деңгейдегі студенттер саны 29-дан 7-ге төмендеді. Бұл нәтижелер қорытынды кезеңде ЭТ студенттерінің бірқатар бейімделу көрсеткіштері бастапқы кезеңмен салыстырғанда жақсарғанын көрсетеді.

31-кесте. К. Роджерс–Р. Даймонд әдістемесі бойынша анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңдеріндегі әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейлерінің салыстырмалы нәтижелері

Шкала	Эксперимент кезеңі	ЭТ төмен n (%)	ЭТ орташа n (%)	ЭТ жоғары n (%)	БТ төмен n (%)	БТ орташа n (%)	БТ жоғары n (%)
Адаптивтілік	Анықтаушы	32 (53,3%)	21 (35,0%)	7 (11,7%)	28 (46,7%)	25 (41,7%)	7 (11,7%)
	Қорытынды	7 (11,7%)	20 (33,3%)	33 (55,0%)	25 (41,7%)	23 (38,3%)	12 (20,0%)
Дезадаптивтілік	Анықтаушы	8 (13,3%)	20 (33,3%)	32 (53,3%)	11 (18,3%)	22 (36,7%)	27 (45,0%)
	Қорытынды	31 (51,7%)	22 (36,7%)	7 (11,7%)	13 (21,7%)	21 (35,0%)	26 (43,3%)
Өзін қабылдау	Анықтаушы	16 (26,7%)	35 (58,3%)	9 (15,0%)	20 (33,3%)	31 (51,7%)	9 (15,0%)
	Қорытынды	6 (10,0%)	21 (35,0%)	33 (55,0%)	17 (28,3%)	31 (51,7%)	12 (20,0%)
Өзін қабылдамау	Анықтаушы	9 (15,0%)	20 (33,3%)	31 (51,7%)	13 (21,7%)	22 (36,7%)	25 (41,7%)
	Қорытынды	30 (50,0%)	23 (38,3%)	7 (11,7%)	14 (23,3%)	21 (35,0%)	25 (41,7%)
Басқаларды қабылдау	Анықтаушы	31 (51,7%)	23 (38,3%)	6 (10,0%)	27 (45,0%)	25 (41,7%)	8 (13,3%)
	Қорытынды	7 (11,7%)	22 (36,7%)	31 (51,7%)	24 (40,0%)	26 (43,3%)	10 (16,7%)
Басқаларды қабылдамау	Анықтаушы	14 (23,3%)	32 (53,3%)	14 (23,3%)	11 (18,3%)	29 (48,3%)	20 (33,3%)
	Қорытынды	29 (48,3%)	23 (38,3%)	8 (13,3%)	15 (25,0%)	27 (45,0%)	18 (30,0%)
Эмоционалдық комфорт	Анықтаушы	33 (55,0%)	21 (35,0%)	6 (10,0%)	29 (48,3%)	24 (40,0%)	7 (11,7%)
	Қорытынды	6 (10,0%)	19 (31,7%)	35 (58,3%)	26 (43,3%)	24 (40,0%)	10 (16,7%)
Эмоционалдық дискомфорт	Анықтаушы	16 (26,7%)	21 (35,0%)	23 (38,3%)	14 (23,3%)	20 (33,3%)	26 (43,3%)
	Қорытынды	17 (28,3%)	33 (55,0%)	10 (16,7%)	16 (26,7%)	22 (36,7%)	22 (36,7%)
Ішкі бақылау	Анықтаушы	5 (8,3%)	48 (80,0%)	7 (11,7%)	6 (10,0%)	45 (75,0%)	9 (15,0%)
	Қорытынды	0 (0,0%)	23 (38,3%)	37 (61,7%)	0 (0,0%)	47 (78,3%)	13 (21,7%)
Сыртқы бақылау	Анықтаушы	10 (16,7%)	21 (35,0%)	29 (48,3%)	14 (23,3%)	23 (38,3%)	23 (38,3%)
	Қорытынды	29 (48,3%)	23 (38,3%)	8 (13,3%)	14 (23,3%)	22 (36,7%)	24 (40,0%)
Доминанттылық	Анықтаушы	22 (36,7%)	30 (50,0%)	8 (13,3%)	26 (43,3%)	27 (45,0%)	7 (11,7%)
	Қорытынды	11 (18,3%)	31 (51,7%)	18 (30,0%)	23 (38,3%)	27 (45,0%)	10 (16,7%)
Бағыныштылық	Анықтаушы	12 (20,0%)	29 (48,3%)	19 (31,7%)	9 (15,0%)	33 (55,0%)	18 (30,0%)
	Қорытынды	26 (43,3%)	26 (43,3%)	8 (13,3%)	12 (20,0%)	30 (50,0%)	18 (30,0%)
Эскапизм	Анықтаушы	9 (15,0%)	22 (36,7%)	29 (48,3%)	13 (21,7%)	25 (41,7%)	22 (36,7%)
	Қорытынды	31 (51,7%)	22 (36,7%)	7 (11,7%)	14 (23,3%)	23 (38,3%)	23 (38,3%)



16-сурет. К. Роджерс–Р. Даймонд әдістемесі бойынша анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңдеріндегі ЭТ мен БТ шкалаларының салыстырмалы нәтиж

Осылайша, зерттеу және қорытынды эксперименттердің нәтижелерін салыстыру шетелдік студенттердің тұлғалық және коммуникативтік компоненттері бойынша эксперименттік топта әлеуметтік-психологиялық бейімделудің оң көрсеткіштері бойынша жоғары деңгейлі студенттердің үлесі артқанын, ал бейімделуге кедергі келтіретін көрсеткіштер бойынша жоғары деңгейлі студенттердің үлесі төмендегенін көрсетті. Атап айтқанда, бейімделу, өзін-өзі қабылдау, басқаларды қабылдау, эмоционалдық жайлылық және ішкі бақылау көрсеткіштерінде оң динамика айқын байқалды. Сонымен қатар, бейімделмеудің, өзін-өзі қабылдамаудың, эмоционалдық жайсыздықтың, сыртқы бақылаудың және эскапизм төмендеуі тіркелді. Бақылау тобында өзгерістер біркелкі емес және салыстырмалы түрде әлсіз болды. Сондықтан алынған сипаттамалық нәтижелер эксперименттік топтағы әлеуметтік-психологиялық бейімделудің оң динамикасын көрсетеді. Бұл өзгерістер жүргізілген әлеуметтік-педагогикалық қолдау жұмыстарының нәтижелілігін бағалауға қосымша негіз болды.

Зерттеу барысында әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштерінің байланысын анықтау үшін Пирсон корреляциялық талдауы жүргізілді, нәтижелері төмендегідей болды. (32-кесте)

32-кесте. Бейімделу компоненттерінің Пирсон корреляциялық талдауы (қорытынды кезең)

а) Бақылау тобы (n = 60)

	Әлеуметтік бейімделу (SOC)	Педагогикалық бейімделу (PED)	Мәдени бейімделу (CULT)
Әлеуметтік бейімделу (SOC)	-		
Педагогикалық бейімделу (PED)	r = 0,506; p < 0,001	-	
Мәдени бейімделу (CULT)	r = 0,377; p = 0,003	r = 0,550; p < 0,001	-

ә) Эксперименттік топ (n = 60)

	Social_total	Ped_total	Cult_total
Social_total	-		
Ped_total	r = 0,502; p < 0,001	-	
Cult_total	r = 0,439; p < 0,001	r = 0,528; p < 0,001	-

Қорытынды кезеңде шетелдік студенттердің әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштері арасындағы байланысты анықтау үшін Пирсонның корреляция коэффициенті (Pearson r) қолданылды. Нәтижелер екі топта да бейімделу компоненттері арасындағы барлық байланыстардың оң және

статистикалық маңызды болғанын көрсетті (БТ: r=0,377-0,550; ЭТ: r=0,439-0,528).

Бақылау тобында қорытынды кезеңде бейімделудің үш компоненті арасында оң және статистикалық маңызды байланыстар анықталды. Әлеуметтік және педагогикалық бейімделу арасындағы корреляция r=0,506 (p<0,001), әлеуметтік және мәдени бейімделу арасында r=0,377 (p=0,003), ал педагогикалық және мәдени бейімделу арасында r=0,550 (p<0,001) болды. Байланыстардың күші негізінен орташа деңгейде болды, олардың ішінде әлеуметтік және мәдени бейімделу арасындағы байланыс салыстырмалы түрде төменірек болды.

Эксперименттік топта әлеуметтік және педагогикалық бейімделу арасындағы оң корреляциялық байланыс r=0,502 (p<0,001) құрады. Әлеуметтік және мәдени бейімделу арасындағы байланыс анықтаушы кезеңдегі r=0,315 көрсеткішінен r=0,439-ға дейін жоғарылады (p<0,001). Сонымен қатар педагогикалық және мәдени бейімделу арасындағы байланыс r=0,308-ден r=0,528-ге дейін күшейді (p<0,001).

Қорытынды кезеңде эксперименттік және бақылау топтарының корреляциялық коэффициенттерін салыстырмалы талдау бейімделу компоненттері арасындағы өзара байланыстардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Әлеуметтік және педагогикалық бейімделу арасындағы корреляциялық коэффициент бақылау тобында r=0,506, эксперименттік топта r=0,502 құрады. Әлеуметтік және мәдени бейімделу арасындағы байланыс бақылау тобында r=0,377, эксперименттік топта r=0,439 деңгейінде анықталды. Ал педагогикалық және мәдени бейімделу арасындағы корреляциялық коэффициент бақылау тобында r=0,550, эксперименттік топта r=0,528 болды. Осылайша, қорытынды кезеңде екі топтың бейімделу компоненттері арасында оң корреляциялық байланыстар сақталды. Эксперименттік топта әлеуметтік және мәдени бейімделу арасындағы байланыс бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болғанымен, қалған екі компонент арасындағы байланыстардың мәндері біршама төмен болды. Анықтаушы кезеңмен салыстырғанда эксперименттік топтағы барлық үш корреляциялық коэффициенттің жоғарылауы бейімделу компоненттері арасындағы өзара байланыстардың күшею үрдісін көрсетті. Қорытынды кезеңде эксперименттік және бақылау топтарында әлеуметтік-педагогикалық бейімделудің әлеуметтік, педагогикалық және мәдени компоненттері арасында оң және статистикалық мәнді корреляциялық байланыстар сақталғанын көрсетті. Бейімделу компоненттерінің өзара тығыз байланыста екенін және олардың бір-бірімен сабақтастығын сипаттайды.

Эксперименттік топтың анықтаушы және қорытынды кезеңдердегі корреляциялық коэффициенттерін салыстырмалы талдау нәтижесінде оң динамика байқалды. Атап айтқанда, әлеуметтік және педагогикалық бейімделу арасындағы корреляциялық коэффициент анықтаушы кезеңде r=0,498 (p<0,001) болса, қорытынды кезеңде r=0,502 (p<0,001) болып, іс жүзінде өзгеріссіз қалды (Δr=+0,004). Әлеуметтік және мәдени бейімделу арасындағы байланыс r=0,315-тен r=0,439-ға дейін өсіп, 0,124-ке жоғарылады. Ал педагогикалық және мәдени бейімделу арасындағы корреляциялық коэффициент r=0,308-ден r=0,528-ге

дейін артып, 0,220-ға өсті. Эксперименттік топта корреляция коэффициенттері жоғарылады. Эксперименттік топта корреляция коэффициенттері өсті, бірақ айырманың мәнділігі тексерілмегендіктен, бұл тек болжам ретінде ұсынылады. Эксперименттік топтағы корреляциялық байланыстардың анықтаушы және қорытынды кезеңдер бойынша салыстырмалы динамикасы 33-кестеде берілген.

33-кесте. Эксперименттік топтағы әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу көрсеткіштерінің анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңдеріндегі корреляциялық байланысының динамикасы (n = 60)

Байланыс	Анықтаушы кезең: r	p	Қорытынды кезең: r	p	Өзгеріс (Δr)
Әлеуметтік ↔ педагогикалық	0,498	<0,001	0,502	<0,001	+0,004
Әлеуметтік ↔ мәдени	0,315	0,014	0,439	<0,001	+0,124
Педагогикалық ↔ мәдени	0,308	0,017	0,528	<0,001	+0,220

Ескерту - Δr = қорытынды кезеңдегі r − анықтаушы кезеңдегі r.

Эксперименттік және бақылау топтарының авторлық сауалнама бойынша нәтижелері анықтаушы және қорытынды кезеңдерде Independent-Samples t-test арқылы салыстырылды (34-кесте).

34-кесте. Авторлық сауалнама бойынша эксперименттік және бақылау топтарының анықтаушы және қорытынды кезеңдегі нәтижелерінің Independent-Samples t-test салыстырмасы

Шкала	Кезең	ЭТ (n=60) M (SD)	БТ (n=60) M (SD)	t	df	p
Мәдени бейімделу (CULT)	Анықтаушы	29,18 (5,71)	30,47 (6,59)	−1,140	118	0,256
Педагогикалық бейімделу (PED)	Анықтаушы	29,25 (7,75)	28,80 (7,58)	0,322	118	0,748
Әлеуметтік бейімделу (SOC)	Анықтаушы	30,58 (7,10)	30,15 (8,16)	0,310	118	0,757
Жалпы бейімделу (TOTAL)	Анықтаушы	89,02 (16,76)	89,42 (17,46)	−0,128	118	0,898
Мәдени бейімделу (CULT)	Қорытынды	33,43 (6,88)	31,12 (6,58)	1,885	118	0,062
Педагогикалық бейімделу (PED)	Қорытынды	32,52 (7,00)	29,32 (7,40)	2,434	118	0,016
Әлеуметтік бейімделу (SOC)	Қорытынды	34,05 (6,62)	30,43 (7,42)	2,817	118	0,006
Жалпы бейімделу (TOTAL)	Қорытынды	100,00 (15,64)	90,87 (17,29)	3,034	118	0,003

34-кестеде көрсетілгендей, анықтаушы кезеңде эксперименттік және бақылау топтары арасында мәдени (t=−1,140; p=0,256), педагогикалық (t=0,322; p=0,748), әлеуметтік (t=0,310; p=0,757) және жалпы бейімделу (t=−0,128; p=0,898) көрсеткіштері бойынша статистикалық маңызды айырмашылық анықталмады (барлығы p>0,05).

Қорытынды кезеңде эксперименттік топтың педагогикалық (ЭТ: M=32,52; SD=7,00; БТ: M=29,32; SD=7,40; t=2,434; p=0,016), әлеуметтік (ЭТ: M=34,05; SD=6,62; БТ: M=30,43; SD=7,42; t=2,817; p=0,006) және жалпы бейімделу (ЭТ: M=100,00; SD=15,64; БТ: M=90,87; SD=17,29; t=3,034; p=0,003) көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық маңызды жоғары болды. Мәдени бейімделу бойынша эксперименттік топтың орташа мәні жоғары болғанымен (ЭТ: M=33,43; SD=6,88; БТ: M=31,12; SD=6,58), айырмашылық статистикалық маңызды деңгейге жеткен жоқ (t=1,885; p=0,062).

Мәдени бейімделу бойынша екі құрал әртүрлі нәтиже берді. VIA бойынша эксперименттік топтың көрсеткіші бақылау тобынан едәуір жоғары болды (d = 1,63). Ал авторлық сауалнамада өсім тек эксперименттік топтың ішінде мәнді болды (t(59) = −5,877; p < 0,001). Себебі VIA жаңа мәдениетке бағдарлануды ғана өлшейді. Авторлық блок бұған қоса өз мәдениетін сақтауды да қамтиды, ал бұл көрсеткіш эксперимент барысында өзгерген жоқ (Heritage: +0,06).

Әр топ ішінде анықтаушы және қорытынды кезеңдер арасындағы өзгерістер Paired-Samples t-test арқылы бағаланды Бұл талдау студенттердің экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерін салыстыруға, сондай-ақ байқалған өзгерістердің статистикалық мәнділігін бағалауға мүмкіндік берді (35-кесте).

35-кесте. Авторлық сауалнама көрсеткіштерінің анықтаушы және қорытынды кезеңдер арасындағы Paired-Samples t-test салыстырмасы

Топ	Шкала	Анықтаушы кезең M (SD)	Қорытынды кезең M (SD)	Өзгеріс	t	df	p
ЭТ (n=60)	CULT	29,18 (5,71)	33,43 (6,88)	+4,25	−5,877	59	<0,001
ЭТ (n=60)	PED	29,25 (7,75)	32,52 (7,00)	+3,27	−4,116	59	<0,001
ЭТ (n=60)	SOC	30,58 (7,10)	34,05 (6,62)	+3,47	−4,797	59	<0,001
ЭТ (n=60)	TOTAL	89,02 (16,76)	100,00 (15,64)	+10,98	−6,709	59	<0,001
БТ (n=60)	CULT	30,47 (6,59)	31,12 (6,58)	+0,65	−1,106	59	0,273
БТ (n=60)	PED	28,80 (7,58)	29,32 (7,40)	+0,52	−0,675	59	0,502
БТ (n=60)	SOC	30,15 (8,16)	30,43 (7,42)	+0,28	−0,429	59	0,670
БТ (n=60)	TOTAL	89,42 (17,46)	90,87 (17,29)	+1,45	−1,134	59	0,262

CULT - мәдени бейімделу; PED - педагогикалық бейімделу; SOC - әлеуметтік бейімделу; TOTAL - жалпы бейімделу; M - орташа мән; SD - стандартты ауытқу; p - екі жақты маңыздылық деңгейі. «Өзгеріс» бағаны қорытынды кезеңнің орташа мәнінен анықтаушы кезеңнің орташа мәнін алу арқылы берілді. t мәндері SPSS-тағы есептеу ретіне сәйкес (анықтаушы − қорытынды) келтірілді, сондықтан теріс t мәні қорытынды кезеңдегі орташа мәннің жоғары екенін білдіреді. Эксперименттік топта мәдени ($t(59)=-5,877$), педагогикалық ($t(59)=-4,116$), әлеуметтік ($t(59)=-4,797$) және жалпы бейімделу ($t(59)=-6,709$) көрсеткіштері анықтаушы кезеңнен қорытынды кезеңге дейін статистикалық маңызды жоғарылады (барлық көрсеткіштер бойынша $p<0,001$). Бақылау тобында көрсеткіштердің орташа мәндері аздап жоғарылағанымен (+0,28-ден +1,45 балға дейін), олардың ешқайсысында анықтаушы және қорытынды кезеңдер арасында статистикалық маңызды өзгеріс анықталған жоқ (барлығы $p>0,05$).

Авторлық сауалнама бойынша t-test нәтижелері анықтаушы кезеңде эксперименттік және бақылау топтары арасында статистикалық маңызды айырмашылық болмағанын, ал қорытынды кезеңде эксперименттік топтың педагогикалық, әлеуметтік және жалпы бейімделу көрсеткіштері бақылау тобынан статистикалық маңызды жоғары болғанын көрсетті.

Зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінен кейін бақылау жұмысын жүргізу барысында бақылау тобы мен эксперименттік топ арасында айырмашылық анықталды. Бұл көрсеткіштерден шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени (мәдени бейімделу: VIA бойынша айырма мәнді, авторлық сауалнама бойынша мәнді емес) компоненттерінің даму деңгейіне қалыптастырушы эксперимент кезеңінде жүргізілген жұмыстар оң әсер еткенін байқауға болады. Әсіресе эксперименттік топта бейімделу деңгейлерінің айтарлықтай өзгеруі жүйелі түрде ұйымдастырылған педагогикалық қолдау мен мақсатты бейімдеу бағдарламасының тиімділігін дәлелдейді. Бақылау кезеңінде эксперименттік топтың бейімделу көрсеткіштері барлық компонент бойынша жақсарды, ал бақылау тобында өзгеріс аз болды. Бұл ұсынылған модельдің тиімді екенін көрсетеді.

Тәжірибелік - эксперименттік жұмыстар нәтижелері шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің сапалық, сандық көрсеткіштерінің дамығандығын көрсетті. Зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік кезеңінде алынған нәтижелер бізге төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

- Зерттеу барысында ұсынылған және жүйелі түрде ұйымдастырылған педагогикалық қолдау шаралары шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін тиімді ету және бейімделу үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік берді;

- Әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу компоненттерін ескере отырып, арнайы құрастырылған және тәжірибеге енгізілген бағдарлама

және сайт жүйені қолдану шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу деңгейін жоғарлатуына ықпалын тигізді;

- Ұсынылған педагогикалық қолдау жүйесін оқу-тәрбие үдерісіне енгізу шетелдік студенттердің әлеуметтік өзара әрекетке, оқу ортасына және көпмәдениетті университеттік кеңістікке бейімделуге мүмкіндік ету нәтижелері алынды.

Қорытындылай келе, жүргізілген тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың нәтижелері біздің таңдалған бағытымыздың дұрыстығын және алынған нәтижелердің дәйектілігін дәлелдейді. Осыған байланысты зерттеу жұмысында алға қойылған болжамның расталды деп айтуға толық негіз бар.Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін дамыту мақсатында жүзеге асырылған жүйелі педагогикалық қолдау мен тренингтік жұмыстар олардың әлеуметтік, педагогикалық және мәдени бейімделу деңгейін арттыруда тиімді және зерттеу нәтижелері арқылы дәлелденді.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету жоғары оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бейімделу деңгейін анықтап, оны арттыру жолдарын сынақтан өткізуге мүмкіндік берді.

Эксперименттің негізгі нәтижелері:

1. Экспериментке 120 шетелдік студент қатысты. Оның нәтижесінде эксперименттік топ (Биология және биотехнология факультеті, 60 студент) мен бақылау тобы (Филология факультеті, 60 студент) құрылды.

2. Бейімделу деңгейі К. Роджерс пен Р. Даймондтың әдістемесімен, академиялық бейімделу шкаласымен, ванкувер аккультурация индексі және авторлық сауалнамамен бағаланды.

3. Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу моделі мен қолдау бағдарламасы төрт бағытта іске асырылды. Психологиялық бағытта студенттердің эмоционалдық жай-күйін тұрақтандыру мен стресті төмендетуге көңіл бөлінді. Педагогикалық бағытта оқу процесі мен академиялық талаптар туралы түсінік қалыптасты. Әлеуметтік және мәдени бағыттарда топтық ынтымақтастық пен мәдени айырмашылықтарға толерантты қарым-қатынас дамыды.

4. Студенттер үшін психокоррекциялық іс-шаралар, семинарлар, тренингтер, кездесулер мен мәдениетаралық іс-шаралар өткізілді.

5. Эксперименттік топта бейімделу, өзін-өзі қабылдау, басқаларды қабылдау, эмоционалдық жайлылық және ішкі бақылау көрсеткіштері жоғарылады. Бейімделмеу, эмоционалдық жайсыздық, сыртқы бақылау және эскапизм көрсеткіштері төмендеді.

Эксперимент нәтижелері ұсынылған модельдің шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуін жеңілдететінін көрсетті. Бұл модельді университеттің шетелдік студенттермен жұмыс тәжірибесінде қолдануға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл ғылыми зерттеу жұмысы жоғары білім беру жүйесінде шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету және осы үдерісті педагогикалық тұрғыда сүйемелдеу мәселесіне арналған өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Қазіргі жаһандану жағдайында халықаралық академиялық мобильділіктің күшейту үрдісі шетелдік студенттердің жаңа әлеуметтік, мәдени және педагогикалық кеңістікке бейімделуін мақсатты түрде ұйымдастырып қажеттігін растайды.

Зерттеу барысында шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуінің әлеуметтік, педагогикалық және мәдени компоненттері өзара байланыста талданды және олардың әрқайсысының бейімделу үдерісіндегі рөлі кешенді түрде негізделді. Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін тиімді іске асыру үшін арнайы құрылымдық-мазмұндық модель құрастырылды, ол теориялық-әдіснамалық негіздерге сүйене отырып құралды.

Зерттеу аясында жүргізілген қалыптастырушы эксперимент нәтижелері психологиялық тренингтер, педагогикалық сүйемелдеу, мәдени-тұрмыстық бағыттағы іс-шаралар және цифрлық ақпараттық ресурстарды қолдану шетелдік студенттердің бейімделу деңгейін айтарлықтай арттырды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Эксперименттік топтағы студенттердің әлеуметтік өзара әрекетке түсу белсенділігі, педагогикалық ортаға қатынасы және мәдени ортаға бейімделуі тұрақты оң динамикамен сипатталды.

Бақылау кезеңінде алынған сандық және сапалық көрсеткіштер эксперименттік топ пен бақылау тобы арасындағы айырмашылықтың айқын екені анықталды, бұл ұсынылған модель мен әдістеменің тиімділігін нақтылайды. Зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуін жүйелі педагогикалық қолдау арқылы ынталандындыру және әлеуметтік-психологиялық жағдайларды мақсатты түрде оңтайландыру мүмкін екендігі дәлелденді.

Жалпы алғанда, жүргізілген ғылыми-тәжірибелік жұмыс шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін дамытуға бағытталған модельдің ғылыми негізділігін дәлелдеп, ал ұсынылған әдістемені жоғары оқу орындарының білім беру тәжірибесіне енгізу бұл орынды және болашақта халықаралық білім беру кеңістігінде пайдалануға мүмкіндігі. Осыған байланысты зерттеу барысында ұсынылған болжам толық көлемде расталған болып саналады, ал қойылған мақсат пен міндеттер жүйелі түрде іске асырылды.

«Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» атты диссертациялық зерттеу жұмысымызды орындау барысында шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуіне байланысты теориялық-әдіснамалық негіздері талданып біз төмендегідей қорытындылар жасау мүмкіндігіне ие болдық:

1. Зерттеу аясында шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу мәселесі бойынша отандық және шетелдік психологиялық,

педагогикалық, әлеуметтік әдебиеттерді зерттеу және салыстыру, «шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» ұғымының ғылыми еңбектерде әртүрлі түсіндірілетіндігі анықталды. Ғылыми дереккөздерді талдау нәтижесінде біз «Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі - студенттің университеттік ортаға, әлеуметтік қатынастар жүйесіне және қабылдаушы қоғамның мәдени кеңістігіне тиімді кірігуін қамтамасыз ететін, әлеуметтік қолдау, педагогикалық сүйемелдеу және тұлғаның белсенді қатысуы негізінде жүзеге асатын көпдеңгейлі үдеріс», - деген тұжырымға келдік.

2. Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және мәдени қолдау жүйесі негізінде жүзеге асырылды және университеттік орта жағдайында тиімді болатыны дәлелденді. Бұл үдерісте кураторлық жұмыс, ақпараттық сүйемелдеу, бейімдеуші тренингтер мен әлеуметтік қолдау қызметтерін іске асыру және студенттердің оқу-тәрбие процесіне табысты кірігуіне мүмкіндік береді.

3. Зерттеу жұмысымыздың тиімділігін арттыру мақсатында тұжырымдамалық, мазмұндық және критерийлік-бағалау блоктардан тұратын шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылып, ендіріліп, оның тәжірибеде қолдану және нәтижелі екендігі дәлелденді. Біз құрастырған модельдің ерекшелігі оның қол жетілімділігінде, икемділігінде және көпмәдениетті білім беру ортасының талаптарына бейімделу мүмкіндігімен сипатталады.

4. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етуге арналған ғылыми негізделген әдістеменің оқу үдерісінде іске асырылатын және тиімді екендігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденді. Әзірленген бейімдеу бағдарламасы және жол картасы студенттердің әлеуметтік ортаға қосу, академиялық талаптарға бейімделу және мәдени айырмашылықтарды жеңу деңгейінің артуына ықпал етті.

Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың алынған нәтижелеріне жасалған талдау ұсынылған зерттеу болжамы расталды, зерттеудің міндеттері орындалды, ал зерттеудің мақсатына қол жеткізгендігін көрсетті. Қолданылған диагностикалық құралдар эксперименттік топтағы шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейіндегі сапалы оң өзгерістерді бекітілді.

Зерттеу қорытындылары негізінде төмендегідей ұсыныстар әзірленді:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетелдік студенттерді бейімдеу орталығының қызметін зерттеу нәтижелері негізінде жетілдіру. Орталықтың қызметін шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық, академиялық, мәдени және психологиялық бейімделуін кешенді қолдауға бағыттау; студенттердің бейімделу деңгейін бастапқы диагностикадан өткізу, жеке қолдау қажеттіліктерін анықтау және бейімделу динамикасын жүйелі бақылау тетіктерін енгізу ұсынылады.

2. Факультеттер деңгейінде әлеуметтік-педагогикалық бейімделуді қолдаудың біртұтас жүйесін қалыптастыру. Шетелдік студенттер оқитын факультеттерде бейімдеу орталығымен бірлесе отырып, факультеттік бейімдеу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру ұсынылады. Бағдарламаларда академиялық талаптармен таныстыру, университеттің білім беру жүйесіне бағдарлау, мәдениетаралық қарым-қатынас пен студенттердің әлеуметтік интеграциясын қолдау шаралары қамтылуы тиіс.

3. Кафедралардың оқу-әдістемелік жұмысында шетелдік студенттердің бейімделу ерекшеліктерін ескеру. Пәндердің мазмұны мен оқыту әдістерін студенттердің тілдік, мәдени және академиялық даярлық деңгейіне сәйкес бейімдеу, оқытушыларға көпмәдениетті білім беру ортасында жұмыс істеу бойынша әдістемелік қолдау көрсету ұсынылады. Бейімдеу орталығы мен кафедралар арасында студенттердің академиялық қиындықтарын анықтау және оларды шешу бойынша тұрақты байланыс орнату қажет.

4. Кураторлар мен академиялық эдвайзерлердің шетелдік студенттерді сүйемелдеу құзыреттілігін арттыру. Бейімдеу орталығымен бірлесіп, кураторларға арналған семинарлар, тренингтер және әдістемелік вебинарлар ұйымдастыру ұсынылады. Кураторлық сағаттарда университеттің академиялық мәдениеті, студенттердің құқықтары мен міндеттері, мәдениетаралық коммуникация, әлеуметтік белсенділік және тұлғааралық өзара әрекет мәселелерін қамту қажет.

5. Менторлық және психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін кеңейту. Жоғары курс студенттерін шетелдік студенттерге ментор ретінде бекіту, академиялық кеңес беру мен психологиялық қолдау шараларын бейімдеу орталығының қызметімен үйлестіру ұсынылады. Бұл студенттердің университет қауымдастығына кірігуіне, әлеуметтік байланыстар орнатуына және бейімделу қиындықтарын уақытылы еңсеруіне ықпал етеді.

6. Foundation бағдарламасына әлеуметтік-педагогикалық бейімдеу модулін енгізу. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Foundation бағдарламасында білім алатын шетелдік студенттер үшін университеттік ортаға алдын ала бейімделуге бағытталған арнайы модуль әзірлеу ұсынылады. Модуль мазмұнына университеттің академиялық талаптары мен оқу жүйесі, білім алушының құқықтары мен міндеттері, академиялық адалдық, қазақ және Қазақстан мәдениетімен танысу, мәдениетаралық коммуникация, студенттік ортаға кірігу, өзіндік оқу дағдылары және психологиялық бейімделу мәселелері енгізілуі қажет. Модульді бейімдеу орталығы, Foundation бағдарламасының оқытушылары және кураторлар бірлесіп жүзеге асырып, оның тиімділігін студенттердің бастапқы және қорытынды бейімделу диагностикасы арқылы бағалау ұсынылады.

7. Әзірленген «Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» бағдарламасы, жол картасы мен веб-сайтты университеттің бейімдеу орталығы және Foundation бағдарламасының жұмысында қолдану. Бағдарламаның мәдени, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік бағыттарын орталықтың бейімдеу іс-шараларымен үйлестіріп, веб-сайтты

шетелдік студенттерге арналған ақпараттық-әдістемелік ресурс ретінде пайдалану ұсынылады. Бұл зерттеу нәтижелерін университеттің практикалық қызметіне енгізуге және бейімдеу жұмыстарының жүйелілігін арттыруға мүмкіндік береді.Зерттеудің болашағы:

Біз ұсынған зерттеу шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделуін оңтайландыру әлеуметтік-педагогикалық модельді әзірлеу үшін тиімді болып табылады. Дегенмен, шетелдік студенттердің бейімделу үдерісі көпқырлы және қиын әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады. Ұсынылған зерттеу жұмысының нәтижелері қарастырылып отырған мәселені кешенді түрде ашу, алайда алдағы зерттеулердің болашағы шетелдік студенттердің тұлғалық, мәдени және мотивациялық ерекшеліктерін есепке алып бейімдеу тетіктерін одан әрі тереңірек зерттеу қажеттілігін талап етеді.

Қорыта айтқанда, шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі мәселесі ғылыми зерттеу тұрғысында өзінің жалғасын тапты, әрі болашақта жоғары білім беру жүйесінің сапасын арттыруда стратегиялық бағыт ретінде көрсетті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988 (қаралған күні: 28.03.2026).

2. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248 (қаралған күні: 02.06.2026).

3. IEC университетіндегі шетелдік студенттердің студенттік өмірі мен бейімделуі: студенттік клубтардың, мәдени, спорттық және қоғамдық ұйымдардың рөлі [Электрондық ресурс]. - Алматы, 2025. - Қолжетімділік режимі: https://iec.edu.kz/sheteldik-studentterding-studenttik-oemiri/ (қаралған күні: 28.03.2026).

4. Нысанбаев, Ә. Н. Философия тәуелсіз Қазақстан контекстінде / Ә. Н. Нысанбаев. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 320 б.

5.Әбділдин, Ж. М. Диалектикалық логика және таным теориясы мәселелері / Ж. М. Әбділдин. - Алматы : Ғылым, 1991. - 280 б.

6.Ғабитов, Т. Х. Қазақ философиясының тарихы / Т. Х. Ғабитов. - Алматы : Раритет, 2006. - 400 б.

7.Social adaptation of foreign students to Kazakhstan higher education system / D. B. Kaikenov, E. S. Otar, G. O. Rakhimbekova, R. M. Mukhazhanova // Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия: Педагогика. Психология. Социология. - 2022. - № 3 (140). - С. 488-496. - DOI: 10.32523/2616-6895-2022-140-3-488-496.

8.Бекова, З. К. Psychological support of foreign students from Kazakhstani institutes of higher education in the course of their adaptation / З. К. Бекова, К. С. Кожаева // Life Science Journal. - 2014. - Vol. 11, Special Issue 4. - P. 264-269.

9.The Socio-Linguistic Adaptation of Migrants: The Case of Oralman Students' Studying in Kazakhstan / F. Valieva, J. Sagimbayeva, D. Kurmanayeva, G. Tazhitova // Education Sciences. - 2019. - Vol. 9, № 3. - Art. 164. - DOI: 10.3390/educsci9030164.

10.Church, A. T. Sojourner adjustment / A. T. Church // Psychological Bulletin. - 1982. - Vol. 91, № 3. - P. 540-572. - DOI: 10.1037/0033-2909.91.3.540.

11.Berry, J. W. Acculturation as varieties of adaptation / J. W. Berry // Acculturation: Theory, models and some new findings / ed. by A. M. Padilla. - Boulder, CO : Westview Press, 1980. - P. 9-25.

12.Ward, C. The Psychology of Culture Shock / C. Ward, S. Bochner, A. Furnham. - 2nd ed. - London : Routledge, 2001. - 376 p.

13.Bennett, M. J. A Developmental Approach to Training for Intercultural Sensitivity / M. J. Bennett // International Journal of Intercultural Relations. - 1986. - Vol. 10, № 2. - P. 179-196. - DOI: 10.1016/0147-1767(86)90005-2.

14.Deardorff, D. K. Identification and Assessment of Intercultural Competence as a Student Outcome of Internationalization / D. K. Deardorff // Journal of Studies in International Education. - 2006. - Vol. 10, № 3. - P. 241-266. - DOI: 10.1177/1028315306287002.

15.Altbach, P. G. Globalisation and the University: Myths and Realities in an Unequal World / P. G. Altbach // Tertiary Education and Management. - 2004. - Vol. 10, № 1. - P. 3-25. - DOI: 10.1080/13583883.2004.9967114.

16. Knight, J. Internationalization Remodeled: Definition, Approaches, and Rationales / J. Knight // Journal of Studies in International Education. - 2004. - Vol. 8, № 1. - P. 5-31. - DOI: 10.1177/1028315303260832.

17. Есенова, К. А. Бірінші курс студенттерінің университеттің білім беру ортасына бейімделуі : магистрлік диссертация / К. А. Есенова. - Алматы, 2015.

18. Шалғынбаева, Қ. Қ. Студенттердің ЖОО-ға бейімделуі ғылыми зерттеу нысаны ретінде / Қ. Қ. Шалғынбаева, А. М. Қажғалиева, Ә. С. Нұржанова // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. - 2019. - № 1 (126). - Б. 122-130.

19. Есказинова, Ж.А. Мектепте білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында оралман-балаларды қостілде оқытудың дидактикалық негіздері [Электрондық ресурс] : философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация : 6D011900 / Есказинова Жанар Амантаевна ; ғыл. кеңес.: Б.А. Жетписбаева, Н. Станчу ; Акад. Е.А. Бөкетов атын. Қарағанды мем. ун-ті. – Қарағанды, 2018.

20. Қазақстан өңірлік білім беру хабы мәртебесін нығайтуда: шетелдік студенттер саны 35 мыңнан асты [Электрондық ресурс] // LS: Қазақстанның іскерлік ақпарат агенттігі. - 2025. - 2 желтоқсан. - Қолжетімділік режимі: https://lsm.kz/inostrannye-studenty-v-2025 (қаралған күні: 29.04.2026).

21.Шибутани, Т. Социальная психология / Т. Шибутани ; пер. с англ. В. Б. Ольшанского. - М. : АСТ ; Ростов н/Д : Феникс, 1999. - 539 с.

22. Burkhardt, R. W., Jr. Lamarck, evolution, and the inheritance of acquired characters / R. W. Burkhardt, Jr. // Genetics. - 2013. - Vol. 194, № 4. - P. 793-805. - DOI: 10.1534/genetics.113.151852.

23.Herder, J. G. Treatise on the Origin of Language (1772) / J. G. Herder // Herder: Philosophical Writings / ed. and trans. by M. N. Forster. - Cambridge : Cambridge University Press, 2002. - P. 65-164. - DOI: 10.1017/CBO9781139164634.007.

24.Castro Lozano, J. A. Gabriel Tarde: Un estudio introductorio a su teoría sociológica / J. A. Castro Lozano // Revista Colombiana de Sociología. - 2024. - Vol. 47, № 2. - P. 43-63. - DOI: 10.15446/rcs.v47n2.113748.

25. Bell, A. V. Selection and adaptation in human migration / A. V. Bell // Evolutionary Anthropology: Issues, News, and Reviews. - 2023. - Vol. 32, № 6. - P. 308-324. - DOI: 10.1002/evan.22003.

26.Domjan, M. Thorndike's law of effect and its inconsistent description over the years / M. Domjan // Journal of the Experimental Analysis of Behavior. - 2026. - Vol. 125, № 1. - Art. e70073. - DOI: 10.1002/jeab.70073.

27. Xue, W. Unveiling the academic, sociocultural, and psychological adaptation challenges of Chinese international students in Malaysia: A systematic review / W. Xue, M. Kaur Mehar Singh // Journal of International Students. - 2025. - Vol. 15, № 2. - P. 69-86. - DOI: 10.32674/37286t88.

28. Eysenck, H. J. The Structure of Human Personality / H. J. Eysenck. - London : Routledge, 2013. - 500 p. - (Psychology Revivals).

29. Hartmann, H. Ego Psychology and the Problem of Adaptation / H. Hartmann. - [S. l.] : Creative Media Partners, 2021. - 144 p.

30. Piaget, J. The Psychology of Intelligence / J. Piaget. - London : Routledge, 2001.

31.Chirkov, V. Statistical positivism, psychoanalysis, and the theory of sociocultural models: A review of three approaches to acculturation / V. Chirkov // International Journal of Intercultural Relations. - 2024. - Vol. 101. - Art. 102009. - DOI: 10.1016/j.ijintrel.2024.102009.

32.Razgulin, J. The role of social support and sociocultural adjustment for international students' mental health / J. Razgulin, G. Argustaitė-Zailskienė, K. Šmigelskas // Scientific Reports. - 2023. - Vol. 13. - Art. 893. - DOI: 10.1038/s41598-022-27123-9.

33. Nazir, T. Adjustment challenges and coping strategies of Arab female international university students / T. Nazir, A. Özçiçek // Frontiers in Psychology. - 2023. - Vol. 14. - Art. 1125368. - DOI: 10.3389/fpsyg.2023.1125368.

34.Tatarko, A. Acculturation strategies and psychological adaptation of two generations of the same ethnic minority group in different sociopolitical contexts / A. Tatarko, J. W. Berry // International Journal of Intercultural Relations. - 2024. - Vol. 100. - Art. 101970. - DOI: 10.1016/j.ijintrel.2024.101970.

35.Социально-стратификационные процессы в Республике Тыва : монография / З. Т. Голенкова [и др.] ; отв. ред. З. Т. Голенкова, Ю. В. Голиусова, П. Е. Сушко. - М. ; Кызыл : ФНИСЦ РАН, 2020. - 128 с. - DOI: 10.19181/monogr.978-5-89697-332-4.2020.

36. Дробижева, Л. М. Социальная адаптация и межэтнические отношения / Л. М. Дробижева. - М. : ИЭА РАН, 2003. - 310 с.

37. Заславская, Т. И. Современное российское общество: социальный механизм трансформации : учеб. пособие / Т. И. Заславская. - М. : Дело, 2004. - 400 с.

38.Левада, Ю. А. Анализ общественного мнения / Ю. А. Левада. - М. : Наука, 2000. - 280 с.

39.Тихонова, Н. Е. Социальное неравенство и адаптация населения / Н. Е. Тихонова. - М. : Институт социологии РАН, 2006. - 312 с.

40.Лапин, Н. И. Социальная модернизация и адаптационные процессы / Н. И. Лапин. - М. : РОССПЭН, 2005. - 350 с.

41. Федотова, В. Г. Социальная философия и трансформации общества / В. Г. Федотова. - М. : Наука, 2001. - 410 с.

42. Штомпка, П. Социология социальных изменений / П. Штомпка ; пер. с англ. под ред. В. А. Ядова. - М. : Аспект Пресс, 1996. - 416 с.

43.Биекенов, К. У. К проблеме социальной адаптации иностранных студентов к условиям казахстанских вузов / К. У. Биекенов, Е. О. Ногайбаев // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. - 2012. - № 4 (43). - С. 35-39.

44. Мордвинцева, И. Ю. Проблемы социальной интеграции иностранных студентов в вузах Казахстана / И. Ю. Мордвинцева, А. А. Антонов // Вестник Dulaty University. - 2024. - № 3. - С. 74-83. - DOI: 10.55956/DGCW6417.

45. Бабахан, Ю. С. Основные психологические механизмы адаптации студентов к учебной деятельности / Ю. С. Бабахан // Психологический журнал. - 2003.

46. Тарабрина, Н. В. Психология посттравматического стресса: интегративный подход / Н. В. Тарабрина. - М. : Институт психологии РАН, 2009. - 304 с.

47. Ананьев, Б. Г. О проблемах современного человекознания / Б. Г. Ананьев. - 2-е изд. - СПб. : Питер, 2001. - 272 с.

48.Debevec, T. Defining adaptation within applied physiology - is there room for improvement? / T. Debevec, D. P. Longman, J. G. Bourgois // Frontiers in Physiology. - 2024. - Vol. 15. - Art. 1459026. - DOI: 10.3389/fphys.2024.1459026.

49.Unpacking and validating the "physiological adaptation" core concept of physiology / S. Estaphan, G. D. Wadley, G. Todd [et al.] // Advances in Physiology Education. - 2023. - Vol. 47, № 4. - P. 831-837. - DOI: 10.1152/advan.00083.2023.

50. Дружинин, В. Н. Экспериментальная психология : учебник для вузов / В. Н. Дружинин. - 2-е изд., доп. - СПб. : Питер, 2003. - 319 с.

51. Ямбург, Е. А. Управление развитием адаптивной школы / Е. А. Ямбург. - М. : ПЕР СЭ, 2004. - 384 с.

52.Лукьянова, И. П. Социально-психологическая адаптация студентов в образовательной среде / И. П. Лукьянова, О. С. Огнева. - М. : Педагогика, 2008. - 256 с.

53. Role of attachment style, acculturation orientation, and social support in the acculturation of international students in China / M. Luo, A. H. Ikram, X. Zhang [et al.] // International Journal of Intercultural Relations. - 2024. - Vol. 103. - Art. 102087. - DOI: 10.1016/j.ijintrel.2024.102087.

54. Межкультурная компетентность как предиктор адаптации иностранных студентов / В. В. Гриценко, О. Е. Хухлаев, Р. И. Зинурова [и др.] // Культурно-историческая психология. - 2021. - Т. 17, № 1. - С. 102-112. - DOI: 10.17759/chp.2021170114.

55.Витковская, М. И. Адаптация иностранных студентов к условиям жизни и учебы в России (на примере РУДН) / М. И. Витковская, И. В. Троцук // Вестник РУДН. - 2005. - № 6-7. - С. 267-283.

56.Максимова, Н. А. Сравнительный анализ компонентов академической адаптации студентов-иностранцев с разным уровнем адаптированности / Н. А.

Максимова, В. В. Константинов // Педагогика. Вопросы теории и практики. - 2024. - Т. 9, вып. 10. - С. 1027-1032. - DOI: 10.30853/ped20240130.

57.Горожанкин, А. А. Теоретическое обоснование модели социально-психологической адаптации иностранных студентов в контексте мотивации аффилиации / А. А. Горожанкин // Вестник университета. - 2025. - № 9. - С. 253-263. - DOI: 10.26425/1816-4277-2025-9-253-263.

58. Подпругина, В. В. Когнитивно-эмоциональные и мотивационно-волевые проявления личности иностранных студентов в период адаптации (на примере МГЛУ) / В. В. Подпругина // Вестник МГЛУ. Образование и педагогические науки. - 2024. - Вып. 2 (851). - С. 117-124.

59.Системный подход к педагогическому сопровождению адаптации иностранных студентов к социокультурной среде вуза / О. И. Башеров, И. В. Боговская, И. Н. Сведенцова, Н. С. Маршал

60.Максимова, Н. А. Взаимосвязь характеристик образовательной среды российского вуза и показателей академической адаптации иностранных студентов / Н. А. Максимова, В. В. Константинов // Педагогика. Вопросы теории и практики. - 2024. - Т. 9, вып. 12. DOI: 10.30853/ped20240152.

61. Sociocultural adaptation of international students from neighboring and distant countries: integrating analytical contexts / T. V. Chernikova, E. A. Sokalskiy, V. V. Boluchevskaya, O. I. Shutova // Education & Pedagogy Journal. - 2022. - № 2 (4). - P. 65-77. - DOI: 10.23951/2782-2575-2022-2-65-77.

62. Машенбаев, Т. Б. Қызметін жаңа бастаған ауыл мектебі мұғалімінің кәсіби бейімделуі - педагогикалық проблема : оқулық / Т. Б. Машенбаев. - Алматы : Ғылым, 2004. - 60 б.

63. Barker, M. J. International students and their adaptation to higher education: cultural and academic challenges / M. J. Barker // Journal of Studies in International Education. - 2007. - Vol. 11, № 3-4. - P. 315-333.

64. Моднов, С. И. Социально-психологическая адаптация студентов к условиям обучения в вузе / С. И. Моднов, Л. В. Ухов // Вестник высшей школы. - 2002. - № 4. - С. 58-63.

65.Изучение особенностей психофизиологической адаптации школьников к обновленной образовательной программе / М. Т. Иманалиева, А. С. Бакирова, А. Н. Қуат, М. К. Мурзахметова // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. - 2020. - Т. 62, № 1. - С. 147-156. - DOI: 10.26577/JES.2020.v62.i1.14.

66. Клюшникова, Е. В. Особенности адаптации первокурсников к образовательной среде университета / Е. В. Клюшникова // Вестник педагогических наук. - 2012. - № 3. - С. 55-61.

67. Санбаева, Б. Ж. Шетелдік студенттердің Қазақстандық жоғары оқу орнына бейімделуі / Б. Ж. Санбаева, К. А. Есенова // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. - 2023. - № 2 (143). - Б. 422-433. - DOI: 10.32523/2616-6895-2023-143-2-422-433.

68.Kim, Y. Y. Becoming Intercultural: An Integrative Theory of Communication and Cross-Cultural Adaptation / Y. Y. Kim. - Thousand Oaks, CA : SAGE Publications, 2001. - 321 p.

69. Education at a Glance 2021: OECD Indicators / OECD. - Paris : OECD Publishing, 2021. - DOI: 10.1787/b35a14e5-en.

70.Andrade, M. S. International students in English-speaking universities: Adjustment factors / M. S. Andrade // Journal of Research in International Education. - 2006. - Vol. 5, № 2. - P. 131-154. - DOI: 10.1177/1475240906065589.

71. Yang, R. P. J. Multiple routes to cross-cultural adaptation for international students: Mapping the paths between self-construals, English language confidence, and adjustment / R. P. J. Yang, K. A. Noels, K. D. Saumure // International Journal of Intercultural Relations. - 2006. - Vol. 30, № 4. - P. 487-506. - DOI: 10.1016/j.ijintrel.2005.11.010.

72. Smith, R. A. A review of the acculturation experiences of international students / R. A. Smith, N. G. Khawaja // International Journal of Intercultural Relations. - 2011. - Vol. 35, № 6. - P. 699-713. - DOI: 10.1016/j.ijintrel.2011.08.004.

73. Mapping global research related to international students: A scientometric review / X. Jing, R. Ghosh, Z. Sun, Q. Liu // Higher Education. - 2020. - Vol. 80, № 3. - P. 415-433. - DOI: 10.1007/s10734-019-00489-y.

74. Bretas, V. P. G. Franchising research on emerging markets: Bibliometric and content analyses / V. P. G. Bretas, I. Alon // Journal of Business Research. - 2021. - Vol. 133. - P. 51-65. - DOI: 10.1016/j.jbusres.2021.04.067.

75. Zupic, I. Bibliometric methods in management and organization / I. Zupic, T. Čater // Organizational Research Methods. - 2015. - Vol. 18, № 3. - P. 429-472. - DOI: 10.1177/1094428114562629.

76. Garfield, E. HistCite™: A software tool for informetric analysis of citation linkage / E. Garfield, S. W. Paris, W. G. Stock // Information - Wissenschaft und Praxis. - 2006. - Vol. 57, № 8. - P. 391-400.

77. Есекешова, М. Жүйелілік тұғырдың педагогикадағы орны / М. Есекешова, Г. Тулеуова // Problems of Engineering and Professional Education. – 2023. – Т. 71, № 4. – Б. 23–31. – DOI: 10.32523/2220-685X-2023-71-4-23-31.

78. Краевский, В. В. Педагогика и ее методология вчера и сегодня / В. В. Краевский // Педагогическая наука и ее методология в контексте современности : сб. науч. ст. / под ред. В. В. Краевского, В. М. Полонского. - М., 2001. - С. 6-29.

79. Таубаева, Ш. Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы : оқулық / Ш. Т. Таубаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 339 б.

80. Жұмабекова, Ф. Н. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері : оқу құралы / Ф. Н. Жұмабекова, Н. М. Нұрғазиева. - Алматы : Alem Book, 2022. - 160 б.

81. Тұрғынбаева, Б. А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында / Б. А. Тұрғынбаева. - Алматы : Полиграфия-сервис К°, 2012. - 316 б.

82.Загвязинский, В. И. Теория обучения: Современная интерпретация : учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. И. Загвязинский. - М. : Академия, 2001. - 192 с.

83. Ильясов, Д. Ф. Повышение квалификации руководителей образовательных учреждений: объективные и субъективные факторы в управлении / Д. Ф. Ильясов. - М. : ВЛАДОС, 2005. - 304 с.

84. Зимняя, И. А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата образования / И. А. Зимняя // Высшее образование сегодня. - 2003. - № 5. - С. 34-42.

85. Кузьмина, Н. В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения / Н. В. Кузьмина. - М. : Высшая школа, 1990. - 119 с.

86. Рыжаков, М. В. Компетентностный подход в образовании / М. В. Рыжаков. - М. : Просвещение, 2003. - 160 с.

87. Менлибекова, Г.Ж. Полипарадигмальный подход в социально-педагогической науке / Г.Ж. Менлибекова, С.Т. Иманбаева, Д.О. Базарбаев // ЦИТИСЭ [Электронный ресурс] : электрон. науч. журн. – 2016. – № 4(8).

88. Makhambetova, Zh.T. Professional Competences in the Context of Inclusive Education: A Model Design / Zh.T. Makhambetova, A.S. Magauova // European Journal of Educational Research. – 2023. – Vol. 12, № 1. – P. 201–211. – DOI: 10.12973/eu-jer.12.1.201.

89. Зотова, И. Н. Коммуникативная компетентность личности: структура и условия формирования / И. Н. Зотова // Психологический журнал. - 2005. - Т. 26, № 3. - С. 45-52.

90. Санбаева, Б. Ж. Қазақстандық ЖОО-да шетелдік студенттердің бейімделу ерекшелігі / Б. Ж. Санбаева, К. А. Есенова // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. - 2024. - № 1 (78). - Б. 141-152. - DOI: 10.26577/JES20247801012.

91.Пригожин, И. Порядок из хаоса: новый диалог человека с природой / И. Пригожин, И. Стенгерс. - М. : Едиториал УРСС, 2003. - 312 с.

92. Князева, Е. Н. Основания синергетики: человек, конструирующий себя и своё будущее / Е. Н. Князева, С. П. Курдюмов. - М. : КомКнига, 2006. - 272 с.

93.Haken, H. Information and Self-Organization II: Steady State and Phase Transition / H. Haken, J. Portugali // Entropy. - 2021. - Vol. 23, № 6. - Art. 707. - DOI: 10.3390/e23060707.

94. Баева, И. А. Психологическая безопасность в образовании : монография / И. А. Баева. - СПб. : Союз, 2002. - 271 с.

95. Мануйлов, Ю. С. Средовой подход в воспитании / Ю. С. Мануйлов. - 2-е изд., перераб. - М. ; Н. Новгород : Изд-во Волго-Вятской академии гос. службы, 2002. - 157 с.

96. Хмель, Н. Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса : учеб. пособие / Н. Д. Хмель. - Алматы : [баспасы ?], 2008. - 176 с.

97.Шетелдік азаматтарға арналған стипендиялық бағдарламалар [Электрондық ресурс] / Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі. - https://www.gov.kz/memleket/entities/sci?lang=kk (қаралған күні: 29.03.2026).

98. Organization of the biology lesson through the implementation of scaffolding methods in the technology of subject-language integrated learning / N. D. Kozhanova [et al.] // Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. - 2023. - - DOI: 10.32014/2023.2518-1467.541.

99.Chaiyasat, C. Experiencing semester abroad programs in a Thai higher educational institution: sociocultural adaptation and cultural challenges of German exchange students / C. Chaiyasat // Journal of Further and Higher Education. - 2024. - Vol. 48, № 2. - P. 125-138. - DOI: 10.1080/0309877X.2023.2299985.

100. Erturk, S. "I am not an Immigrant. I am an International Student": A Qualitative Study of Adaptation Experiences of Turkish International Students in Germany / S. Erturk, K. Oker, L. A. Nguyen Luu // Journal of International Students. - 2022. - Vol. 12, № 3. - P. 716-735. - DOI: 10.32674/jis.v12i3.3776.

101. Schmidt, L. Career Change of Young Talent and the Influence of Knowledge Transfer on Vocational Commitment: A Study of Hospitality Apprentices in Bavaria (Germany) / L. Schmidt, D. J. García-Almeida, C. Chang // Vocations and Learning. - 2022. - Vol. 15. - P. 261-283. - DOI: 10.1007/s12186-022-09287-7.

102.Stress, Coping, and Adjustment of International Students during COVID-19: A Quantitative Study / Y. Wu, Y. Ding, T. Ridgard [et al.] // Behavioral Sciences. - 2024. - Vol. 14, № 8. - Art. 663. - DOI: 10.3390/bs14080663.

103.Halpern, B. "We're Building Our Little International Community": A University-Sponsored Program for International Students / B. Halpern, C. Halpern, H. Aydin // Journal of Cultural Analysis and Social Change. - 2024. - Vol. 9, № 1. - Art. 04. - DOI: 10.20897/jcasc/14930.

104. Rusnac, S. Eficiența programului de intervenție psihosocială în adaptarea studenților internaționali / S. Rusnac, J. Khory // Psihologie. Revistă științifico-practică. - 2024. - Vol. 44, № 1. - P. 84-96. - DOI: 10.46728/pspj.2024.v44.i1.p84-96.

